

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ

ӘОЖ 349.6:502.14

Қолжазба құқығында

**АХМЕТ ҒАЛЫМЖАН БАУРЖАНҰЛЫ**

«Қазақстан Республикасында климатты қорғауды құқықтық қамтамасыз ету  
мәселелері»

8D04201 - Құқықтану

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:  
Философия докторы (PhD),  
қауымдастырылған профессор (доцент)  
Бекежанов Даурен Нуржанович

Шетелдік ғылыми кеңесші:  
Заң ғылымдарының докторы профессор,  
Лунева Елена Викторовна

Қазақстан Республикасы  
Талдықорған, 2026

## МАЗМҰНЫ

|                                                                                                                                                                                  |            |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| <b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>                                                                                                                                               | <b>3</b>   |
| <b>АНЫҚТАМАЛАР.....</b>                                                                                                                                                          | <b>4</b>   |
| <b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚARTУЛАР.....</b>                                                                                                                                          | <b>5</b>   |
| <b>КІРІСПЕ.....</b>                                                                                                                                                              | <b>6</b>   |
| <b>1 КЛИМАТТЫ ҚОРҒАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ-ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....</b>                                                                                                                  | <b>17</b>  |
| 1.1 Климаттың экологиялық құқықтық мәні мен мазмұны.....                                                                                                                         | 17         |
| 1.2 Қазақстан Республикасында климатты қорғаудың құқықтық қағидаларының мәні.....                                                                                                | 31         |
| 1.3 Қазақстан Республикасы климатты қорғау заңнамасының қалыптасуы мен дамуы.....                                                                                                | 42         |
| 1.4 Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына халықаралық климаттық міндеттемелерді имплементациялаудың құқықтық тетіктері мен мәселелері.....                                | 56         |
| <b>2 КЛИМАТТЫ ҚОРҒАУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК -ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕТІКТЕРІ.....</b>                                                                                                                 | <b>69</b>  |
| 2.1 Климатты қорғауды мемлекеттік реттеудің түсінігі мен бағытары.....                                                                                                           | 69         |
| 2.2 Қазақстан Республикасы климатты қорғау саласындағы мемлекеттік органдардың жүйесі мен қызметі.....                                                                           | 80         |
| 2.3 Климатты қорғаудың құқықтық модельдерінің мәселелері.....                                                                                                                    | 93         |
| 2.4 Қазақстан Республикасының климаттық міндеттемелерін орындауда көміртегі нарығын құқықтық реттеу мәселелері.....                                                              | 114        |
| <b>3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДА КЛИМАТТЫ ҚОРҒАУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МЕН ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ЗАҢНАМАСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ.....</b> | <b>121</b> |
| 3.1 Климатты қорғау саласындағы шет мемлекеттердің заңнамалары мен тәжірибелеріне салыстырмалы талдау.....                                                                       | 121        |
| 3.2 Климаттық қорғаудағы цифрлық трансформация және жасанды интеллект технологияларының рөлі мен тиімділігі.....                                                                 | 133        |
| <b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>                                                                                                                                                            | <b>146</b> |
| <b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>                                                                                                                                      | <b>154</b> |

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

«Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 26 наурыздағы N 144-IV Заңы;

«Париж келісімін ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 4 қарашадағы № 20-VI Заңы;

«Климаттың өзгеруіне жаһандық ден қоюға Қазақстан Республикасының жаңартылған ұлттық үлесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 19 сәуірдегі № 313 қаулысы;

«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау және электр энергетикасы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» : Қазақстан Республикасының Заңы;

«Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 ақпандағы № 121 Жарлығы;

«Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығы;

«2023 жылға арналған қоршаған ортаның жай-күйі және Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын пайдалану туралы» Ұлттық баяндама;

Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі. 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 255-VIII ҚРЗ.

## **АНЫҚТАМАЛАР**

**Бейімделу** - табиғи процестердің нәтижесінде орын алған климаттық өзгерістерді қоғамның бейімделуін қамтамасыз етуге бағытталған іс шаралар жүйесі;

**Климатты қорғау** - климат жүйесіне негативті антропогендік ықпалды азайту, шектеу, алдын алуға, парниктік газдардың көлемін азайтуға, климаттық өзгерістердің салдарына бейімделу мен оларды жұмсартуға бағытталған мемлекеттің экологиялық қауіпсіздігін және орнықты дамуды көздейтін ұлттық заңнама мен халықаралық актілерде бекітілген қағидалар, нормалар, институттар мен ережелер жүйесінен тұратын құқық қолдану қызметі;

**Климатты қорғаудың экономикалық моделі** – бұл қоршаған ортаны қорғау мен экономикалық өсімді теңестіруге бағытталған саясат, нарықтық механизмдер және қаржылық құралдар жиынтығы;

**Климатты қорғаудың стратегиялық жоспарлау моделі** - бұл ұзақ мерзімді, жүйелі және нәтижеге бағытталған басқару үдерісі;

**Көміртегі офсеті** - Қазақстан Республикасында экономиканың кез келген секторында парниктік газдардың шығарылуын қысқартуға және парниктік газдардың сіңірілуін ұлғайтуға бағытталған қызметті немесе қызмет түрлерін жүзеге асыру нәтижесінде қол жеткізілген парниктік газдардың шығарылуын қысқарту және (немесе) парниктік газдардың сіңірілуін ұлғайту;

**Қоршаған ортаны қорғаудың ұйымдық-құқықтық механизмі** - қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты туындайтын қоғамдық экологиялық қатынастар саласында мемлекеттік атқарушы органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін ұйымдастыру және үйлестіру механизмі;

**Халықаралық климаттық міндеттемелерді имплементациялау** - қоршаған ортаны қорғау мен климаттық жүктемені бәсеңдету, парниктік газдар шығындыларын азайту, бейтарапты көміртек экономикасы мен орнықты дамуды мақсат тұтатын халықаралық құқық нормаларын және қағидаларын, нормативтік құқықтық актілер қабылдау, стратегиялық бағдарламалар бекіту, ұлттық жүйеге енгізудің өзге де тетіктерін жасақтау арқылы жүзеге асырылатын құқықтық және институционалдық қызмет;

**Цифрлық экожүйе** - компанияның өзіндік және серіктес қызметтері ұсынылатын үздіксіз сандық орта.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

**АҚШ** – Америка Құрама Штаттары

**АХҚО** - Астана халықаралық қаржы орталығы

**ӘҚБтК** - Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі

**БАҚ** – Бұқаралық ақпарат құралдары

**БҰҰ** – Біріккен Ұлттар Ұйымы

**БҰҰДБ** – Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы

**ГФР** - Германия Федеративтік Республикасы

**ЕО** - Еуропалық Одақ

**ЕАЭО** – Еуразиялық Экономикалық Одақ

**ЖИ** - Жасанды интеллект

**ЖЭК** - Жаңартылатын энергия көздері

**ҚР** – Қазақстан Республикасы

**ҚХР** - Қытай Халық Республикасы

**ҚОӘБ** - Қоршаған ортаға әсерді бағалау

**ҰАҰ** - Ұлттық деңгейде айқындалатын үлестер

**ҰБЖ** - Ұлттық бейімделу жоспары

**ҰДРК** - Қытайдың Ұлттық даму және реформалар жөніндегі комиссиясы

**ПГ** - Парниктік газдар

**РҒА** – Ресей Ғылым Академиясы

**ТДМ** – Тұрақты даму мақсаттары

**ТМД** – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

**ШЫҰ** - Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы

**DG CLIMA** (The Directorate-General for Climate Action) - Еуропалық Комиссияның Климат бойынша Бас Дирекциясы

**DCSEEW** (Department of Climate Change, Energy, the Environment and Water) - Австралиядағы климаттың өзгеруі, энергетика, қоршаған орта және су ресурстары департаменті

**INDC** (Intended Nationally Determined Contributions) – Парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша жоспарланған ұлттық анықталған үлестері

**NCQG** (New Collective Quantified Goal) - Климатты қаржыландырудың жаңа Ұжымдық сандық мақсаты

**UNEP** – (United Nations Environment Programme) - БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасы

**UNFCCC** (United Nations Framework Convention on Climate Change) - Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі жөніндегі негіздемелік конвенциясы

**UBA** (Umweltbundesamt) - Германияның Қоршаған ортаны қорғау Агенттігі

**WWAP** – (World Water Assessment Programme) - Дүниежүзілік суды бағалау бағдарламасы

## **КІРІСПЕ**

### **Зерттеудің жалпы сипаттамасы.**

Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасында климатты қорғаудың теориялық құқықтық мәселелерін, мемлекеттік құқықтық тетіктері мен цифрлық трансформациясы жағдайында климатты қорғауды құқықтық реттеу, климатты қорғау бойынша шет мемлекеттерінің заңнамасы мен тәжірибесіне салыстырмалы талдау жасауға бағытталған жұмыс болып табылады.

Зерттеуде климаттың экологиялық құқықтық мәні мен мазмұны және құқықтық қағидалары, Қазақстан Республикасындағы климатты қорғау заңнамасының қалыптасуы мен дамуы, ұлттық заңнамаға халықаралық климаттық міндеттемелерді имплементациялаудың тетіктері мен мәселелері қарастырылған. Климатты қорғаудың мемлекеттік құқықтық тетіктері, Қазақстан Республикасында климатты қорғау саласындағы мемлекеттік органдардың жүйесі мен қызметі, климатты қорғаудың құқықтық модельдері мен климаттық міндеттемелерді орындауда көміртегі нарығының мәселелері зерттелген. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы цифрлық трансформациясы жағдайында климатты қорғауды құқықтық реттеу мен шет мемлекеттерінің заңнамасы мен тәжірибесіне салыстырмалы талдау жасалынып, Қазақстан Республикасының климаттық заңнамасын жетілдіру бойынша қорытындылар мен ұсыныстар келтірілді.

### **Зерттеу тақырыбының өзектілігі.**

Заманауи жағдайда климаттық өзгерістер адамзат алдында тұрған аса маңызды және күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Ғаламдық жылынулардың орын алуы, табиғи экожүйелердің тозуы, атмосфералық ауаның ластануы, мұздықтардың еруі мен табиғи апаттар, су ресурстарының азаюы, мемлекет арасындағы қақтығыстар орнықты даму жағдайында адамның өмір сүру сапасына елеулі зардабын тигізіп отырғаны мәлім.

Адамзаттың қоршаған ортаға антропогендік ықпалының күн сайын артып отыруы мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге деген қажеттілік климатты қорғауды құқықтық реттеудің тиімді тетіктерін ұсынудың ерекше маңыздылығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасында климатты қорғау мәселесі ерекше маңызды. Еліміздің географиялық орналасуы мен климаттық ерекшеліктері, экономикалық әлеуеттің табиғи ресурстарға тәуелділігі, экожүйенің климаттық өзгерістерге байланысы мемлекетте климатты қорғаудың тиімді саясатын қолдану қажеттігін негіздейді. Осы ретте климатты қорғаудың нормативтік құқықтық тетіктерінің болуы мен оларды жетілдіру басты назарда болу керек. Климатты қорғауды құқықтық қамтамасыз ету ең алдымен Қазақстан Республикасының халықаралық климаттық міндеттемелерін орындау мен халықтың өмір сүру сапасының жақсартуын қамтамасыз ету үшін қажет. Осы уақытқа дейін климаттық мәселелер халықаралық құқық деңгейі мен стратегиялық құжаттар қабылдау аясында

талқыланып келген. Бакуде өткен әлемдік климаттық саммитте мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінің басында Қазақстанның жаһандық климаттық күн тәртібіне бейімділігін растап, климаттың өзгеруіне қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті. Ол форум қатысушыларына еліміздің 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізудегі өршіл мақсаты туралы еске салды. Мемлекет басшысы алға қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін болжамды қаржыландыру мен заманауи технологияларға қол жеткізу өте маңызды екенін атап өтті. Ол климатты қаржыландырудың жаңа Ұжымдық сандық мақсаты (NCQG) аясында Климаттың өзгеруіне ең осал аймақтарға, соның ішінде теңізге шыға алмайтын дамушы елдерге ерекше назар аудару керек деп мәлімдеді [1].

ҚР Конституциясының преамбуласында Қазақстан халқы табиғатты аялау керектігін мойындайтынын атап өтіліп, ал 37- бабына сәйкес, адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғауды мемлекет мақсат етеді деп бекітілген. Конституцияда мұндай норманы негізгі норма ретінде қарастыру ең алдымен орнықты дамуға көшуді қамтамасыз ету мен халықтың қолайлы және сапалы өмір сүруіне негіз жасауға бағытталған фундаменталды шешім болды [2].

2009 жылы 26 наурызда БҰҰ-ның климат өзгерістері жөніндегі негіздемелік Конвенциясына Киото хаттамасын ратификациялау туралы нормативтік құқықтық актісі қабылданды. Бұл заң актісінің қабылдануы Қазақстан Республикасының климаттық проблемаларды тез арада шешудің маңыздылығын түсіне отырып жасалынған шешім болды. Аталған хаттаманың ратификациялануы парниктік газдар шығындыларын есепке алу, оларға бақылау жасау, жалпы климаттық институционалдық құрылымның қалыптасуына елеулі ықпал етті. Осылайша, заң актісі көміртектік бейтараптылықты сақтау мен Париж келісіміне қосылудың алғашқы құқықтық тетігі ретінде қызметін атқарды. [3].

Қазақстан Республикасында климатты қорғауды құқықтық реттеудің өзектілігін айқындайтын тағы бір дерек, ол Қазақстан Республикасы Париж келісімін 2016 жылы 4 қарашада ратификациялап, 2016 жылы 6 желтоқсанында аталған құжат заңи күшіне енуі. Париж келісімін ратификациялау ұлттық климаттық заңнаманың дамуына елеулі түрткі болды [4]. Негізгі идея Қазақстан Республикасы Климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ Қауіпсіздік жүйесімен жүргізілетін келіссөздер процесін қабылдап, – жаһандық температураның 2°C-тан аспауын қамтамасыз етуге қол жеткізу. Келісім бойынша Қазақстан Республикасы жоспарланған ұлттық анықталған үлестерді (INDC) хабарлағысы келеді және 1990 жылмен салыстырғанда 2030 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларын экономика бойынша 15–25 %-ға азайту мақсатын көздейді.

Ал Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Даму жоспарында климатты қорғау мәселелері орнықты экономикалық өсімді қамтамасыз ету,

экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен мемлекеттің климаттық міндеттемелерін орындау мәселелері тікелей бекітілді [5].

Париж конвенциясына қосылу мен міндеттемелерді алу 2017 жылы Астана қаласында өткен «Экспо - 2017» көрмесі аясында одан әрі идеологиялық тұрғыдан бекітілді. «Болашақтың энергиясы» идеясымен өткен көрмеде жаңартылатын экоэнергия көздерін пайдалану, парниктік газдар шығындыларының көлемін азайту, энергияда дамыған технологияларды пайдалану үрдісін қолдау Париж конвенциясының идеяларымен сәйкес келді [6].

Климатты қорғауды құқықтық реттеу тақырыбы кешенді және халықаралық сипатқа ие тақырып болып табылғандықтан жан-жақты қарастырылуы тиіс. Климатты қорғауға бағытталған негізгі халықаралық акт ол Париж келісімі болып табылады [7]. Қазақстан Республикасының халықаралық климаттық саясатта аса белсенді болып маңызды міндеттемелерді алғанымен, климатты қорғаудың ұйымдастырушылық құқықтық тетіктерін жетілдіру қажеттіліктері туындап отыр. Атап айтқанда, ең алдымен климатты құқықтық категория ретінде қарастырып оның әрі қарай жетілдірудің бастапқы тетіктерін ұсыну, климатты қорғаудың институционалдық құрылымдарын дамыту, шет мемлекеттерінің тәжірибесін зерттеу негізінде ұлттық климаттық заңнаманы жетілдіру тетіктерін жасақтау қажеттілігі бар. Сол себептен де, климатты қорғаудың құқықтық теориялық және тәжірибелік мәселелерін шет мемлекеттерінің тәжірибесіне негізделе отырып жан жақты және кешенді зерттеу өзекті тақырыптар санатына жатқызылады.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Климатты қорғауды құқықтық реттеу мәселесі кең тұрғыдан зерттелмеген тақырыптар санатына жатады. Дегенмен де, зерттеу тақырыбымыз отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерінде жанама түрде қарастырылған. Ол еңбектер зерттеу жұмысымызды жүзеге асыру барысында шешімі табылмаған ғылыми мәселелер шеңберін анықтауға септігін тигізді.

Ресейлік ғалым Д.И. Гарафованың «Сохранение климата Земли: международно-правовое регулирование и особенности имплементации в национальном законодательстве отдельных государств» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында климатты қорғаудың халықаралық құқықтық жүйесіне зерттеу жасалынған. Автор климаттық ұйымдардың қызметіне талдау жасайды, климаттық өзгерістерге күреске бағытталған негізгі халықаралық құқықтық актілерге зерттеу жүргізеді. Зерттеуде климаттық міндеттемелерді орындаудың басты алғы шарты оны ұлттық заңнамаға имплементациялау деңгейіне байланысты екені дәлелденеді. Ол үшін мемлекеттік саясат, арнайы мемлекеттік орган мен тиімді құқықтық құралдар керектігін жазады [8].

Р.В. Никоновтің «Правовое регулирование предупреждения изменения климата в России и зарубежных странах» тақырыбындағы диссертациясы климаттық өзгерістердің алдын алу мен алдыңғы қатарлы мемлекеттердің

тәжірибесіне талдау жасауға бағытталған. Жұмыстың негізгі идеялары ретінде климатты реттеудің халықаралық жүйесін енгізу, әр мемлекеттің өзіндік ұлттық моделі болатынын негіздеу, институционалдық және құқықтық құралдар негізгі әдістердің бірі болатыны дәлелденді [9].

В.А. Семенехинаның диссертациясы климатты қорғау саласындағы халықаралық және ұлттық құқықтық реттеудің негізгі жетістіктерін талдауға бағытталған. Қарастыратын сұрақтар қатарына озон қабаты мен климатты қорғау мәселелері жөніндегі халықаралық келісімдер негізінде әзірленген халықаралық-құқықтық қағидаттар жүйесі, халықаралық немесе ұлттық заңнамада көзделетін және субъектілердің қалаулы іс әрекетін ынталандыру үшін қолданылуы мүмкін құқықтық ықпал ету әдістері мен тетіктерінің кешені, сондай-ақ жекелеген елдердің мысалында қолда бар тәжірибені ескере отырып, олардың тиімділігіне зерттеу жасалынады [10].

Д. Дженнидің *The Use of Human Rights Law in Climate Change Litigation An Inquiry into the Human Rights Obligations of States in the Context of Climate Change; and the Use of Human Rights Law in Urgenda and Other Climate Case* тақырыбындағы еңбегінде климаттық өзгерістерге қатысты мемлекеттің халықаралық міндеттемелерінің орындалмауы салдарынан адамның құқықтары мен бостандықтарына келтірілген зардаптарды өтеуді соттық тәжірибесінде зерттелінеді [11].

Ж.Б. Умбетбаеваның диссертациялық жұмысында атмосфералық ауаны қорғауды құқықтық қамтамасыз етудің халықаралық құқықтық реттелуі мен оның ұлттық заңнамада бекітілуі зерттелді [12].

Ұсынылып отырған жұмыстың аталған жұмыстан негізгі ерекшелігі климаттық құқықтық қорғауды қамтамасыз ету барысында туындайтын қатынастарды тікелей зерттеу объектісі ретінде қарастырылуында. Ал Ж.Б. Умбетбаеваның зерттеулері атмосфералық ауаны құқықтық қорғауды зерттеуге бағытталған. Дегенмен де, климатты қорғауды халықаралық тетіктерін бір бөлім ретінде қарастырған.

Қазақстандық ғалым А.Т. Утеповтың «Развитие экосистемного подхода при принятии управленческих решений в Республике Казахстан» атты еңбегі Табиғи ресурстарды басқару және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік институттардың қызметін зерттеу жүйелік мәселелерді, олардың ішінде жоғары қол жетімділіктің ауылшаруашылық өндірісінің, табиғи-климаттық тәуекелдермен қатар экологиялық тәуекелдерді зерттеуге бағытталды [13].

Р. Ережепқызының «Правовое регулирование доступа общественности к информации в сфере охраны окружающей среды и использования природных ресурсов (сравнительный анализ международного и национального законодательства)» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі осы зерттеуге жанама қатысы бар. Себебі, климаттық жағдай жөніндегі ақпараттар қоршаған ортаны қорғау ақпараттарының бір бөлігі болып табылады [14].

Қазақстан Республикасы климаттық қорғау саласындағы заңнаманың қалыптасуы мен дамуын зерттеуде А.Ж. Нурутдинованың «Проблемы формирования и развития экологического законодательства Республики Казахстан» тақырыбындағы диссертациясына сілтемелер жасалынды. Бұл еңбек экологиялық заңнаманың қалыптасуы мен дамуына талдау жасауға бағытталған [15].

Сонымен ұсынылып отырған диссертациялық зерттеудің жоғарыда аталған еңбектерден басты ерекшелігі Қазақстан Республикасы жағдайында климатты қорғаудың теориялық құқықтық және тәжірибелік тетіктері мен халықаралық тәжірибесіне зерттеулер жасау негізінде ұсыныстар мен құқықтық тетікті жетілдіру жолдарын ұсынудан тұрады.

**Зерттеу объектісі.** Зерттеу объектісі болып климаттық өзгерістер салдарынан келтірілген зардаптын көлемін азайтуға, климаттық өзгерістерге бейімделуге, халықаралық климаттық міндеттемелерді орындау мен мемлекетті климаттық стратегияларды жүзеге асыру барысында туындайтын қоғамдық қатынастар.

**Зерттеу пәні.** Ұлттық және халықаралық заңнамада бекітілген, климаттық өзгерістердің алдын алу мен бейімделуді, климаттық стратегиялар мен міндеттемелерді, климатты қорғау бойынша халықаралық және отандық субъектілерінің мінез құлқын реттеуге бағытталған нормалар, тетіктер мен қағидалар жүйесі.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.**

Диссертациялық зерттеудің мақсаты болып климатты қорғаудың теориялық құқықтық және тәжірибелік мәселелеріне кешенді талдау жүргізу мен ұлттық заңнаманы жетілдіруде ұсыныстар жасау болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады:

- климаттың экологиялық құқықтық мәні мен мазмұнына зерттеу жүргізу;
- Қазақстан Республикасында климатты қорғаудың құқықтық қағидаларының мәнін анықтау;
- Қазақстан Республикасы климатты қорғау заңнамасының қалыптасуы мен дамуын талдау;
- Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына халықаралық климаттық міндеттемелерді имплементациялаудың құқықтық тетіктері мен мәселелерін зерттеу;
- климатты қорғауды мемлекеттік реттеудің түсінігі мен бағытарын анықтау;
- Қазақстан Республикасы климатты қорғау саласындағы мемлекеттік органдардың жүйесі мен қызметін қарастыру;
- климатты қорғаудың құқықтық модельдерінің мәселелеріне талдау жүргізу;
- Қазақстан Республикасының климаттық міндеттемелерін орындауда көміртегі нарығын құқықтық реттеу мәселелерін зерделеу;

- климатты қорғау саласындағы шет мемлекеттердің заңнамалары мен тәжірибелеріне салыстырмалы талдау жүргізу;

- климаттық қорғаудағы цифрлық трансформация және жасанды интеллект технологияларының рөлі мен тиімділігін анықтау.

**Диссертациялық зерттеудің әдістемелік негіздері.** Диссертациялық зерттеудің әдістемелік негізі климатты қорғауды құқықтық қамтамасыз етуде қолданылған ғылыми әдістер мен қағидалардың жүйесі құрайды. Әдістердің кешенді жүйесін қолдану зерттеу тақырыбының мазмұнын ашуға, климаттық саясатты құқықтық реттеу ерекшеліктерін, заңнаманың негізгі бағыттары мен кемшіліктерін анықтауға септігін тигізді. Диссертациялық зерттеудің бірінші бөлімінде, яғни климаттың экологиялық құқықтық мәні мен мазмұнына зерттеу жүргізу мен Қазақстан Республикасында климатты қорғаудың құқықтық қағидаларының мәнін анықтауда қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін жалпы ғылыми және арнайы танымдық әдістер, формальды-зани, және логикалық әдістер кеңінен қолданылды. Ол әдістерді қолданудың басты мақсаты зерттеу объектісіне қатысты жаңа мәселелерді анықтау, климатты экологиялық құқықтық категория ретінде анықтау мен оның теориялық мәселелерін жетілдіру бойынша қорытындылар келтіру болды. Қазақстан Республикасы климатты қорғау заңнамасының қалыптасуы мен дамуын талдау және Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына халықаралық климаттық міндеттемелерді имплементациялаудың құқықтық тетіктері мен мәселелерін зерттеу барысында тарихи құқықтық әдістер, салыстырмалы құқықтық әдістер, логикалық соның ішінде, жекеден жалпыға өту, индукция, дедукция және аналогия әдістерін қолдану арқылы Қазақстан Республикасы климатты қорғау заңнамасының қалыптасуы мен даму кезеңдерін анықтауға және соған қатысты теориялық тұжырымдар келтіруге және Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына халықаралық климаттық міндеттемелерді имплементациялау теориясы мен тәжірибелік мәселелеріне қатысты қорытындылар жасауға ықпал етті. Климатты қорғауды мемлекеттік құқықтық реттеу бөлімінде формальді логикалық, модельдеу, танымдық, салыстырмалы-құқықтық, құқықтық нормаларды талдау әдістеріне басымдық беру арқылы климатты қорғауды мемлекеттік құқықтық тетіктерінің осы уақытқа дейін ғылымда орын алмаған жаңаша тұжырымдар мен идеяларды жасауға және климаттық құқық теорияын жетілдіруге қатысты ұсыныстар әзірленді. Ал Қазақстан Республикасы цифрлық трансформациясы жағдайында климатты қорғауды құқықтық реттеу мен шет мемлекеттерінің заңнамасы мен тәжірибесіне салыстырмалы талдау бөлімін жазу барысында диалектикалық әдіс, жүйелеу, салытырмалы құқықтық әдістер, формальды зани әдістер, тарихи -құқықтық, және талдау әдістері кеңінен қолданысқа ие болды.

**Диссертациялық зерттеудің теориялық негізі.** Диссертациялық зерттеудің теориялық негізін жалпы құқық теориясы, конституциялық құқық, халықаралық құқық, халықаралық экологиялық құқық, экологиялық құқық, су құқығы, бойынша ғалымдардың еңбектерінің тізімдемесінен тұрады.

Климатты қорғауды құқықтық қамтамасыз ету мәселелері жанама немесе тікелей түрде Д.Л. Байдельдинов, Л.К. Еркинбаева, А.А. Мукашева, С.Ж. Бекишева, С.Ж. Сулейменова, С.Т. Культелеев, Г.Т. Айгаринова, Б.Ж. Абдраимов, К.А. Шайбеков, Р. Ережепқызы, Д. Нұрмұханқызы, Д.Н. Бекежанов, Г.Б. Телеуев, А.Т. Өзенбаева, Ж.Б. Умбетбаева, А.А. Нукушева, Т.С. Смағұлова, Д.Қ. Рүстембекова, А. Әбдіжамин, Д. Рүстембекова, А.Т. Омарова, Б.К. Джазыкбаева, Е.Д. Орынбасарова, О. Алланазарова, А. Нурыева, Д. Атабердиев, А.С. Кошкинбаева, Л.Ч. Сыдыкова, Р.А. Таубаева, А.Р. Рыскулова, М.З. Сарсенбаева, Т.Б. Жумагуловтың еңбектерінде қарастырылған.

Келесі шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасалынды: Д.И. Гарафова, Р.В. Никонов, В.А. Семенихина, Д. Дженни, М. Аданей, Д.А. Щеглов, В.К. Быковский, Е.В. Грицкевич, О.Р. Саркисов, А.Э. Маякунов, И.А. Умнова-Конюхова, Ч.В. Карлос, Д. Богданский, К. Перри, Т. Никсон, К. Старр, Т. Грэбиел, С. Геогеган, Б. Портер, Ю. Ким, К. Танака, С. Мацуока, Б. Кристоф, А. А. Помелова, А. Д. Вирт, К.Г. Лаптева, С. Могилюк, Т.И. Курносова, А.П. Гетьман, А. Приянти, Х. Ду, Д.Л.Т. Хеггер, П.П.Й. Дриссен, Х.Ф.М.В. ван Рейсвик, М. Скоун, Х.К. Гилиссен, Н.Н. Заболотнев, О.Л. Дубовик, Е.А. Парасюк, О.В. Григораш, Ю.П. Степура, Р.А. Сулейманов, Н.А. Климов, М.А. Вакула, Д.А. Добряков, Т.Ф. Минязева, А.И. Авдеева, Н.Г. Жаворонкова, Ю.Г. Шпаковский, С.С. Беликова, А.В. Беликов.

**Диссертациялық зерттеудің нормативтік базасы.** Диссертациялық зерттеудің нормативтік базасын климатты қорғауды құқықтық қамтамасыз ету қатынастарын реттейтін халақаралық құқықтық актілер, мемлекетімізде ратификацияланған конвенциялар мен халықаралық келісімшарттар, ұлттық заңнама, осы мәселе бойынша шет мемлекеттерінің заңнамасы мен өзгеде құқықтық актілер құрайды.

**Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеудің негізгі ғылыми жаңалығы ең алғашқы мемлекеттік тілде орындалған, климатты қорғау бойынша ұлттық заңнама мен тәжірибені жетілдіруге бағытталған теориялық және тәжірибелік ұсыныстар мен тұжырымдар әзірлеуден тұратын кешенді еңбек болғандығымен расталады.

Диссертациялық зерттеуде ең алғашқы рет Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі үшін климаттың экологиялық құқықтық мәні мен мазмұнына зерттеу жүргізіліп, оның құқықтық қағидаларына талдау жасалынды. Бұл бағыттағы негізгі мақсат климатты құқықтық категория ретінде анықтауға талпыныстың болуымен түсіндіріледі. Нәтижесінде отандық климаттық құқықтың дамуына септігін тигізетін теориялық қорытындылар мен тұжырымдар жасалынды.

Қазақстан Республикасы климатты қорғау заңнамасының қалыптасуы мен дамуын талдау мен Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына халықаралық климаттық міндеттемелерді имплементациялаудың құқықтық

тетіктері мен мәселелерін зерттеу нәтижесінде Қазақстан Республикасының осы салада заңнамасының ерекшеліктерін айқындалып даму болашақтары болжанды.

Климатты қорғаудың мемлекеттік құқықтық тетігі бөлімінде климатты қорғаудың мемлекеттік институциялық құрылымының жетілдіру жолдары ұсынылды. Осы саладағы уәкілетті мемлекеттік органның қызметіне талдау жасалынып оны жетілдірудің жаңаша тетіктері ұсынылды.

Қазақстан Республикасы цифрлық трансформациясы жағдайында климатты қорғауды құқықтық реттеу мен шет мемлекеттерінің заңнамасы мен тәжірибесіне салыстырмалы талдау бөлімінің жаңалығы климатты қорғау бойынша ұлттық заңнаманы жетілдіру тетіктерін ұсынудан көрініс табады.

### **Қорғауға ұсынылатын ережелер.**

1) Құқықтық сипаттағы климат дегеніміз ол экологиялық қауіпсіздік пен орнықты дамудың негізі бола тұра белгілі бір аумақта не болмаса ғаламдық деңгейде қалыптасатын атмосфералық, геофизикалық және биосфералық үдерістердің ұзақ мерзімді жиынтығы болып саналатын, адам өмірі мен денсаулығына, табиғатты пайдалану тәртіптеріне әлеуметтік - экономикалық дамуға әсер ететін, шығу тегінің ерекшеліктері бар, әмбебап ғаламдық сипатқа ие, адамзаттың ықпалына тәуелді, күрделі әрі кешенді категория болып табылады. Ал климатты қорғау дегеніміз климат жүйесіне негативті антропогендік ықпалды азайту, шектеу, алдын алуға, парниктік газдардың көлемін азайтуға, климаттық өзгерістердің салдарына бейімделу мен оларды жұмсартуға бағытталған мемлекеттің экологиялық қауіпсіздігін және орнықты дамуды көздейтін ұлттық заңнама мен халықаралық актілерде бекітілген қағидалар, нормалар, институттар мен ережелер жүйесінен тұратын құқық қолдану қызметі.

2) Қазақстан Республикасы климатты қорғаудың құқықтық қағидалары деп - ҚР-ның климаттық халықаралық климаттық міндеттемелерін орындауды көздейтін, климаттық өзгертулердің алдын алу, жұмсарту және климаттық өзгерістерге бейімделу шараларын қамтитын, ҚР экологиялық құқығы қағидаларымен сабақтас болатын, халықаралық актілерге негізделген бастапқы және негізгі фундаменталдық ережелердің жиынтығын айтамыз. Жасаланған зерттеулерден негізінде климатты қорғаудың құқықтық қағидаларының белгілерін анықтауға болады:

Климатты қорғауды құқықтық реттеуде келесі қағидалар басшылыққа алынуы тиіс:

- Интегративтік климаттық өзгерістердің міндетті орын алуы қағидасы.
- Алдын алу мен бейімделу теңгерімін сақтау қағидасы.
- Сараланған климаттық жауапкершілік қағидасы.
- Климаттық реттеулердің ғылыми дәлелдігі қағидасы.
- Экологиялық қауіпсіздік пен орнықты климаттық даму қағидасы.
- Климаттық мәселелерде ашықтық қағидасы.
- Бейтарап көміртектік экономикаға басымдық беру қағидасы.

3) Қазақстан Республикасы климатты қорғау заңнамасының қалыптасуы мен дамуы тарихи даму ерекшеліктеріне қарай. Халықаралық құқықта климаттық заңнаманың қалыптасу кезеңдері және Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған уақыттан кейінгі климаттық заңнаманың қалыптасу кезеңдері деп бөліп қарастыру ұсынылады.

Халықаралық құқықта климаттық заңнаманың қалыптасуы келесі кезеңдерді қамтиды:

- 1985 жылға дейінгі уақыт аралығы. Аталған кезеңде климатты құқықтық қорғау мәселесі тек ғылыми талқылаулар деңгейінде ғана қалыптасып дамып отырды.

- 1985-1988 жылдар аралығында климаттық өзгерістер мәселесі халықаралық күн тәртібіне айналған кезең.

- 1988-1990 жылдар аралығы халықаралық ресми келіссөздер кезеңі. Климатты өзгерістерге қарсы күрес саяси сипат ала бастаған кезең.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының климатты қорғау заңнамасының қалыптасу кезеңдері:

- 1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың Өзгеруі Туралы Негіздемелік Конвенциясын қабылдаумен байланысты.

- 1997–2005 жылдары Киото хаттамасын іске асыруға қатысты ережелер мен келісімдерді әзірлеу.

- 2012–2016 жылдары Париж келісімін қабылдауға дайындау, қабылдау және күшіне ену кезеңі.

- 2016 жылдан бастап қазіргі уақыт аралығында. Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына халықаралық климаттық міндеттемелерін имплементациялаудағы белсенділік кезеңі деп аталады.

4) Климатты қорғауды мемлекеттік реттеу тетігінде құқықтық нысаны негізгі қызметті атқарады. Қазақстан Республикасы климатты қорғауды мемлекеттік реттеуінің нормативтік нысандары, Қазақстан Республикасының конституциясы, экология кодексі, парниктік газдар шығындарын реттеу актілері, квоталау жүйесі, көміртектік бірліктерді саудалау мен климаттық өзгерістерге бейімделу жөніндегі және басқа да актілер құрайды.

Климатты қорғауды мемлекеттік реттеудің келесі бағыттары ұсынылады:

- Парниктік газдар шығындыларын азайту мен климаттық өзгерістерге бейімделуді бекітетін нормативтік құқықтық негізді жетілдіру;

- декорбонизациялау мен көміртектік бейтараптықты қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық жоспарлау мен бағдарламалық негіздер қабылдау;

- климаттық өзгерістердің алдын алу мен ол өзгерістерге бейімделудің кезеңдерін ынталандыратын экономикалық құралдар қолдану;

- климаттық тәуекелдерге және шығарындыларға мониторинг пен мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

- энергияның баламалы көздерін қолдану мен экономиканың энергетикалық тиімділігін арттыру шараларын қолдану;

- халықаралық ынтымақтастық пен халықаралық климаттық міндеттемелерді имплементациялау қызметі.

5) Климаттық саясат жөнінде арнайы мемлекеттік органның қызмет атқаруы климаттық саясатты қалыптастырудың кешенділігі мен ұлттық климаттық стратегияларды іске асырудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасында климатты қорғау саласын арнайы дербес үйлестіруші орган қажет. Ол органды Қазақстан Республикасының экология және табиғи ресурстар министрлігі жанындағы климатты қорғау комитеті ретінде құрылуын ұсынамыз. Климатты қорғау комитеті климаттық саясатты жүзеге асыруда мемлекеттік қызметті үйлестіруді жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасының климаттық міндеттемелерінің іске асыруына тікелей жауапты болады. Климатты қорғау комитетін құру климатты қорғау бойынша мемлекеттік басқару мен реттеудің институционалдық тетіктерін жетілдіруге, мемлекеттік климаттық саясаттың жүйелілігі мен келісімділігін қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының орнықты дамуы жағдайында халықаралық климаттық міндеттемелерді орындалуына тиімді ықпал етеді.

Климатты қорғау комитетінің негізгі қызметтері мыналар болуы тиіс:

- Қазақстан Республикасының климаттық саясатын әзірлеу;
- Қазақстан Республикасында климаттық саясатты іске асыруда мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;
- парниктік газдар шығарындыларының көлемін азайту бойынша бағдарламалар мен ұлттық стратегияларды жасау мен жүзеге асыруына жауапты болу;
- Қазақстан Республикасының халықаралық климаттық міндеттемелерін орындауды қадағалау;
- мемлекеттің климаттық саясатына ғылыми сүйемелдеуді іске асыру;
- Қазақстан Республикасының климаттық заңнамасын жетілдіру жолдарын ұсыну;
- Қазақстан Республикасы климатты қорғау бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

6) Көміртегі нарығы - бизнестің экологиялық таза технологияларға жүйелі түрде өтуін жеңілдетуге бағытталған парниктік газдар шығарындыларын азайтудың заңнамамен бекітілген экономикалық-құқықтық тетігі. Ал, көміртегі нарығын құқықтық реттеу бұл климаттық саясатты, қоршаған ортаны қорғауды және экономикалық қатынастарды реттеу мақсатында парниктік газдардың шығарындыларын азайту, бақылау және сату-сатып арқылы төмендетуге бағытталған экономикалық қатынастарды реттейтін, қоршаған ортаны қорғау мен тұрақты дамуды қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық нормалар мен институттардың жүйесі.

7) Автор «Климатты қорғау туралы» Заң жобасын ұсынады (қосымша 1). Аталған заң жобасының маңыздылығы ғылыми тұрғыдан көпқырлы және жүйелілік сипатқа ие. «Климатты қорғау туралы» заң елімізде табиғи

жүйелердің тұрақтылығын сақтауды және экономиканың ұзақ мерзімді тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, атмосферадағы радиациялық теңгерімді тұрақтандыруға, ғылыми дәлелденген бейімделу шараларын жүйелі түрде жүзеге асыруға, экожүйелік тұрақтылықты сақтауға, энергетика, өнеркәсіп және көлік секторларында декарбонизация саясатын іске асыруға, климаттық процестерді тұрақты бақылау (мониторинг), модельдеу және болжау жүйелерін дамытуға мүмкіндік береді.

**Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы.** Диссертациялық зерттеудің теориялық маңыздылығы климатты қорғауды құқықтық реттеу экологиялық құқықтың маңызды бағыты ретінде ғылыми көзқарастар қалыптасуынан тұрады. Зерттеуде климатты қорғауды құқықтық реттеуде ұғымдардың, климатты қорғаудың мемлекеттік құқықтық тетіктерінің орны мен мазмұны айқындалып, климатты қорғауды құқықтық қамтамасыз етуде әлемдік үрдістердің заманауи мәселелері сипатталғандықтан, ұсынылып отырған жұмыс отандық экологиялық құқықтың дамуына, климаттық нормаларды жетілдіре отырып ықпал етеді. Зерттеу нәтижесінде алынған ережелер мен қорытындылар климаттық құқықтық қатынастарды реттеу тетіктерін жетілдіруге және болашақтағы ғылыми зерттеулердің негіздемелік жұмысы ретінде қолданылады.

**Диссертациялық зерттеудің тәжірибелік мәселелері.** Зерттеу жұмысы барысында алынған қорытынды ережелер мен ұсыныстар қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметінде қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнаманы жетілдіру барысында құқықшығармашылық және құқық қолдану органдарының қызметінде климатты қорғау бойынша стратегиялық актілерді қабылдау барысында қолдануға ұсынылады.

**Диссертациялық зерттеу нәтижесінің сыннан өтуі.** Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері мен тұжырымдары жарияланған жұмыстарда көрініс тапқан. Зерттеу нәтижелері І. Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті «Құқықтық пәндер» кафедрасының отырысында және ғылыми конференцияларда талқыланған. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен қорытындылары 4 ғылыми мақала ретінде басылымдарда жарияланған, соның ішінде 1 мақала Scopus халықаралық деректер базасына кіретін басылымда және 3 мақала уәкілетті орган ұсынған ғылыми басылымдарда жарық көрді.

**Диссертацияның құрылымы мен көлемі.** Диссертациялық зерттеу кіріспеден, үш тараудан, он тараушадан қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

# **1. КЛИМАТТЫ ҚОРҒАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ-ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

## **1.1. Климаттың экологиялық құқықтық мәні мен мазмұны**

XX ғасырдың соңғы кезеңдері мен XXI ғасырдың бастапқы уақытында қоршаған ортаға антропогендік ықпалдың артуы атмосферада парниктік газдардың көлемінің шамадан тыс артуына әкеп соқты. Ғалымдардың болжамына сәйкес, атмосферада газ құраманың өзгеруі мен аэрозольдік көрсеткіштердің нормадан артуы дүниежүзінде және жекелеген аймақтарда климаттың өзгеруіне тікелей ықпал ететін факторлардың бірі болып табылады. Аталған мәселеге байланысты климатты қорғау бүгінгі таңда ғаламдық деңгейде талқыланып шешімін табуы тиіс сұрақтар қатарын толықтырып отыр. Климатты қорғау мәселесі кешенді түрде қарастырып шешімін табуы тиіс болып отыр, себебі, осы мәселемен ғалым – климатологтар, саясаткерлер, әлеуметтанушылар мен заңгерлерден бастап ірі корпорациялар айналысып келеді. Заманауи жағдайда климаттық өзгерістерді баяулату мен салдарын реттеуге қатысты мемлекеттер ұлттық деңгейде заңнамалық актілерді қабылдап реттеуге тырысуда. Сәйкесінше, ол актілер мемлекеттің климаттық саясатынын негізін құрайтын және осы бағыттағы мемлекеттің іс шаралар жүйесі мен тетіктерін қамтитын негізгі құралдар ретінде қолданылып келеді [16, б. 608-610].

Өкінішке орай кеңестік уақытта антропогендік әрекеттің климатқа ықпалы мен оларды шектеуге қатысты сұрақтарды зерттеуге арналған теориялық және әдістемелік зерттеулер тиісті түрде дамымады, тек соңғы жылдары мәселенің күрделі көлем алуына байланысты осы бағытта ғылыми зерттеулер белсенді түрде жүргізіле бастады. Климатты қорғау бағытындағы зерттеулер әсіресе жаратылыстану ғылымдары мен экономикалық зерттеулерде анық байқалып отыр. Ал климаттың құқықтық мәні мен мазмұны, оның негізгі белгілерін анықтау мен саралау, сонымен қатар климаттың экологиялық - құқықтық қорғау ерекшеліктері заң ғылымында кешенді түрде зерттелмеген мәселелер қатарына енеді. Жалпы, мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда құқық пен экономика арасындағы байланысты ескерсек, құқықтық құралдар шешуші роль атқаратынын аңғарамыз. Сол себептен де, климатты құқықтық тұрғыдан зерттеу мен оның салдарымен күресудің заңи тетіктерін анықтауда аса маңызды мәселе болып отыр. 2021 жылдың тамыз айында БҰҰ -ның климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық тобы «адамзат үшін қызыл код» атауында баяндама ұсынды. Бұл баяндамада, адамзаттың қоршаған ортаға ықпалының нәтижесінде ғаламдық жылыну шекті мөлшерге жетіп қалғаны көрсетілді. Есепке сәйкес, ғаламдық температура XIX ғасырдың аяғынан бастап 1,1 °C көтеріліп отыр. Тіпті Париж келісімінде көрсетілген талаптардың барлығын сақтағанның өзінде 2030 жылы нормадан асып түседі деген болжам бар. Бірақ, парниктік газдардың шығындарының көлемін азайту шаралары болашақта орын алуы

мүмкін салдарды жоюға септігін тигізетіні анық. Осы есепте сондай ақ климаттық экстремумдардың күшеюіне ерекше мән беріліп, бұрын сирек кездесетін табиғи құбылыстары 50 жылда бір рет қайталанатын болса, климаттық өзгерістер орын алған сәттен кейін олар 10 жылда бір рет орын алып отыр. Жалпы осы есеп, ғаламдық қауымдастықтың назарын аса маңызды мәселеге аударды. Ол климаттық проблема. Климат ол кешенді және әмбебап категория болғандықтан оны қорғау бір ғана мемлекеттің құзырына кірмейтіні анық [17].

Климаттың өзгеруінің физикалық әсерлеріне, мысалы теңіз деңгейінің көтерілуіне, теңіздердің қышқылдануына, мұздықтар мен теңіз мұзының еруіне, тропосфераның (атмосфераның төменгі қабаты) жылынуына және ауыл шаруашылығы мен азық-түлік өндірісінің бәсеңдеуіне қатысты дәлелдер бар. Ғалымдар климат жүйесіне адамның араласуының қандай шегі немесе деңгейі климаттың өзгеруін қауіпсізден қауіптіге ауыстыратыны жөнінде келісімге келе алмай отыр. Температураның 2°C-қа өсуі жағдайында да кейбір бұзылулар мен табиғи мекендеу орталары мен ресурстардың қайтымсыз жоғалуы күтіледі. Климаттың өзгеруінің физикалық әсерлері адам қоғамына, соның ішінде халық денсаулығына, экономикалық өсімге, ауыл шаруашылығы мен азық-түлік өндірісіне, бейбітшілік пен қауіпсіздікке және көші-қонға кең ауқымды әсер етеді [18, б. 23-42].

Сонымен байқағанымдай, климаттық өзгерістерге байланысты орын алып отырған ғаламдық жағдай, климатты құқықтық тұрғыдан реттеу мәселесінің туындауына негіз болып отыр. Осы саладағы ғылыми зерттеулер мен талдаулар әлі де тереңірек жүргізілуді талап етеді. Климатты қорғаудың өзектілігінің артып отырғанына қарамастан, бұл бағытта ғылымның дамуы өзекті мәселелер қатарын толықтырады. Осылайша, климатты қорғау мемлекеттің стратегиялық дамуының басым бағытына айналып отырғанын байқаймыз. Сарапшылардың пікірлеріне сүйенсек климаттық өзгерістердің салдары әліде толығымен зерттелмеген. Демек, оны жүйелі түрде зерттеп отыру қажет. Климаттық өзгерістер тек экономикасы дамыған мемлекеттердің зерттеу мәселесіне айналып отыр деген пікірлер де кездеседі. Ол осы мемлекеттерде атмосфералық ауаға зиянды шығындылардың мөлшерін азайту, қоршаған ортаны қорғау, және экологиялық таза технологияларға инвестиция бөлу үшін жеткілікті ресурстардың болуымен дәлелденеді. Алайда мұндай ұстаным әлемдік климаттық қауіпсіздік пен тұрақты даму талаптарына жауап бермейді. Себебі, климатты қорғау бүкіл адамзат үшін ортақ және дереу шешуді алап ететін мәселе. Сол себептен де, осы мәселені тек дамыған мемлекеттер ғана емес сонымен қатар дамушы мемлекеттер де бірлесе отырып шешуі тиіс. Климаттық өзгерістерге қарсы саясат кешенді түрде құқықтық, саяси, экономикалық, технологиялық, ғылыми инженерлік шаралардың бірлескен тобымен ғана қарсы тұруға болатыны анық. Осы аталған тәсілдердің кешені ғана климатты ғаламдық және аймақтық деңгейде қорғауға қауқарлы.

«Климат» термині ең алғаш рет б.д.д. II ғасырда грек ғалымдарының Гипсикл мен Гиппархтың зерттеулерінде аталып өткен. Бұл ұғымды грек тілінен аударғанда еңкейгіш не болмаса қисайғыш деген ұғымдардан шыққан. Нақтысында антикалық зерттеуші ғалымдар күн сәулесінің еңкейгіштік бейнесін климатпен байланыстырған, себебі, күннің қозғалысына атмосфералық температураның өзгергіштігінің қатысты болып түрлі аймақтарда өзгеше сипат алуымен байланыстыруға болды [19, б. 243-266].

Философиялық тұрғыдан алғанда климат мәселесі Гипократтың «Ауа райы, сулар және жерлер туралы» трактатында аталып өткен. Аталған еңбекте климат адамның денсаулығы, физикалық дамуы мен қоғамның қалыпты жағдайын анықтайтын фактор ретінде көрсетіледі. Климаттың жағдайына байланысты қоғамның жай күйі анықталады деп көрсетілген. Гипократ суық, ыстық, құрғақ секілді әртүрлі сипаттағы климат адамның дене бітіміне, мінезі мен түрлі сипаттағы ауруларға төзімділігіне ықпал етеді деп атап өтеді. Гипократтың пайымдауынша, салқын аймақтарда тұратын адамдар физикалық тұрғыдан мықты және төзімдірек болады да эмоциялық сипаты төмендеу болады. Ал ыстық аймақтағы тұрғындар физикалық тұрғыдан әлсіз қимылға баяу және бағыныштылығы жоғары болады. Ал қалыпты климат тұрғыда физикалық және рухани мүмкіндіктерінің теңгерімі үйлесімді болып, дамуға жеңіл болады деп пайымдайды. Сонымен қатар, Гипократ қоғамның әлеуметтік дамуы оның климатына тікелей байланысты екенін көрсетеді. Ол барлық маман иелерінің қызметін ұйымдастыруда ең алдымен климаттық факторлар ескерілуі тиіс деген пікірге тоқталады. Байқағанымыздай, Гипократ климатты тек табиғи тұрғыдан емес ол қоғамның әлеуметтік экономикалық дамуына тікелей ықпал ететін негізгі фактор ретінде қарастырып, адамзаттың қалыпты өмір сүруінде басты және шешуші рольді атқаратынын ескереді [20].

Біздің пікірімізше Гипократтың климатты қоғамның әлеуметтік экономикалық дамуына ықпал ететін фактор ретінде қарастыруында қисынды байланыс бар. Себебі, климаттың ыңғайына қарай адамзаттың қалыптасуы мен іс қимылында мүмкіндіктер пайда болады және қоғамның қалыпты дамуына септігін тигізеді.

Климат пен құқықтың арақатынасының философиясының мәнін Ш.Л. Монтескье де өзінің еңбегінде назар аударып зерттеген. Оның пайымдауынша, климат пен құқық өзара тығыз байланысты ұғымдар және құқық климат жағдайына қарай әрекет етеді. Құқықтың дұрыс қызмет атқаруы климаттық өзгерістерге қатысы болады. «Заңдардың рухы» атты еңбегінде Ш.Л. Монтескье климатты адам мінез құлқы, әдет ғұрпы, және мемлекеттік құрылымның қалыптасуына әсер ететін негізгі фактор деп пайымдауын келтіреді. Философтың пікірінше, адамдар өмір сүретін аймақтар мен табиғи жағдайлар адамның физикалық және психикалық жағдайларына әсер етіп, сол арқылы қоғамдық тетіктердің орын алуына және мемлекетте құқықтық құралдардың жұмыс жасауына септігін тигізеді. Ш.Л.

Монтескьенің негіздеуі бойынша салқын климат тұрғындары қоғамда әлеуметтік тұрғыдан белсенді болатын болса, ыстық аймақ тұрғындары көбінде белсенділігі төмен, кез келген шешімдерге бағынуға икемді болады. Гипократ секлді Ш.Л. Монтескье де қоңыражай аймақ тұрғындарының бойында теңгерімдік баланстың болатынына назар аударады. Осы аймақ тұрғындары шешімдерді салқын қандылықпен қабылдап әрекет етуге бейім болады деп болжайды. Осылайша климат адамның өмір сүруінің барлық сипатына ықпалы болатыны анықталып, климаттың сипатына қарай адамның мінез құлқы қалыптасып, оның түрлі қатынастарда белсенділігі анықталады. Ш.Л. Монтескьенің айтуына қарағанда солтүстікте яғни салқын аймақтарда тұратын тұрғындардың еркіндікке демократиялық басқаруға, өз құқықтарын қорғау қабілеті жоғары болады да, ал оңтүстік яғни ыстық аймақ тұрғындары бағынуға бейім немесе деспотиялық режимді жеңіл қабылдайтын тұрғындар болады. Оның пікірі бойынша, климат адамзаттың тарихи дамуында ерекше рольді атқаратын географиялық детерменизмді құрайтын фактор. Пікірлер ұстанымының қарама қайшылығына қарамастан Монтескье идеялары, қоғамдық ғылымдардың дамуы мен бағытын анықтауға елеулі ықпал етті. Сонымен, анықтағанымыздай климат ол адамзатқа тәуелсіз құбылыс, ал құқық сол климаттың жағдайына қарай бейімделуі тиіс. Яғни кез келген құқық шығармашылық процесінде климаттық ерекшеліктер ескеріліп отыруы тиіс. Олай болмаған жағдайда мемлекетте заңдылық пен құқықтың үстемдік етуі екіталай болатынын пайымдайды. Ал ол өз кезегінде тұрғындардың бақытты өмір сүруіне кедергі келтіреді [21].

Климаттық ерекшеліктерді Жан-Жак Руссо «Қоғамдық келісім» еңбегінде атап өтеді. Жан - Жак Руссо табиғи жағдай мен климат мемлекетте заңдар мен тәрбиенің қалыптасуына әсер етеді. Жалпы автордың пікірі алдыңғы екі ғалымның пікіріне ұқсас. Оның айтуынша, салқын климаттық жағдайлардағы тұрғындардың еркіндікке деген құлшыныстары мен ниеті мен белсенділігі жоғары бағаланады. Ол тұрғындарға тоталитарлық ықпал ету қиынға соғады. Ал ыстық аймақ тұрғындарға бағынуға бейім және қоғамдық келісім жасауға жеңіл болады. Жан-Жак Руссо да қоңыражай климаттың адамның тепе теңдік белсенділігінің дамуына әсерін атап өтеді. Бірақ, климаттық факторлар қоғамның дамуын сипаттайтын жалғыз фактор емес халықтың заңы мен қоғамдық келісімін қалыптастыруда маңызды орынды иеленетін негіз ретінде қарастырылады. Дегенмен де, климаттық ерекшеліктерді қоғамдық келісім жасасуда ықпал етуі мүмкін құбылыс ретінде қарастырған жөн. Осы арқылы автор кез келген қоғамды басқаруда не болмаса олармен келісімге келуде, климаттық ерекшеліктерді ескерген жөн деп болжайды және ол қоғамдық келісімнің сәтті болуына себеп болады деп пікірін қорытындылайды [22].

Жоғарыда атап өткеніміздей құқықтық реттеудің тиімділігін арттыру үшін климаттың құқықтық анықтамасын анықтап алғанымыз жөн. Ал құқықтық анықтаманы анықтауға кешенді көзқарас пен ұмтылыс болу керек. Заманауи зерттеулерде климатты техникалық сипаттан гөрі әлеуметтік

экономикалық және гуманитарлық бағытта анықталуы керек. Ғылыми дерекөздерде климат тар мағынада орташа ауа-райының жай-күйі, айлар мен жылдар арасындағы сәйкесті көрсеткіштердің орташа шамасы ретінде мәні және өзгергіштігін сипаттайтын статистикалық анықтама ретінде анықталса. Өз кезегінде орташа уақытты анықтау кезеңі отыз жылды құрайды екен. Тиісті көрсеткіштер көбінде ауа райының температурасы, жауын -шашын, жел секілді шамалардан тұрады, ал кең мағынада климат бұл статистикалық және климаттық жүйе ретінде анықтамасы беріледі [23].

Шетелдік энциклопедияларда климат белгілі бір аумақтарда ұзақ уақыт бойы анықталатын атмосфераның жай күйі, қандай да бір уақыт аралығында ауа райын құрайтын атмосфералық сипаттардың мерзімді қосындысы ретінде анықталады. Оларға түрлі сипаттағы факторлар, атап айтқанда күн радиациясы, температура, ылғалдылық, атмосфералық қысымды жатқызады [24].

Д. Слинго климат пен ауа райының өзара байланысын, ерекшеліктері мен сипатын зерттеп, климатқа ұзақ уақыт аралығында белгілі бір аймақта орын алатын ауа райының көрсеткіштері ретінде анықтама береді. Ғалымның пікірінше климаттық өзгерістердің бірнеше бағыттарын анықтауға болады. Біріншіден, климатология генезисі. Ол бойынша автор климатты климаттық өзгерістерден ажырататын белгілерге сүйене отырып, басқа сипаттан қарауды ұсынады. Яғни, автордың пікірінше климатология ол неғұрлым кең ұғым болып есептелінеді. Екіншіден, климаттық өзгерістерді анықтаудың келесі бағыты болып жер шарындағы өзгерістерді бақылау анықталады. Сәйкесінше, осы іспеттес бақылау климаттық өзгерістер жөнінде ауқымды ақпараттарды алуға септігін тигізеді. Ол ақпараттар арқылы климаттық өзгерістер жайлы болжамдар жасау мүмкіндігі кеңейе түседі. Үшінші бағыт ретінде, климат нұсқасының өзгеруін атап өтуге болады. Адамзаттың дамуы индустриялық технологиялардың тез қарқынмен қалыптасуы климаттың нұсқасының өзгеруіне септігін тигізбей қоймайды. Сол себептен де климатологияда бұл бағыт басты назарда болуы тиіс. Төртіншіден, жаһандық жылынудың орын алуы. Атап өткеніміздей, жаһандық жылыну ешқандай күмәнсіз орын алуы мүмкін. Ал оған қатысты реттеу құралдары бүгінде ғылыми назарда болу керектігі даусыз мәселе. Сонымен автордың зерттеуінде көрсетілгендей, климатологияның даму эволюциясы орнықты дамуы ықпал етіп қауіпсіз болашақты қамтамасыз етуге, экологиялық таза болашақты құруда шешуші роль атқаратынын байқаймыз. Осылайша климаттық модельдерді әлеуеті қоршаған орта жайлы болашақты болжауға мүмкіндік береді. Өз кезегінде мемлекеттің климаттық саясатының қалыптасуында, климаттық өзгерістерге ықпал ету қабілетін жасақтауда климатология үлкен көмегін беретінін байқаймыз [25].

А.П. Анисимовтың пікірінше, климаттың өзгеру мәселесі орташа жылдық температураның өзгеруіне бейім болып, оның мемлекетте экономикалық, саяси, әлеуметтік дамуда өзіндік салдарының болуымен сипатталады. Автор тиімсіз салдар климаттың өзгеруі нәтижесінде орын

алуы мүмкін құрғақшылық немесе қолайсыз ауа райының болуы, мемлекетте бірқатар экономикалық шығындардың болуына негіз болады деп пайымдайды. Мәселен, өрт салдарынан жануарлардың қырылып кетуі мен тірі қалғандарының жаңа экологиялық жағдайларға бейімделу мүмкінділігінің төмен болуы қоршаған ортада биологиялық әралуандылықтың бұзылуына ықпал етеді деп көрсетеді. Ауа райының жылынуының салдарынан дүниежүзілік су деңгейінің көтеріліп, аралдардың су астында калуы «экологиялық босқындар» саныны артуына әкеп соғып олардың санын қазіргі уақытта миллионнан асуы басқа аймақтардағы мемлекеттердің экономикасына қосымша жүктеме болатынын айтады. Климаттың өзгеруі түрлі сипаттағы аурулардың пайда болуына да қатысын бар екенін атап көрсетеді. Дегенмен де, қоғамда осындай проблемалардың орын алып отыруына қарамастан климаттық өзгерістерге күрес жүргізудің негізгі қарсыластары ірі трансұлттық корпорациялар екенін атап көрсетеді. Олар үшін ең негізгі мүдде экономикалық пайда көру болғандықтан, климатты қорғауда аса қызығушылықтар танытпайды [26, б. 20-21].

Біздің пікірімізше, климатты қорғауды тетіктерінің тиімділігін арттыру үшін ең алдымен климаттың заңи-құқықтық анықтамасын анықтап алғанымыз жөн. Яғни, ұлттық заңнамада климат ұғымының құқықтық анықтамасы бекітілуі тиіс. Біршама ғылыми құқықтық әдебиеттерде климат экологиялық құқықтық реттеу объектісі ретінде анықталғанымен оның заңи дефинициясы берілмейді. Климатты экологиялық-құқықтық категория ретінде мәні мен мазмұнын анықтау – климатты қорғаудағы реттеу тетіктерін анықтау, климаттық өзгерістердің алдын алу, мен оның салдарын жеңілдетуде ұлттық және халықаралық құқықтық құралдарын жасақтау мен ықпал ету жүйесін анықтауға түрткі болады. Себебі, климаттың құқықтық мазмұны мен мәнін анықтау оны қорғау, жауапкершілік пен міндеттемелер шеңберін анықтауға, орын алатын құқықтық қатынастар шеңберін белгілеуге, заңнамалық және құрылымдық реформалардың негізділігін айқындауға экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету арқылы орнықты дамуды қамтамасыз етуге және сол арқылы халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған құралдарды бекітуде маңызы ерекше. Климатты қорғау - ол салыстырмалы түрде жаңа құқықтық реттеу саласы болып табылғандықтан, кешенді түрде құқықтық тұрғыдан зерттеуді қажет етеді.

Х. Гросстың анықтауында климат (грек тілінен аударғанда klima-кеңіс деген мағынаны білдіреді) жаратылыстану бағытынан анықтағанда ол температура, атмосфералық жауын-шашын, жел, және өзгеше айналымдардың орташа мәні мен олардың белгілі бір уақыт аралығындағы өзгермелілігін сипаттайтын статистикалық көрсеткіштердің жиынтығы ретінде анықталады. Бұл ұсынылып отырған анықтама, климатты табиғи құбылыс ретінде анықтау үшін ғана жеткілікті. Ал қоғамдық қатынас элементі ретінде, субъектілердің жүріп тұру мінез құлқын белгілеу үшін бұл анықтама жеткілікті болып есептелмейді. Климатты экологиялық -құқықтық мәнін беру үшін ол неғұрлым кең сипатта анықталуы тиіс [27].

Климат түсінігін құқықтық тұрғыдан зерттеуде шетелдік ғалымдардың еңбектерін де атап өткеніміз жөн. Қазіргі уақытта жаһандық климаттың өзгеру проблемасына байланысты халықаралық қоғамдастықтың алдында климаттың одан әрі өзгеруінің алдын алу саласында құқықтық реттеуді қамтамасыз ету міндеті тұр. Р.В. Никонов қазіргі уақытта «климат» түсінігін бір біріне сәйкес келмейтін негізгі екі категорияны сипаттау үшін жиі қолданылатынын негіздейді. Біріншіден, климат қандайда бір аймақтардың физико-географиялық көрсеткіштерінің бірі ретінде сол мекеннің гидрометеорологиялық режимінің жиынтығын білдіру үшін қолданса. Бұл сипаттау нақты бір өңірдің климатын анықтаумен байланысты болады. Автордың пікірінше осы тұрғыдан анықталғанда климат-білгілі бір мекеннің көпжылдық ауа райының жағдайларының тұрақты режимі ретінде қарастырылады және ол көбінде табиғи ортаға тән сипатты білдіреді. Екіншіден, «климат» неғұрлым кең тұрғыдан қарастырылады, яғни ғаламдық сипаттағы гидрометеорологиялық жағдайдың сипатын анықтау үшін қолданылады. Бұл жерде жаһандық климат жөнінде сөз болып отырғанын байқаймыз. Ол атмосфера, мұхиттар мен құрлықтардың температура режимдері айналымын, ылғалдардың қозғалыстарын, сондай-ақ ауадағы парниктік газдардың мөлшерін анықтайтын индикативті көрсеткіштердің жиынтығы ретінде анықталады [28, 194].

Сонымен Р.В. Никоновтің еңбегінде климатты құқықтық тұрғыдан анықтаудың бастапқы идеялары мен бағыттары берілгенін байқаймыз. Яғни теориялық құқықтық ілімдердің дамуын қамтамасыз ету үшін әлбетте ол жан-жақты қарастырылуы керек. Кең ауқымда анықтау неғұрлым абстрактілік сипатқа ие болғандықтан заңнамалық тұрғыдан реттеу үшін құқықтануда климатты тар мағынада анықтаған жөн деген қорытындылар жасауға болады.

Н. А. Соколованың пікірі бойынша, климаттың өзгеруін әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне қарамастан барлық мемлекеттерге әсер ететін жаһандық трансшекаралық проблема ретінде тануға негізделген, бұл қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық басқарудың әмбебап тетігін қалыптастыру қажеттілігін объективті түрде анықтайды. Автор климаттық өзгерістерге қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды іске асыру олардың экономикалық мүмкіндіктері мен дамудың әлеуметтік факторларын ескере отырып, мемлекеттердің жалпыға бірдей қатысуы негізінде жүзеге асырылуы тиіс екенін негізді түрде атап көрсетеді. Жаһандық халықаралық басқарудың негізгі маңызды аспектілерінің қатарында: парниктік газдар шығарындыларын азайтуда индустриалды дамыған елдердің жетекші рөлін күшейту, дамушы мемлекеттерді климаттық міндеттемелерді іске асыруға тарту үшін ынталандырушы тетіктерді қалыптастыру, экологиялық қауіпсіз технологияларды әзірлеу және трансферттеу процестерін жандандыру, сондай-ақ нарықтық тетіктерді неғұрлым тиімді қолдануды қоса алғанда, қаржы құралдарын жетілдіру. Ұсынылған тәсіл Халықаралық климаттық ынтымақтастықтың көп деңгейлі жүйесін кешенді түсінуді көрсетеді және

жаһандық экологиялық сын-қатерлер жағдайында мемлекеттер мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз етуге бағытталған [29, б. 204-226].

Ал отандық ғалымдар арасында климаттың дефинитивтік мәселелері С.Ж. Бекишеваның еңбегінде зерттелген. Еңбектерінде климатты қоршаған ортамен байланыстыра отырып зерттеп оны қоршаған ортамен әрекеттестігіндегі компонент ретінде таниды. Яғни, қоршаған ортаны табиғи және табиғи антропогендік объектілердің жиынтығы ретінде қарастыруды ұсынады, табиғи объектілерге атмосфералық ауа, жердің озон қабаты, жер асты және жер үсті сулары, жерлер, жер қойнауы, жануарлар әлемі, өсімдік әлемі деп тізімдеп және осы объектілермен әрекеттестігіндегі климат деп атап өтеді. Ал адамның қоршаған табиғи ортамен қарым қатынасының нәтижесіндегі объектілер табиғи антропогендік объектілер түсінігін береді. С.Ж. Бекишеваның пікіріне сүйенсек, климат ол тек қоршаған ортамен әрекеттестігінде ғана қоршаған орта объектілер санатына жатқызылуы тиіс. Яғни, климат жеке дара құқық объектісі бола алмайды деп қорытынды жасауымызға болады. Біздің пікірімізше, климаттың құқықтық мәні мен мазмұны неғұрлым нақты және тар мағынада анықталуы тиіс. Ол өз кезеңіде бірінші жағынан климаттың экологиялық құқықтық категория ретінде қалыптасып дамуына мүмкіндік берсе, екінші жағынан заңнамалық мәнін нақтылауға септігін тигізеді [30].

Байқағанымыздай климатты анықтауда ғылыми әдебиеттер мен сарапшылардың қорытындыларында бірыңғай ортақ анықтама ұсынылмайды. Яғни «климат» термині мазмұны мен, мәні және сипаты, әдістемелік тұрғыдан әрқилы анықталады. Біріншіден, климат белгілі бір аймақтың гидрометеорологиялық белгілерін қамтитын, оның табиғи-географиялық көрсеткіштерінің жиынтығы ретінде қарастырылады. Демек климаттың белгілерінің бірі ол нақты бір табиғи аймақта анықталуы тиіс көрсеткіш болу керек. Ал климат терминің анықтаудағы екінші ұстаным ол неғұрлым ауқымдырақ және жаһандық деңгейді қосып қарастырады. Яғни екінші ұстаным бойынша климат жер шарының гидрометеорологиялық жағдайларының көрсеткіштерінің жиынтығын білдіреді. Мәселен, қазіргі жағдайдағы климаттық көрсеткіштер халықаралық гидрометеорологиялық жүйе жасаған ұзақ уақыттағы бақылауларының нәтижесінде ғылыми зерттеулерге сүйене отырып жасалған көрсеткіштер.

В.К. Быковскийдің «климат» деген ұғымды кең мағынада қарастыруды жөн көреді. Яғни климат жер шарында адамзат пен тіршіліктің пайда болуы мен өмір сүруін қамтамасыз етуі керек және ол адамзат арқылы қорғалуды қажет ететін негізгі игілік. Себебі климаттың өзгеруі ғаламдық қауіп тудырады және орнықты дамуға тікелей кедергі келтіреді. Сол себептен де, климат мемлекеттік құқықтық тұрғыдан қорғалуы керек. Басқа құралдар арқылы климатты қорғау тіптен мүмкін емес. Ғалымның еңбегінде температура, атмосфералық қысым желдің бағыты мен жылдамдығы, жауын шашын, бұлттылық, ауа ылғалдылығы климаттың сипаттамаларын құрайды деп негізделеді [31].

Жер шарындағы климаттық өзгерістер адамзат алдына біріншіден климаттық өзгерістердің болатынын болжай отырып, оған бейімдеуді міндеттесе, екінші жағынан орын алған өзгерістердің салдарын азайту яғни, жұмсарту міндетін қояды. Нақтырақ айтқанда, ғылыми есептер мен ғалымдардың болжауында климаттық өзгерістер болатын анық. Демек, адамзат проблеманы динамикалық тұрғыдан шешуі тиіс. Климаттық өзгерістердің ықпалын жұмсарту миссиясы парниктік газ құрылғыларын аз пайдалану мен олардың атмосфералық ауаға көлемін төмендетуді қамтитын мемлекеттің саясаттың негізгі бағыты ретінде қарастырылуы керек. Ол кез келген мемлекетте тек құқықтық құралдардың көмегімен іске асырылады. Ал бейімделу дегеніміз табиғи процестердің нәтижесінде орын алған климаттық өзгерістерді қоғамның бейімделуін қамтамасыз етуге бағытталған іс шаралар жүйесі. Мысалы, осы тарауда атап өткеніміздей климаттық өзгерістердің нәтижесінде экологиялық босқындар санынын артуы мемлекеттің реттеуін талап етеді.

Сонымен ғылыми зерттеулер мен сарапшылардың қорытындылары климаттық өзгерістерді жұмсартудың бірқатар ортақ бағыттарын анықтайды. Олар:

- Дәстүрлі энергия көздерін пайдалану нәтижесіндегі парниктік газдардың шығындыларын азайту жұмыстары;
- атмосферада парниктік газдардың көлемін азайтуға немесе жоюға арналған технологияларды дайындау мен оларды қолданысқа енгізу шаралары;
- шаруашылық секторда соның ішінде ауыл шаруашылығында және орман шаруашылығында парниктік газдарды азайтатын әдістерді игеру [32, б. 20-21]. Жалпы алғанда климаттық өзгерістерді жұмсарту мен климаттық өзгерістерге бейімделу процесінің арасында қарама-қайшылық жоқ, керісінше олар бірін бірі толықтырып отырады. Сонымен байқағанымыздай климаттық өзгерістерге қарсы саясатпен климатты қорғаудың негізгі екі стратегиялық міндеттері мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерінде бекітілуі тиіс.

Жасалынған талдаулар көрсеткендей климаттың заңи құқықтық анықтамасы халықаралық актілері мен ұлттық нормативтік актілерде тікелей анықталмаған. Бірақ климат ұғымын жанама түрде анықтайтын және климатқа қатысы бар дефинитивті нормаларды кездестіруге болады. Мәселен БҰҰ-ның климаттың өзгеруі туралы негіздемелік Конвенциясында климат ұғымына қатысы бар бірнеше анықтамалар келтірілген.

«Климаттың өзгеруінің жағымсыз әсерлері» табиғи және реттелетін экожүйелердің құрамына, қалпына келтіру қабілетіне немесе өнімділігіне немесе әлеуметтік-экономикалық жүйелердің жұмысына немесе адамның денсаулығы мен әл-ауқатына айтарлықтай теріс әсер ететін климаттың өзгеруінен туындаған физикалық ортадағы немесе био ортадағы өзгерістерді білдіреді.

«Климаттың өзгеруі» жаһандық атмосфераның құрамындағы өзгерістерді тудыратын және салыстырмалы уақыт кезеңдерінде байқалатын климаттың табиғи ауытқуларына қабаттасатын адамның іс-әрекетіне тікелей немесе жанама түрде байланысты климаттың өзгеруін білдіреді.

«Климаттық жүйе» атмосфераның, гидросфераның, биосфераның және геосфераның жиынтығын және олардың өзара әрекеттесуін білдіреді [33].

Р.В. Никоновтің дәл осы мәселеге өзінің зерттеуінде пікір білдіре отырып климат жеке дара өзі анықталмайды, ол басқа объектілермен қосарланып жүреді деп пікір білдіреді. Сәйкесінше автор, Ресей Федерациясының заңнамасының өзінде климатты анықтауда мәселелер туындап отырғанын атап өтіп, климат халықаралық құқықтық актілерде тек жаратылыстану ғылымы тұрғысынан ғана анықталып отырғанына мән береді [9].

Е.В. Грицкеевичтің пікірінше, ең алдымен климаттың экологиялық құқықтық белгілері анықталуы тиіс. Климаттың ерекше қасиеттері оның шығу аясы, өмірлік маңызының аса жоғары болуы, қауымдық сипаттағы игілік бола отырып, табиғатпен өзара тығыз қарым қатынасы бар, табиғи жүйелердің ажырамас бөлігі болып табылады. Аталған белгілердегі жариялық сипаты нақты адамның, субқоғамның, қоғамның мемлекеттің және тұтастай алғанда адамзаттың климаттық экожүйеге ықпалын шектеу немесе мүлдем болдырмау мүмкін емес екендігін және мұндай шектеулер аса қиын болады деп мәлімдейді. Климаттық жүйелердің өздігінен қалпына келу не болмаса өз өзін реттеу қабілетінің болуына қарамастан табиғи экожүйеге антропогендік ықпалдың қарқыны ғаламдық қауымдастықтың климатты қорғау, қалпына келтіру, бейімделу секілді саяси-институционалдық іс шараларының кешенін қолдана отырып қарқынды түрде жұмыс жасау керектігін білдіреді. Климаттың тағы бір аса маңызды белгісі ол әмбебап халықаралық құқықтық ерекшелігі. Климаттың ерекше қорғау игілігі ретінде ғаламдық маңызы оның трансшекаралық аспектілері, оны қорғаумен байланысты қатынастарда мемлекеттердің құзыреттілігін ажырату, оған қандайда бір мемлекеттің меншігі ретінде не болмаса оның жауапкершілігіне жүктеу оның белгілерінің ерекшеліктеріне қарай мүмкін еместігін байқаймыз. Сол себептен де климат адамзаттың ортақ игілігі ретінде қарастырамыз. Оны белгілі бір мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның құзыреттілігіне беру, климатқа қатысты әрекеттердің біржақты сипатта болуы мүмкін емес екенін анықтаймыз. Бұл ретте климат келесі ғаламдық сипаттағы объектілер, атап айтқанда ғарыш кеңістігі, аспан денелерін, мұхиттар, теңіз түбі тіпті антарктидамен қатар қабылданатын баршаға ортақ игілік ретінде қарастырылады.

Демек, климаттың жүйеге антропогендік ықпалдар мен климаттық өзгерістерді болдырмай, жұмсарту және орын алған климаттық өзгерістерге бейімделу үрдістері ең алдымен халықаралық деңгейде екі жақты немесе көпжақты келісімдер жасасу арқылы бекітіліп, мемлекеттерге императивтік нормалар ретінде танылуы керек. Яғни климат халықаралық құқықтық

қатынастардың ұлттық құқықтық жүйенің ерекше, дербес және әмбебап объектісі және қоршаған ортаның маңызды және ажырамас бөлігі болып танылады. Климаттық өзгерістерге адамзаттың ықпалының шектеу мен климатты қорғауды жүзеге асыру мақсатында мемлекетшілік заңнаманы одан әрі жетілдіру үшін оны құқықтық реттеу объектілері ретінде қарастырып белгілерін нақтылап алғанымыз жөн. Ол белгілерге келесілерді жатқызамыз:

- климаттың бұқаралық жариялы сипатының болуы;
- климаттың табиғи шығу мен пайда болуының ерекшелігі;
- аумақтық тұрғыдан климатты шектеудің мүмкін болмауы;
- климаттың күрделі сипатта болуы;
- климаттың кешенділігі;
- климаттың әмбебап ғаламдық сипатқа ие болуы;
- климатты меншік объектісі ретінде табиғи ресурстарды пайдалану нысаны ретінде қарастырудың мүмкін болмауы;
- климаттың ерекше сипатының болуы және т.б. белгілер болуы мүмкін.

Климатты қорғауды экологиялық құқықтық реттеуді сәтті жүзеге асыру үшін оның заңи анықтамасы нақты болу керек [34, б. 75-80].

Қазақстан Республикасы экология кодексінің 18-бөлімі климат және озон қабатын реттеуге бағытталған. Экология кодексінде климат анықтамасы тікелей тұрғыдан көрсетілмегенімен климаттық өзгерістерге бейімделу үрдісі бірнеше құқықтық нормалармен реттелінеді. Мәселен, кодексте климат климат өзгерісі әсерінің түсінігін климаттың өзгеруінен және климат өзгеруімен байланысты экстремалдық метеорологиялық және өзге табиғи құбылыстар салдарынан туындаған, экологиялық жүйелердегі, қоғамдағы, экономикалық тұрғыдан байқалатын, және болжануға жататын оң және теріс әсерлер деп түсініктеме беріледі. Климаттық өзгерістердің анықталу уақыт кезеңі орташа есеппен алғанда он жыл. Яғни 10 жыл аралығында атмосфералық ауадағы көрсеткіштердің салыстырмалы түрде өзгеріске ұшырауы есептелінеді. Адамның қызметіне тікелей немесе жанама түрде қатысы бар климаттың табиғи ауытқуларын жатқызады [35].

Климаттық өзгерістерге бейімделу келесі мақсаттарды көздейді:

- Адам денсаулығы мен өмірін қорғау, яғни климат өзгерістерге ұшырағаннан кейін орын алуы мүмкін түрлі аурулар, табиғи аурулар мен түрлі табиғи апаттар өзге де табиғи қауіп-қатерлердің алдын алу арқылы халықтың өмір сүру сапасының арттыруды көздейді;
- Экологиялық жүйелерді сақтау мен қалпына келтіу мақсаты биоэралуандылықты қорғау, олардың орнықтылығын қамтамасыз етуді білдіреді;
- Қоғамдық тұрақтылықты нығайту мен әлеуметтік теңдіктің сақталуын қамтамасыз ету, халықтың осал топтарын қорғау мен табиғи апаттарға қарсы тұру әлеуетін арттыру;

- Климаттың осалдығының деңгейін төмендету мақсатында табиғи ресурстарды пайдалану кезінде тәуекелдерді төмендету, ауылшаруашылығы, су шаруашылығы, энергетика секілді салалардың стратегиялық бейімделу әлеуетін жоғарылатуды білдіреді;

Климаттық өзгертулерге байланысты қолайлы мүмкіндіктерді пайдалану дегеніміз, оларды адамзаттың мүддесі үшін пайдалануды қамтамасыз етуді білдіреді. Мәселен, жаңа дақылдарды егу, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану, инновациялық технологияларды қолданысқа енгізу және т.б.

Сонымен жасалынған талдаулар негізінде келесі қорытындыларды келтіруімізге болады. Климат ең алдымен экологиялық құқық объектісі ретінде анықталып бекітілуі тиіс. Климат ғылыми әдебиеттерде жаратылыстану ғылымдары тұрғысынан ғана анықталған игілік. Сондай -ақ климаттың өзіне тән ерекше белгілерге ие игілік бола тұрғанымен оның заңи анықтамасын анықтауға негіз қалаған ғылыми еңбектер бар. Климаттың өзіне тән белгілері анықталды. Оны құқықтық тұрғыдан реттеу үшін заңи анықтамасының нақты болуы маңызды болып отыр. Климаттың анықталған белгілеріне сүйенетін болсақ ол экологиялық құқық объектісінің талаптарына сай келеді, бірақ климат жеке дара өзі экологиялық құқықтың объектісі бола алмайды. Себебі, экологиялық құқық объектілері дегеніміз экологиялық құқық нормаларымен реттелінетін және оларға қатысты экологиялық құқықтық қатынас пайда болатын, өзгертін, не болса тоқтайтын, игіліктер саналады. Әдетте оларға табиғи объектілерді жатқызамыз. Жалпы экологиялық құқық объектісі құқықтану ғылымының дамуы үшін аса маңызды ұғым болғанымен оның ол жөнінде бірыңғай ортақ көзқарас жоқ. Экологиялық қарым-қатынастарды құрайтын объектілер әдетте олардың жіктелуі арқылы анықталады.

Д.Л. Байдельдинов экологиялық құқықтық реттеу объектілерін анықтауда ерекше көзқарас болу керектігін атап өтіп және оның тұрақты анықтамасы жоқ екенін дәлелдеп, бұл мәселеге қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттесуі қағидасы тұрғысынан қарау керектігін айтады. Ғалымның пікірінше, экологиялық құқықтық қатынастар объектісі табиғат пен оған құрамдас элементтер болып табылатын қатынастар тобын құрайды. Сол себептен де, экологиялық қатынастар объектісіне табиғаттың тұтас кешені, оның жекелеген түрлеріне бағыт алған барлық қатынастар жүйесі жатады. Мәселен, жер, су, ауа, жер қойнауы, орман және т.б. табиғи объектілер тау-кен, атмосфера құқықтың пәні бола тұра экологиялық қатынастардың бөліктері не болмаса элементтері ретінде саналады. Алайда «жер, жер қойнауы, су, орман, жануарлар дүниесі, ауа» ұғымдарымен «табиғи ресурстар» ұғымдары арасында айырмашылық болады. Мәселен, әрбір су экологиялық құқықтық қатынастардың объектісі бола алмайды, өз кезегінде «орман» да барлық уақытта экологиялық құқықтық реттелуге жатпайды.

Барлық жағдайда экологиялық заңнамамен қорғалмайды. Демек, экологиялық құқықтық реттеу объектісі болу үшін белгілі бір заңдылықтарға

және белгілерге жауап беруі тиіс және пайдаланудың ерекшеліктері болуы керек. Демек, игіліктер келесі белгілерге сәйкес келген жағдайда ғана экологиялық құқықтық қатынастардың объектісі бола алады:

А) Табиғи жолмен пайда болуы. Ол дегеніміз, табиғи ресурстар жасанды жолмен алынбауы керектігін білідреді, ол тек табиғаттың туындысы болған жағдайда ғана экологиялық құқық объектісі бола алады.

Б) Қоршаған ортамен тығыз табиғи байланыста болуы тиіс.

Осы жерде назар аударатын мәселе, қандайда бір объектілер табиғи ортадан алынатын болса ол экологиялық құқықтың объектісі бола алмайды. Ол өз кезегінде мүліктік қатынастардың, яғни азаматтық құқықтық қатынастардың объектісі болуы мүмкін не болмаса ол тауар ретінде саналады. Кез-келген экологиялық құқық объектісі табиғи ортадан алынған соң ол «бағаланады», оған құндық мән беріледі. Өзендегі «су» елді мекендердегі ауыз су жүйесіндегі су физикалық тұрғыдан біртекті ұғым болғанымен әр түрлі заңнамамен реттелінеді. «Өзендегі су» ол табиғи жолмен алынғандықтан және табиғатпен тығыз қатынаста болғандықтан ол табиғи ресурс ретінде, оның пайдалануы мен қорғалуы экологиялық заңнамамен реттелінеді. «Крандағы су»- табиғи ортадан алынған объект, сондықтан оған қатысты қоғамдық қатынастар, азаматтық құқықтық заңнамамен, санитарлы-гигиеналық және коммуналдық заңнамамен реттелінеді. Сонымен, экологиялық құқықтық қатынастар объектілеріне нақты белгілі бір критерийлерге жауап беретін объектілер тобын жатқызамыз [36].

О.Р. Саркисов табиғи объектілердің келесі аса маңызды белгілерін атап өтеді:

- табиғи объектілердің шығу тегінің табиғи сипатта болуы;
- табиғи объектілердің табиғи жүйелердегі экологиялық байланыста орналасуы, бұл жүйеде барлық элементтер функционалдық және құрылымдық тұрғыдан бір бірлерімен байланысты;
- табиғи объектілердің қызметі адамның өзгертуіне келмейтін объективтік заңдылықтарға бағынады.

Аталған белгілерге жауап беретін табиғи объектілерді үш негізгі топқа бөліп қарастыруға болады:

- жекелеген табиғи объектілер. Оларға ең алдымен жер, жер қойнауы, су, ормандар, орманнан тыс өсімдіктер дүниесі, жануарлар дүниесі және атмосфералық ауа;
- кешенді табиғи объектілер (табиғи кешендер): мемлекеттік табиғи қорықтар, ұлттық парктер, қорықшалар және ерекше қорғауға жататын табиғи аумақтардың өзге де түрлері;
- жалпы тұтастай алғанда қоршаған орта экологиялық құқықтық қатынастардың объектілері [37, б. 55].

Салыстырмалы түрде қарастыру мақсатында Беларусь Республикасы қоршаған ортаны қорғау туралы заңының бесінші бабында климат қоршаған ортаны қорғау саласының объектісі ретінде қарастырылып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтық қатынастардың объектілері ретінде жер

(топырақты қоса алғанда), жер қойнауы, су, атмосфералық ауа, озон қабаты, жерге жақын ғарыш кеңістігі, ормандар, өсімдіктер, жануарлар дүниесі, оның түрлік сипатына, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, арнайы қорғалатын табиғи аумақтар, ұлттық экологиялық желі, биосфералық резерваттар, типтік және сирек кездесетін табиғи ландшафтылар мен биотоптар, климат, табиғи экожүйелер, өзге де табиғи объектілер және табиғатты пайдалану құқығы жатқызылады [38].

Бірақ, талдаулар көрсеткендей Белоруссия заңнамасында да климаттың құқықтық анықтамасы берілмеген.

Біздің пікірімізше құқықтық қатынас объектілері деп құқық субъектілерінің субъективтік құқықтары мен заңды міндеттерін анықтайтын, құқықтық тұрғыдан маңызы бар, құқықтық тұрғыдан реттеуге жататын материалдық немесе материалдық емес игіліктер, сонымен қатар заңды маңызы бар әрекеттерді атауға болады. Құқықтық қатынас объектілері құқықтық қатынастардың пайда болуына, өзгеруіне не болмаса тоқталуына негіз болады. Аталған белгілерге сүйенсек климат жеке дара құқықтық қатынастардың объектісі бола алмайды, бірақ құқықтық реттеу объектісі бола алады деп тұжырым жасауымызға болады.

Климат ол тек физикалық тұрғыдан ғана емес, ол сонымен қатар тұрақты дамуды қамтамасыз ететін мемлекеттік құқықтық тұрғыдан реттелініп, әлеуметтік экономикалық категория ретінде қарастырылуы тиіс. Климаттың құқықтық мәні оның адам өмірі мен денсаулығына, экономиканың негізгі салаларына, табиғи ресурстарды пайдалану тәртібіне, және экожүйенің тұрақтылығына тікелей ықпал етуімен анықталады.

Сонымен құқықтық сипаттағы климат дегеніміз ол экологиялық қауіпсіздік пен орнықты дамудың негізі бола тұра белгілі бір аумақта не болмаса ғаламдық деңгейде қалыптасатын атмосфералық, геофизикалық және биосфералық үдерістердің ұзақ мерзімді жиынтығы болып саналатын, адам өмірі мен денсаулығына, табиғатты пайдалану тәртіптеріне әлеуметтік - экономикалық дамуға әсер ететін, шығу тегінің ерекшеліктері бар, әмбебап ғаламдық сипатқа ие, адамзаттың ықпалына тәуелді, күрделі әрі кешенді категория болып табылады. Ал климатты қорғау дегеніміз климат жүйесіне негативті антропогендік ықпалды азайту, шектеу, алдын алуға, парниктік газдардың көлемін азайтуға, климаттық өзгерістердің салдарына бейімделу мен оларды жұмсартуға бағытталған мемлекеттің экологиялық қауіпсіздігін және орнықты дамуды көздейтін ұлтық заңнама мен халықаралық актілерде бекітілген қағидалар, нормалар, институттар мен ереже жүйесінен тұратын құқық қолдану қызметі.

Климаттың экологиялық құқықтық белгілеріне мыналар жатады:

- климаттың әмбебап ғаламдық сипатқа ие болуы;
- ұзақ уақыт пен тұрақтылықты қамтуы;
- кешенді экологиялық сипатының болуы;
- адамзаттың ықпал етуіне тәуелді болуы;
- экологиялық қауіпсіздік пен тұрақты дамудың негізі болуы.

## **1.2. Қазақстан Республикасында климатты қорғаудың құқықтық қағидаларының мәні**

Климатты қорғаудың құқықтық қағидалары жалпы тұрғыдан алғанда климаттық қатынастарды реттеуде басшылыққа алынатын фундаменталды идеялардың жиынтығын білдіреді. Климатты қорғаудың құқықтық қағидалары осы қатынастарды кешенді объективтік және жан-жақты реттеуді қамтамасыз ету үшін қажет. Сондықтан климатты қорғаудың құқықтық қағидаларын анықтау үшін бірқатар ғылыми сұрақтарға жауап бергеніміз дұрыс. Ең алдымен климаттық қорғаудың құқықтық қағидаларының маңыздылығы қандай? Климаттық қорғаудың құқықтық қағидаларының ғылымның дамуына әсері қандай болады? Жалпы құқық қағидалары дегеніміз не? Құқық қағидалары құқық саласының қалыптасуы мен құқық нормаларының әрекет етуіне қалай ықпал етеді? Климатты қорғаудың құқықтық қағидалары халықаралық құқықтық сипаты бар актілерде қалай бекітілген? Халықаралық құқықтық актілерде анықталған қағидалар ұлттық заңнамаға әсері қалай болуы керек? Қоршаған ортаны қорғау заңнамасының қағидалары мен климатты қорғауды құқықтық қағидаларының арақатынасы қандай болуы тиіс және т.б.

Құқық теориясының жалпы ережелері бойынша құқықтық қағидалары құқық нормаларының деңгейінде нақты анықталып, құқық нормаларының қызмет бағыттарын анықтап, заңнамалық деңгейде бекітілуі тиіс.

Құқық қағидалары қоғамдық қатынастардың әмбебап реттеушісі ретінде құқықтың мәні мен әлеуметтік құндылығын білдіретін іргелі, нормативтік маңызды идеялар мен басшылыққа алынатын фундаменталды ережелердің жиынтығын білдіреді. Құқық қағидалары құқық мазмұнының маңызды элементі ретінде әрекет етеді, құқықтық нормалармен салыстырғанда жалпылау мен абстракцияның жоғары деңгейімен ерекшеленіп, тұрақтылықпен сипатталады және қоғам дамуының нақты тарихи, әлеуметтік-экономикалық және мәдени факторларына байланысты фундаменталды ережелер. Құқық қағидалары заң шығару және құқық қолдану қызметінің бағытын анықтайтын жүйе құраушы функцияны орындайды, сонымен қатар құқық салаларын, кіші салаларын және институттарын қалыптастыруға негіз болады. Әрекет ету саласына байланысты барлық құқық салаларына ортақ (заңдылық, әділеттілік, гуманизм, заң алдындағы теңдік, мемлекет пен жеке тұлғаның өзара жауапкершілігі), құқықтың жекелеген салаларына тән салалық қағидаларға және тұтастықты, келісімділік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін бірнеше құқық салаларында қолданылатын салааралық қағидаларға бөлінеді [39].

Құқық қағидаларының тағы бір ерекшелігі олар заңдар мен өзге де ресми сипатқа ие нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерінде, ғылыми доктриналды еңбектерде көрініс табады. Құқық қағидаларының заңнамаларда бекітілу нысанына қарай әр түрлі сипатта анықталуы мүмкін.

Мысалы, әдетте құқық қағидалары заң актілерінің қағидалары бөлімінде нақтыланып тізімделсе, кейбір қағидаларға арнайы жеке бап арналып. Сол нормада бекітілген қағиданың мәні мен мазмұны анықталады. Заңнамалық зерттеулерде байқалған тағы бір өзгешелік, құқық қағидалары әдетте нормативтік құқықтық актінің кіріспе бөлігінде анықталып. Оның басқа нормаларында сол құқық қағидасын іске асыру тетіктері бекітіледі [40, б. 53-59].

Сонымен, құқық қағидаларының келесі ортақ заңдылықтары мен ерекшеліктері анықталғанын байқаймыз. Ең алдымен, құқық қағидасы бұл нақты қоғамдық қатынастарды реттеуде басшылыққа алынатын негізгі фундаменталды идеялардың жиынтығы бола тұра құқықтың даму бағыттарын анықтайтын жүріс тұрыс ережелері деп анықтама келтіруге болады. Құқық қағидалары құқық нормасы бола алмайды, алайда олар заңнамада бекітілгендіктен құқық нормасының қалай жұмыс жасау керек тәртібін анықтайды. Құқық қағидасы доктриналдық даму сипатына қарай өзгеріске ұшырап дамып отыруы мүмкін. Құқық қағидасының мазмұны құқықтың жүйелі түрде қызмет атқаруына, қайшылықтарды болдырмауға, және құқықтық дамудың бағдарын анықтауда ерекше орынды иеленеді.

Біздің пікірімізше, климатты қорғаудың құқықтық қағидалары мемлекеттің климаттық өзгерістерді, болдырмау, климаттық өзгерістерді жұмсарту не болмаса климаттық өзгерістерге бейімделу үрдісін мемлекеттік құқықтық реттеуде басты стратегиялық идеялар болуы тиіс. Аталған қағидалар ұлттық экологиялық құқықтың негізі бола тұра осы саладағы мемлекеттің климаттық саясатының мазмұны мен негізгі даму бағыттарын айқындайды. Сондай-ақ климатты қорғаудың құқықтық қағидаларының басты мақсаты климатқа антропогендік ықпал ету деңгейін шектеу және бақылау, парниктік газдар көлемін азайту туралы міндеттемелерді орындау және халықаралық климаттық міндеттемелерді ұлттық құқық жүйесіне имплементациялау мақсаттарын көздейді.

Осылайша климатты қорғаудың құқықтық қағидалары қоршаған ортаны қорғау заңнамасының тұрақтылығын қамтамасыз етіп қана қомай, орнықты дамуға үлес қосу арқылы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде және адамның қолайлы қоршаған ортаға деген конституциялық құқығын қорғауды іске асыру мен мемлекеттің ұзақ мерзімді әлеуметтік экономикалық дамуына негіз бола алады. Климаттық өзгерістердің салдары адамзат дамуы үшін қолайсыз соның ішінде тек конституциялық құқықтардың шектелуіне ғана емес ол сонымен қатар әлеуметтік әділеттілікке, экономикалық тұрақтылыққа тіпті халықаралық қауіпсіздікке қауіп болу ықтималдылығы аса жоғары.

Отандық ғылыми зерттеушілер өздерінің еңбектерінде климатты қорғаудың құқықтық қағидаларын анықтауда ең алдымен оның тұғырнамалық негізі ретінде халықаралық экологиялық құқықта қалыптасқан қағидалар болу керектігін негіздейді. Атап айтқанда, олар: сақтық қағидасы, ластаушы төлейді қағидасы, орнықты даму қағидасы, барлығына ортақ

сараланған жауапкершілік қағидасы және т.б. қағидалар болуы керек [41, 94-101].

С.А. Боголюбовтің пікірінше, климат өзгерістері мәселелері саласындағы қағидалар ең алдымен халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаларына, БҰҰ жарғысына, халықаралық құқық қағидалары декларациясына, БҰҰ климат өзгерістері жөніндегі негіздемелік конвенциясында анықталады [42].

Олар:

1) Сақтық шараларын қабылдау қағидасы. Ол қағиданың мәні Қоршаған ортаны қорғау мақсатында мемлекеттер өз мүмкіндіктеріне сәйкес сақтық шараларын қабылдау принципін кеңінен қолдану дегенді білдіреді. Елеулі немесе қайтымсыз зиян келтіру қаупі бар жағдайларда толық ғылыми сенімділіктің болмауы қоршаған ортаның нашарлауының алдын алу бойынша үнемді шараларды қабылдауды кейінге қалдыру үшін себеп ретінде болмауы тиіс. Бұл қағида сонымен қатар БҰҰ климат өзгерістері жөнінде негіздемелік Конвенциясында да көрініс тапқан. Аталған Конвенция бойынша тараптар климаттың өзгеру себептерін болжау, алдын алу немесе барынша азайту және оның теріс салдарын азайту мақсатында алдын алу шараларын қабылдауы тиіс. Ауыр немесе қайтымсыз зиян келтіру қаупі бар жерлерде климаттың өзгеруіне қарсы саясат пен шаралар жаһандық игіліктерді ең аз шығындармен қамтамасыз ету үшін үнемді болуы керек екенін ескере отырып, мұндай шараларды кешіктірудің себебі ретінде ғылыми сенімділіктің жеткіліксіздігі болмауы керек. Осы мақсатта мұндай саясат пен шаралар әртүрлі әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескеруі, жан-жақты болуы, парниктік газдардың барлық тиісті көздерін, газдар жинақтағыштарын және бейімделу шараларын қамтуы және барлық экономикалық секторларды қамтуы керек. Климаттың өзгеруіне әрекет ету бойынша күш-жігерді мүдделі тараптар бірлескен негізде жүзеге асыру мүмкіндіктеріне ие [43].

2). Халықаралық ынтымақтастық қағидасы. Бұл қағида климатты қорғауды құқықтық қамтамасыз етуде аса маңызды стратегиялық бағыт болып табылады. Өйткені, климаттың анықталған белгілері мен ерекшеліктері халықаралық ынтымақтастық негізінде ғана оны қорғау не болмаса климатқа құқықтық ықпал ету мәселелерін шеше алады.

3) Орнықты даму қағидасы. Қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ету болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігіне нұқсан келтірмейтіндей іске асыру дегенді білдіреді. Бұл қағиданың өмірге келу тарихы 80-ші жылдардағы басты оқиға 1987 жылы Комиссияның Бас Ассамблеяға «біздің ортақ болашағымыз» атты баяндамасын ұсынумен байланысты болды. Бұл құжат тұрақты дамудың жаңа тұжырымдамасын ұсынды. Ол шексіз экономикалық өсуге негізделген дамуға балама болды. Дәл осы баяндама «тұрақты даму» терминінің ғылымға енуіне себеп болды [44].

4) Жалпы, сараланған жауапкершілік қағидасы. Аталған қағида Париж конвенциянда тікелей анықталған. Ол бойынша әр түрлі ұлттық деңгейлердегі мүмкіндіктерге сәйкес келетін әділеттілік пен ортақ сараланған жауапкершіліктер қағидасы негізінде іске асырылады [7].

Өз кезегінде В.А. Семенихина климатты құқықтық қорғаудың келесі қағидаларын ұсынады:

- Мемлекеттердің егемендігі қағидасы, аталған қағида бойынша климатты қорғау нақты мемлекеттердің халықаралық нормаларды ішкі заңнамасына имплементациялау нәтижесінде іске асады. Климаттық қорғау нормалары халықаралық құқықта бекітілгенімен олардың нақты іске асуы егеменді мемлекеттердің ішкі заңнамаларының қабылдануына тікелей тәуелді;

- Дамушы және әлсіз мемлекеттердің мәртебесін ерекше тану қағидасы, климатты қорғаудың құқықтық қағидасы ретінде санауға негіз бар. Бұл қағида көптеген халықаралық құқықтық актілерде көрініс тауып бекітілген қағидалар санатына жатады [10].

Ал М.М. Бринчук өз кезегінде халықаралық экологиялық құқықтың келесі қағидаларын анықтайды: әрбір адамның табиғатпен үйлесімде салауатты әрі толыққанды өмір сүру құқығы; адамның қолайлы қоршаған ортаға деген құқықтарының басымдығы қағидасы; әрбір мемлекеттің өзінің аумағындағы табиғи ресурстарға егемендіктерінің ажырамас болуы қағидасы; орнықты даму, яғни экологиялық тұрғыдан негізді әлеуметтік экономикалық даму қағидасын білдіреді; экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және өзге де құқықтық қағидалар [45].

Р.В. Никоновтің климатты қорғаудың құқықтық қағидаларын анықтауда бірқатар қағидаларға назар аударады. Олар:

- Климатты қорғаудың ортақ сараланған жауапкершілік қағидалары;
- Сақтық қағидасы;
- Орнықты даму қағидасы
- Халықаралық ынтымақтастық қағидасы. Осы қағидаларды автор С.А. Боголюбовтің орындаған еңбегінде неғұрлым толығырақ атап өтеді [28].

Біздің пікірімізше осы аталған қағидалар халықаралық құқық шеңберінде анықталғандықтан ол неғұрлым жалпы сипатқа ие және климаттық құқықтық қорғау қағидалары халықаралық экологиялық құқық шеңберінде анықталуы тиіс. Сонымен қатар ұлттық заңнамамен бекітілген қағидалар неғұрлым ресми сипатқа ие болады. Бірақ аталған қағидалар ұлттық құқықты климатты қорғаудың құқықтық қағидаларын анықтау үшін аса маңызды. Халықаралық экологиялық құқық қағидаларын анықтауда А.Э. Маякуновтің зерттеулері қызығушылық тудырады. Автордың пікірінше, халықаралық экологиялық құқық қағидалары дәстүрлі түрде БҰҰ Жарғысында, Хельсинк қорытынды актісінде (1975 ж.) және БҰҰ қарарында БҰҰ Жарғысына сәйкес мемлекеттер арасындағы достық қатынастар мен ынтымақтастыққа қатысты халықаралық құқық қағидаттары туралы декларация және халықаралық құқық қағидаттары декларациясында

анықталған қағидалар жүйесі болады. Жалпы алғанда олар – егемендік, теңдік қағидаты, мемлекеттің аумақтық тұтастығы, ынтымақтастық, халықаралық-құқықтық міндеттемелерді орындау, мемлекеттердің ішкі саясатына араласпау, даулар мен жанжалдарды дипломатиялық реттеу қағидалары. Бұл ережелер мемлекетаралық қатынастар субъектілері арасындағы қарым-қатынастардың сапасы мен мазмұнын жаңғыртатын халықаралық экологиялық құқықтың бірден бір негізі болып табылады. Аталған нормативтік-құқықтық құжаттар табиғатты қорғау жөніндегі заң жүйесімен байланысты барлық салалардағы мемлекетаралық қарым қатынастардың реттеуге бағытталған. Бұл ережелер халықаралық экологиялық актілерінде жер планетасында табиғи тіршілік ету ортасын сақтау мен сақтаудың негізгі принциптері болып саналады. Олардан нақты халықаралық қатынастардың эмпирикалық сипаты қалыптасып, тәжірибелік тұрғыда әрекет ететін арнайы қағидалар туындайды. Алайда, халықаралық экологиялық құқық экологиялық қауіпсіздікке төнетін қатердің халықаралық сипаттағы мәселе екенін мойындағанымен, егемендік пен аумақтық қауіпсіздік сияқты халықаралық құқықтың қағидалары белгілі бір мемлекеттің өз аумағындағы қызметі екіншісінің экологиялық қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін немесе қауіп төндіретін жағдайлардан сақтану керектігін атап өтеді [46, б. 86-94].

Халықаралық экологиялық құқық қағидалары қазіргі заманғы халықаралық қоршаған ортаны қорғау жүйесінің тұжырымдамалық және нормативтік негізін қалыптастырады. Бірыңғай кодификацияланған актінің жоқтығына қарамастан, бұл қағидаттар көптеген әмбебап және аймақтық халықаралық шарттарда, сондай-ақ «жұмсақ құқық» актілерінде бекітіледі, бұл олардың құқықтық маңыздылығын біртіндеп институционализациялау мен нығайтуды көрсетеді. Зиянды болдырмау, сақтық, тұрақты даму, жалпы, бірақ сараланған жауапкершілік, халықаралық ынтымақтастық және қоғамның қатысуы принциптері жүйе құраушы функцияны орындайтыны анықталды. Олар мемлекеттердің егеменді құқықтары мен олардың жаһандық экологиялық жүйені қорғау жөніндегі міндеттері арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді, мемлекеттердің мінез-құлқының бірыңғай стандарттарын қалыптастыруға ықпал етеді және халықаралық шарттық міндеттемелерді түсіндіру кезінде бағдар ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар, жекелеген қағидаттардың құқықтық мәртебесінің түсініксіздігімен, олардың әр түрлі міндеттілік дәрежесімен, сондай-ақ тәжірибеде іске асыру мен орындалуын бақылаудың қиындықтарымен байланысты мәселелер анықталады. Бұл халықаралық экологиялық нормаларды ұлттық деңгейде имплементациялау тетіктерін одан әрі дамыту және халықаралық ынтымақтастықты жетілдіру қажеттігін растайды. Осылайша, халықаралық экологиялық құқық қағидаттары тек теориялық категория ғана емес, сонымен қатар жаһандық экологиялық сын-қатерлер жағдайында халықаралық құқықтық реттеуді дамытудың маңызды құралы болып табылады [47, б. 1-12].

Сонымен халықаралық экологиялық құқықтық сипаты бар актілерінің негізгілеріне талдау жасайтын болсақ, ең алдымен климат өзгеруі жөнінде БҰҰ негіздемелік Конвенциясы ережелеріне назар аудару қажет. Аталған құжаттар климатты қорғауға байланысты келесі маңызды қағидаларды қамтиды:

- мемлекеттердің климаттық жүйені адамзаттың қазіргі және болашақ ұрпақтарының игілігі үшін әділеттілік негізінде және олардың жалпы, бірақ сараланған жауапкершілігі мен мүмкіндіктеріне сәйкес қорғау міндеті. Дамыған елдер климаттың өзгеруімен және олардың жағымсыз салдарымен күресуде жетекші рөл атқаруы керек;

- дамушы елдер болып табылатын мемлекеттердің, атап айтқанда климаттың өзгеруінің теріс салдарына қатысты ерекше осал мемлекеттердің, сондай-ақ Конвенция ережелеріне сәйкес пропорционалды емес немесе басым ауыртпалықты көтеруге тура келетін елдердің нақты қажеттіліктері мен ерекше жағдайларын толық көлемде ескеру қажеттілігі;

- мемлекеттердің алдын алу шараларын қабылдау міндеті климаттың өзгеруі себептерін болжау, алдын алу немесе азайту және оның теріс салдарын азайту мақсатында. Елеулі немесе қайтымсыз залал қаупі бар жерде климаттың өзгеруіне қарсы күреске бағытталған саясат пен шаралар жаһандық игіліктерді барынша аз шығындармен қамтамасыз ету үшін экономикалық тиімді болуы тиіс екенін ескере отырып, мұндай шараларды қабылдауды кейінге қалдыру үшін ғылыми сенімділіктің жеткіліксіздігі себеп ретінде пайдаланылмауы тиіс. Осы мақсатта климатты қорғау саясаты мен шаралары әртүрлі әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескеруі, жан – жақты болуы, парниктік газдардың барлық тиісті көздерін, сіңіргіштері мен жинақтағыштарын және бейімделу шараларын қамтуы және барлық экономикалық секторларды қамтуы тиіс;

- климатты қорғау саласындағы саясат пен шаралар әр елдің нақты шарттарына сәйкес келуі және ұлттық даму бағдарламаларының болуы экономикалық даму климаттың өзгеруіне қарсы әрекет ету үшін маңызды болып табылады;

- ынтымақтастық қағидаты, сондай-ақ егер олар халықаралық сауданы ерікті немесе негізсіз кемсіту немесе жасырын шектеу құралы ретінде қызмет етсе, біржақты шараларды қоса алғанда, климаттың өзгеруіне қарсы күрес мақсатында қабылданған шараларды іске асыруға тыйым салу [48].

Киото хаттамасы (Киото, 11 желтоқсан 1997). I Қосымшаға енгізілген Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенцияға қатысушы мемлекеттер шығарындыларды шектеу және азайту жөніндегі өз міндеттемелері шеңберінде энергияны пайдаланудың тиімділігін арттыруды көздейді. Ол Монреаль хаттамасымен реттелмейтін парниктік газдарды сіңіргіштер мен жинақтағыштардың сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдауға; орман шаруашылығын жүргізудің, орман өсірудің және орман өсірудің ұтымды әдістеріне жәрдемдесуге тиіс. Ауыл шаруашылығының тұрақты нысандарын, зерттеу қызметін көтермелеу; парниктік газдар шығарындыларын шектеу

немесе азайту және бағыттарымен ерекшеленеді. Хаттамамен енгізілген ең маңызды құқықтық құрал-шығарындылар квоталарын сату. Бұл ретте шығарындыларды азайтудың кез келген бірлігі немесе қандай да бір мемлекет басқа мемлекеттен алатын белгіленген мөлшердің кез келген бөлігі сатып алынатын тараптың белгіленген мөлшеріне қосылады және керісінше беруші тараптан шегеріледі. Сатып алынатын шығарындыларды азайтудың кез келген сертификатталған бірліктері сатып алынатын тараптың белгіленген мөлшеріне қосылады. Егер міндеттемелердің әрекет етуінің белгілі бір кезеңіндегі шығарындылар ол үшін белгіленген мөлшерден аз болса, онда осы мемлекеттің өтініші бойынша міндеттеменің әрекет етуінің барлық кейінгі кезеңдеріне ол үшін белгіленген мөлшерге қосылады. Осылайша, Киото хаттамасы шығарындыларды азайтуға ұмтылатын мемлекеттердің іс-әрекеттерінің өзгергіштігін, ұзақ мерзімді жоспарлау мүмкіндігін және технологияларды жаңартуға арналған ресурстарды бөлудің тиімділігін қамтамасыз етеді. Демек, квоталармен саудаласу жеке қағида ретінде анықталуы мүмкін [49].

Климатты қорғаудың ортақ сараланған жауапкершілігі қағидасы Париж конвенциясында да міндетемелік норма ретінде бекітілді. Климаттың өзгеруі туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының негіздемелік Конвенциясының құрамдас бөлігі болып табылатын Париж келісімі 2015 жылы Париж қаласында өткен Біріккен Ұлттар Ұйымының климатын өзгеруі туралы конференциясында қабылданып, 2020 жылы күшіне енді. БҰҰ -ның бас хатшысы А.Гутершидің мәлімдеуінше, бұл келісім «тарихи жетістік» болып табылады. Алайда, Париж келісімін жасасу үрдісінде де, қазіргі уақытта да әлемдік энергетикалық тұрақсыздықтың орын алуы мен Париж келісімінде анықталған міндеттерді орындаудағы мемлекеттердің белсенділігі мен саясатының тиісті деңгейде болмауы, келісімнің тиімділігі мен онда көзделген мақсаттарға қол жеткізу мүмкіндігі жөнінде қоғамда пікірталастар толастамай отыр. Осыған байланысты Париж келісімінде бекітілген міндеттемелер мен жалпы осы халықаралық актінің жүзеге асыру тетіктерін жетілдіруді зерттеу мәселесі болу керек деген қорытынды жасауымызға болады [50].

Париж Конвенциясының 2-бабында бекітілген мақсаттар климаттың өзгеруіне қарсы ғаламдық құқықтық тетіктердің стратегиялық негізін анықтайды. Осы норма климаттық саясатты жүзеге асыруда қоршаған ортаны қорғаумен шектелмей, сонымен қатар орнықты дамуды қамтамасыз ету және кедейлікті жоюға бағытталған кешенді әлеуметтік экономикалық үрдіс ретінде қарастырады. Ғаламдық орташа температура деңгейінің ауытқушылығын шектеу туралы халықаралық міндеттемелер қошаған ортаға және жалпы экожүйеге келтірілетін залалдарды азайтуға бағытталған ғылыми негіздемелерді жасақтаудың тұжырымдамалық бағыты болады. Сондай-ақ бейімделу мүмкіндігін арттыру, төмен көміртекті дамуды ұштастыра отырып ол мемлекеттерде азық түлік қауіпсіздігінің сақтауға ықпалын тигізеді. Қаржылық мүмкіндіктерді климатты сақтауға бағдарлау

мемлекеттердің халықаралық қаржылық жауапкершіліктерінің артуына және ғаламдық тұрақтылықтың сақталуына себеп болады. Осылайша, аталған норма климаттық құқықтың жүйелі және тұрақты дамуына ықпал ете алады.

Климатты қорғаудың келесі халықаралық сипаттағы құқықтық қағидасы ол сақтық қағидасы. Париж Конвенциясы жаһандық орташа температураның өсуін өнеркәсіптік деңгейден 2°C-тан әлдеқайда төмен ұстау және температураның өсуін 1,5°C-қа дейін шектеуге күш салу климаттың өзгеру қаупі мен әсерін айтарлықтай төмендететінін мойындайды. Дәл осы норма сақтық қағидасының ерекшеліктері мен белгілерін қамтиды және климаттық тұрақтылыққа қол жеткізудің негізгі құралы бола алады. Ғаламдық климат өзгерістерімен күресуде мемлекеттердің үлесін анықтау, парникік газдар көлемін азайту шараларын бекіту, бейімделу іс қимылдарын жасақтау, және климаттық тәуекелдердің алдын алу мәселелері Париж Конвенциясының өзекті мәселелері болып табылады. Бұл дегеніміз, Париж Конвенциясы сақтық қағидасының абстрактілі ұғымнан неғұрлым нақты түсінікке айналдырған халықаралық құқықтық тетік болып саналады. Өз кезегінде сақтық қағидасының осы актіде көрініс табуы Париж Конвенциясына мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасына имплементациялану арқылы мемлекеттер үшін императивтік сипаты бар қағида болады дегенді білдіреді [7].

Климатты қорғаудың келесі құқықтық қағидасының бірі ол климатты қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық қағидасы. Халықаралық ынтымақтастық қағидасы ол жалпы халықаралық құқықтың қалыптасуы мен дамуында ерекше мәртебеге ие қағида болып саналады. Себебі, экологиялық сипаттағы барлық актілер және қоршаған ортаны қорғау саласындағы болашақ актілердің негізгі идеясы болады. Себебі, халықаралық құқық субъектілерінің өз алдына міндеттемелер алуы көбінде диспозитивті сипатта болады. Ал қоршаған ортаны қорғау мәселесінің халықаралық деңгейге артуы объективтік және субъективтік себептермен тығыз байланысты болады. Осы себептер табиғи экологиялық және әлеуметтік -экономикалық себептер болып жіктеледі [28].

Қазақстан Республикасының құқықтық тәжірибесінде климатты қорғаудың құқықтық қағидаларының мәні Қазақстан Республикасының климаттық халықаралық климаттық міндеттемелерін орындауды көздейтін, климаттық өзгертулердің алдын алу, жұмсарту және климаттық өзгерістерге бейімделу шараларын қамтитын, ҚР экологиялық құқығы қағидаларымен сабақтас болатын, халықаралық актілерге негізделген бастапқы және негізгі фундаменталдық ережелердің жиынтығы. Осы ретте климаттық өзгерістерге бейімделу қағидасы ол мемлекеттер үшін қайтарымсыз тұрғыда орын алған өзгерістердің ұтымды тұстарын алу дегенді білдіреді [51, б. 45-58].

Атап өткеніміздей, климатты қорғаудың құқықтық қағидалары экологиялық құқық қағидаларымен тығыз байланысты және сабақтасып жатыр. Экологиялық құқық қағидалары климатты қорғаудың құқықтық

қағидаларының негізі болады. Осы тұрғыдан алғанда климатты қорғаудың экологиялық құқықтық қағидаларын анықтай аламыз.

Д.Л. Байдельдиновтің экологиялық құқық қағидаларының мәні мен мазмұнын саралай отырып, олар қоршаған ортаны қорғау саласында байланыстырушы қызметті атқаратынын атап өтеді. Оның пікірінше, экологиялық құқық қағидалары құқық нормаларының мәні мен мазмұнын анықтаумен шектелмей, белгілі бір институттарды реттеуде өзара байланыстырушы қызметті атқаратын негізге идеялар жиынтығы ретінде қызмет атқарады. Сондықтан да экологиялық қатынастарды құқықтық тұрғыдан реттеу барысында, ең алдымен олардың ерекшеліктеріне аса назар аударылуы тиіс, яғни аталмыш қағидалар нормаларда тікелей бекітіліп, қоғамдық қатынастар дәл сол бастапқы ережелерге сай қалыптасуы керек [52].

С.Т. Культелеевтің экологиялық құқық қағидаларын анықтауда неғұрлым нақтылыққа мән береді. Автордың пікірінше, экологиялық құқық қағидалары бірқатар белгілер мен сипаттарға жауап берулері тиіс. Ең алдымен ол құқық нормаларында көрініс табуы, құқық саласының мазмұнын анықтайтын, құқықтық реттеу пәні мен әдістеріне ортақ, құқық нормалар деңгейінде тұтас болатын идеялар мен ережелер жиынтығын білдіреді [53].

Сонымен, Қазақстан Республикасының экологиялық құқығының қағидалары қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың негізі болады. Оның негізгі қызмет түріне орнықты дамуды қамтамасыз ету, экологиялық қауіпсіздікті сақтау, сондай-ақ экологиялық қатынастарды құқықтық реттеу барысында басшылыққа алынуы тиіс.

ҚР Экология кодексінің 5-бабында келесі маңызды қағидалар бекітілген:

- Алдын алу қағидасы;
- Сақтық қағидасы;
- Пропорционалдылық қағидасы;
- «Ластаушы төлейді қағидасы»;
- Тұрақты даму қағидасы;
- Интеграция қағидасы;
- Экологиялық ақпаратқа қол жетімділік қағидасы;
- Қоғамдық қатысу қағидасы;
- Экожүйелілік тәсіл қағидасы [35].

Климат заңының қағидалары белгілі бір дәрежеде қоршаған ортаны қорғау заңының қағидаларын нақтылауға, түсіндіруге және дамытуға бағытталған. Осы институт аясында климаттың өзгеруіне қарсы күреспен байланысты жалпы және арнайы қағидаларды ажырату орынды. Мысалы, арнайы қағидаларға азаматтық қоғамның климаттық шешім қабылдауға қатысу қағидасы, климаттық интеграция, климаттық қауіпсіздік, климатқа төзімділік, климаттық әділеттілік, климатты басқаруда сақтық, ортақ бірақ бөлек жауапкершілік, көміртегі бейтарап экономикаға басымдық, көміртегі

белгілері бар өндірісті шектеу және парниктік эффектiнiң қаупiн тудыру және т.б.

Климаттық дауларды шешуде бiрқатар қағидалар реттеушi ретiнде қызмет етедi. Олардың бiрi – ортақ, бiрақ сараланған жауапкершiлiк қағидасы. Киото хаттамасының бұл қағидасы Париж келiсiмiндегi жаңа нұсқасында әр елдiң ұлттық ерекшелiктерiн ескеру қажеттiгiн баса көрсетедi. Климат әдiлдiгi қағидасы да маңызды реттеушi контекстiнi қамтамасыз етедi, яғни климаттың өзгеруiне ең көп жауаптылар ең үлкен жауапкершiлiктi өз мойнына алуы тиiс дегендi бiлдiредi. Әдiлет қағидасы аясында тарихи тұрғыдан жоғары шығарындылары бар кейбiр мемлекеттердiң өткен парниктiк газ шығарындылары үшiн өтемақы төлеуге мiндеттi ме деген дау бар. Заңгерлiк сарапшылар бұл сұраққа оң жауап бередi, себебi әдiлет тұжырымдамасы тарихи жауапкершiлiктi мойындаудың негiзiн кұрайды [54, б. 7-28].

Қорытындай келе, Қазақстан Республикасы климатты қорғаудың құқықтық қағидалары деп ҚР климаттық халықаралық климаттық мiндеттемелерiн орындауды көздейтiн, климаттық өзгертулердiң алдын алу, жұмсарту және климаттық өзгерiстерге бейiмделу шараларын қамтитын, ҚР экологиялық құқығы қағидаларымен сабақтас болатын, халықаралық актiлерге негiзделген бастапқы және негiзгi фундаменталдық ережелердiң жиынтығын айтамыз. Жасалынған зерттеулердiң негiзiнде климатты қорғаудың құқықтық қағидаларының белгiлерiн анықтауға болады:

- Климатты қорғаудың құқықтық қағидаларының негiздiлiгi мен халықаралық құқықтық актiлерде бекiтiлуi мен көрiнiс табуы. Зерттеулер көрсеткендей климатты қорғаудың құқықтық қағидалары ең алдымен халықаралық келiсiм шарттар мен өзге де мiндеттi актiлерде көрiнiс тапқан. Оның басты сипаты халықаралық келiсiм бойынша мiндеттеме алған мемлекеттер үшiн ұлттық заңнамаға енгiзу әлеуетiнiң жоғары болуымен байланыстырылады.

- Кешендiлiк пен салааралық сипатқа ие болуы. Аталған қағида климат қорғау тек бiр ғана құқық саласының шенберiмен шектелмей бiр уақытта бiрнеше құқық салалары үшiн мiндеттi болуымен сипатталады. Мәселен, климатты қорғауда халықаралық құқық, энергетикалық құқық, экологиялық құқық, қаржы құқығы салалары қағидаларымен байланысты болады.

- Сақтық пен алдын алу бағытының болуы. Аталған қағида климаттық өзгерiстердiң алдын алуды қоса алған да климаттық өзгерiстерге әкелуi мүмкiн әрекеттерден сақтану шараларын қолдану мiндетiн түрлi сипаттағы нормативтiк актiлерде бекiтiлген.

- Жауапкершiлiктi бөлудiң әдiлеттiлiгi қағидасы. Аталған қағида бойынша тарихи тұрғыдан қалыптасқан климатты қорғау жөнiнде мiндеттемелерiн мемлекеттер өзара бөлуде әдiлеттi болуы және мемлекеттердiң әлеуетiне қарай ол жауапкершiлiктi бөлу дегендi бiлдiредi.

- Ұзақ мерзiмдi сипатқа ие және орнықты дамуды қамтуы. Климаттың ерекшелiктерi олардың ұзақ мерзiмде ғана анықталу мүмкiн болуында.

Сонымен жасалынған зерттеу нәтижелері климатты құқықтық қорғау қағидалары бірнеше негіздермен жіктелетінін көрсетті. Біріншіден, жалпы қағидалар. Ол құқықтың барлық салаларына тән және ортақ болатын қағидалар жүйесі. Мәселен, оларға заңдылық, теңдік, гуманизм, әделеттілік және тағы басқа қағидалар тізімін жатқызуға болады. Екіншіден, халықаралық құқықтық сипаттағы қағидалары. Олар халықаралық құқық нормаларымен анықталған және халықаралық құқықтық актілерде көрініс табатын қағидалар. Үшіншіден, климатты қорғаудың экологиялық құқықтық қағидалары, жалпы алғанда экологиялық құқық қағидаларын климатты қорғаудың құқықтық қағидалары ретінде тануға да негіз бар. Төртіншіден, қағидалардың неғұрлым нақты тобы яғни климатты қорғаудың тікелей құқықтық қағидалары. Оларға жататындар:

- Интегративтік климаттық өзгерістердің міндетті орын алуы қағидасы. Бұл қағиданың мазмұны климаттық өзгерістер міндетті түрде орын алатынын және климатты қорғау нормаларының ұлттық құқық салаларының нормаларына міндетті бекітілуі тиістігін білдіреді.

- Алдын алу мен бейімделу теңгерімін сақтау қағидасы. Аталған қағида климаттық өзгерістерге қарсы саясаттың негізгі екі компонентінен шығады. Яғни, мемлекеттік саясат климаттық өзгерістерді алдын алуға және орын алған климаттық өзгерістерге бейімделу міндетінің болуын білідерді.

- Сараланған климаттық жауапкершілік қағидасы ғаламдық климаттық мәселелерді шешуде мемлекеттердің тарихи тұрғыдан дамуы мен экономикалық әлеуеттерін ескере отырып жүзеге асырылатын қағида. Яғни, климатты қорғауда мемлекеттердің экономикалық даму әлеуеттері ескеріле отырып жүзеге асырылады деген сөз. Сонымен қатар жаһандық тұрғыда климатты қорғау тек мемлекеттердің ғана емес сонымен қатар қызметі қоршаған ортаға антропогендік ықпалмен байланысты ірі корпорациялардың да міндеті екенін мойындаудан туындайды.

- Климаттық ретеулердің ғылыми дәлелдігі қағидасы. Бұл қағида бойынша климатты құқықтық реттеуде не болмаса климатқа қатысты стратегиялық шараларды қолдану тек ғылыми негіздеген нақты көрсеткіштерге негізделіп отырып жүзеге асырылуы керек дегенді білдіреді. Тек ғылыми дәлелдерге негізделіп қабылданған шешімдер ұзақ уақыт адамзат игілігі үшін қызмет ете алады. Сол себептен де, климаттық ғылым мемлекеттердің стратегиялық бағыттарының біріне айналуы керек. Сәйкесінше, ғылыми дәлелділік климаттық саясатты адамзат үшін тиімділігін қамтамасыз етудің кепілдігі болады.

- Экологиялық қауіпсіздік пен орнықты климаттық даму қағидасы. Аталған қағиданың басты идеясы қоршаған ортаны таза қалыпта ұстау мен оны болашақ ұрпаққа зиян келтірмейтін сипатта пайдалану дегенді білдіреді. Экологиялық қауіпсіздік қағидасы мен орнықты даму заңдылықтарына бағына отырып олардың байланысы негізде алынған қағида.

- Климаттық мәселелерде ашықтық қағидасы. Осы қағида бойынша климаттық мәселелерді шешуде құқық субъектілердің әрекеттері барынша

ашық және құқықтық рұқсат берілген шекте ақпарат алмасуға дайын болу керектігін білдіреді. Негізгі бастауы халықаралық ынтымақтастық қағидасының мәнінен туындайды. Бірақ, өзгешелігі мемлекеттер не болмаса қоршаған ортаны қорғау саласындағы өзге де субъектілердің климаттық мәселелерді шешуде аса қызығушылық танытуға міндеттеуінен тұрады.

- Бейтарап көміртектік экономикаға басымдық беру қағидасы. Аталған қағида бойынша мемлекетте не болмаса халықаралық деңгейде қоршаған ортаға шығарылатын көміртектер санын азайтуға бағытталған қызмет болу керектігін білдіреді.

### **1.3. Қазақстан Республикасы климатты қорғау заңнамасының қалыптасуы мен дамуы**

Қазақстан Республикасының климаттық заңнамасы қоршаған ортаға антропогендік ықпалдың теріс салдарын азайтуға, қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттің халықаралық міндеттемелерін орындауға, климатты құқықтық қатынастардың субъектілерінің құқықтық мәртебесін анықтауға, мемлекет ішінде климаттық қатынастарды реттеуге бағытталған нормативтік құқықтық актілердің жүесі болып табылады. Өз кезегінде климаттық заңнамасының негізгі мақсаттарын атап өткеніміз де дұрыс. Олар:

- климаттық өзгерулерді болдырмауды реттейтін актілер;
- климаттық өзгерістердің салдарына бейімделу үрдісін реттеуге бағытталуы;
- экологиялық қауіпсіздік пен тұрақты дамуды қамтамасыз етуге бағытталуы;
- халықаралық климаттық міндеттемелерді орындауды көздеуі;
- тұрақты төмен көмірсутектік экономикаға ұмтылуы;
- адамзат болашағы үшін қолайлы қоршаған орта жасауға басымдық беруі.

Х. Карлостың пайымдауынша климаттық заңнама ол тек халықаралық климаттық міндеттемелерді қамтымай, мемлекеттің тұрақты әлеуметтік экономикалық дамуына және экономика мен экологиялық қауіпсіздік арасындағы теңгерімді сақтауда маңызды қызметті атқарады [55].

Қазақстан Республикасы климатты қорғау заңнамасының қалыптасуы мен дамуы мәселелерін зерттеу елімізде ұлттық климаттық заңнамасының қалыптасуының ерекшеліктері, олардың құқық жүйесінде алатын орны мен даму болашағын зерделеуде маңызды теориялық және тәжірибелік рольді атқарады. Қазақстанның климат заңнамасы табиғи ортаға теріс антропогендік әсерді азайтуға бағытталған мемлекеттік саясат жүйесінде маңызды рөл атқарады, сонымен қатар климаттың өзгеруіне қарсы күрес саласындағы халықаралық міндеттемелерді тиімді жүзеге асыруда.

А.А. Нукушеваның пікірінше, Қазақстанның климаттық заңнамасы бірнеше өзара байланысты құқық салаларымен арақатынасы болатын кешен.

Ең алдымен, басты назар атмосфераға түсетін парниктік газдардың көлемін мүлтіксіз азайту керектігін білдіреді. Сонымен қатар, «жасыл» экономикаға біртіндеп көшу, мұнда басты мақсат экономикалық өсім емес, қоршаған ортаға қауіп-қатерді минималды деңгейге дейін төмендететін тұрақты даму басты міндеттеме ретінде бекітеді. Ұлттық құқықтық нормалар шалғынды, жартылай шөлді және орманды аймақтарды қоса алғанда, осал экожүйелерді сақтауға бағытталған нормалар жүйесін қамтиды. Сонымен қатар, мемлекет климаттың өзгеруінің теріс әсерлеріне — құрғақшылыққа, су тасқындарына және экстремалды температураларға — төзімділікті қамтамасыз етуі тиіс. Аталған шаралар белсенді климаттық саясат ұстанудың нәтижесінде ғана іске асырылу мүмкіндігі жоғары.

Зерттеулерде көрсетілгендей, Қазақстанның климат заңнамасы қалыптасуы мен дамуы ұзақ тарихи жолдан өтті. Қазақстанның климат саясатының екі негізгі тарихи кезеңін анықтауға болады: Париж келісіміне дейінгі кезең; Париж келісіміне қосылу және климат заңнамасын осы келісімнің талаптарына сәйкес бейімдеу кезеңі [56].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының климатты қорғау заңнамасының қалыптасуы мен дамуы халықаралық актілерінің қабылдануы негізінде және ұлттық заңнаманың қалыптасуы мен дамуына ол актілер тікелей ықпал етті.

Боданский Д. климаттық заңнаманың қалыптасу картасын ұсынады. Оның айтуынша, 1980-жылдардың соңы мен 1990-жылдардың басындағы климаттың өзгеру режимінің дамуы 1987 жылы стратосферадағы «озон тесігінің» анықталуы мен Брундтланд комиссиясының «Біздің ортақ болашағымыз» атты баяндамасын ұсыну кезінен бастау алып, 1992 жылы Рио-де-Жанейро қаласында өткен Біріккен Ұлттар Ұйымының қоршаған орта және даму жөніндегі конференциясында аса жоғары қоршаған ортаны қорғау белсенділігінің артуына себеп болды. 1972 жылғы Стокгольм конференциясымен және бірнеше жылдан кейін БҰҰ-ның Қоршаған орта бағдарламасының құрылуымен байланысты болған халықаралық экологиялық іс-қимылдың алдыңғы толқыны нақты ластаушы заттарды реттеу арқылы жергілікті, жедел және салыстырмалы түрде қайтымды ластану түрлеріне — мысалы, мұнай төгілуі мен теңізге қауіпті қалдықтарды төгу мен байланысты қатынастарды реттеуге бағытталған болатын. Қоршаған орта саласындағы заңнаманың соңғы кезеңі ұзақ мерзімді, қайтымсыз, жаһандық қауіп-қатерлерге — стратосфералық озон қабатының жұқаруына, биологиялық алуантүрліліктің жоғалуына және парниктік жылынуға — арналған және тек қоршаған ортаны қорғауға ғана емес, тұрақты дамуға қол жеткізу үшін қажетті жалпы экономикалық және әлеуметтік саясатқа бағытталуымен ерекшеленеді.

1997 жылы Киото хаттамасы аяқталғанға дейінгі климаттың өзгеру режимінің дамуын бес кезеңге бөлуге болады:

- 1985 жылғы дейін климатты қорғау мәселелернің саяси сипат ала бастауы мен ғылыми аландаушылықтың дамыған негізгі кезең. Бұл кезеңде

нақты құқықтық құралдар бекітілмегенімен климаттық өзгерістердің ғаламдық сипаты талқылана бастады;

- 1985–1988 жылдар аралығындағы климаттық мәселелерді халықаралық күн тәртібіне белгілеу кезеңі, осы уақытта климаттың өзгеруі ғылыми мәселеден саяси мәселеге айналды;

- 1988–1990 жылдар аралығындағы келіссөздерге дейінгі кезең, осы уақытта үкіметтер үдеріске белсене араласты, яғни ресми үкіметаралық келіссөздер кезеңі орын алды және ол өз кезегінде 1992 жылғы мамырда Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың Өзгеруі Туралы Негіздемелік Конвенциясын қабылдауға себеп болды;

- келісімнен кейінгі кезең, ол Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың Өзгеруі Туралы Негіздемелік Конвенциясын әзірлеу мен іске асыруға және қосымша міндеттемелер бойынша келіссөздерді бастауға бағытталды, бұл өз кезегінде 1997 жылғы желтоқсанда Киото хаттамасын қабылдауға түрткі болды. 1.-кесте [57, б. 11-31].

#### **Климаттық өзгерістер режимінің Боданский Д. ұсынған негізгі кезеңдері**

| <b>Конференция</b>                        | <b>Күні</b> | <b>Ұйымдар</b> | <b>Қорытындылар мен негізгі ұсыныстар</b>                                                                                                                 |
|-------------------------------------------|-------------|----------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Виллах конференциясы                      | 1985        | ДМҰ және ЮНЕП  | Климаттың елеулі өзгеруі өте ықтимал. Мемлекеттер жаһандық климаттық конвенцияны әзірлеуді бастауы тиіс.                                                  |
| Торонто конференциясы                     | 1988        | Канада         | Жаһандық СО <sub>2</sub> шығарындылары 2005 жылға қарай 20%-ға қысқартылуы тиіс. Атмосфера құқығы бойынша кешенді негіздемелік конвенцияны әзірлеу қажет. |
| БҰҰ генералдық ассамблеясы                | 1988        | БҰҰ            | Климаттың өзгеруі «адамзаттың ортақ алаңдаушылығы» деп танылды.                                                                                           |
| Гаага саммиті                             | 1989        | Нидерланд      | Қол қоюшы тараптар жаһандық жылынуға қарсы күрес жүргізу үшін жаңа институционалдық орган құруды ілгерілететін болады.                                    |
| Нордвейк конференциясы                    | 1989        | Нидерланд      | Индустриясы дамыған елдер парниктік газдар шығарындыларын мүмкіндігінше тезірек тұрақтандыруы тиіс.                                                       |
| МГЭИК-тің бірінші бағалау баяндамасы      | 1990        | ДМҰ және ЮНЕП  | Қазіргі үрдістер сақталған сценарий жағдайында орташа жаһандық температура он жыл сайын шамамен 0,3°C-қа артуы мүмкін.                                    |
| Екінші Дүниежүзілік климаттық конференция | 1990        | ДМҰ және ЮНЕП  | Мемлекеттер парниктік газдар шығарындыларын тұрақтандырып, ұлттық мақсаттар мен стратегияларды белгілеуі тиіс.                                            |

|                                                     |      |          |                                                                                                          |
|-----------------------------------------------------|------|----------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| БҰҰ Бас ассамблеясы                                 | 1990 | БҰҰ      | Үкіметаралық келіссөздер комитетін (INC) құру.                                                           |
| БҰҰ Қоршаған орта және даму жөніндегі конференциясы | 1992 | БҰҰ ҚОДК | БҰҰ Климаттың өзгеруі жөніндегі шеңберлік конвенциясы (БҰҰ КӨШК) қол қоюға ашық.                         |
| Бірінші тараптар конференциясы                      | 1995 | БҰҰ КӨШК | Берлин мандаты БҰҰ КӨШК шеңберіндегі міндеттемелерді күшейту жөніндегі келіссөздерді жүргізуге арналған. |
| Екінші тараптар конференциясы                       | 1996 | БҰҰ КӨШК | Женева министрлік декларациясы                                                                           |
| Үшінші тараптар конференциясы                       | 1997 | БҰҰ КӨШК | Киото хаттамасы                                                                                          |
| Төртінші тараптар конференциясы                     | 1998 | БҰҰ КӨШК | Буэнос-Айрес іс-қимыл жоспары                                                                            |

#### **1.-кесте Климаттық өзгерістер режимінің Боданский Д. ұсынған негізгі кезеңдері**

Паутилина М.И. пікірінше, 1997 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңде климаттың өзгеруін жеңілдету саласындағы халықаралық құқықтық реттеудің Боданский Д. ұсынған реттілікті сақтай отырып келесі кезеңдерді анықтауды ұсынады:

- 1997–2005 ж. Киото хаттамасын іске асыруға қатысты ережелер мен келісімдерді әзірлеу;
- 2005–2012 ж. Киото хаттамасының күшіне енуі және алғашқы міндеттеме мерзімі;
- 2012–2016 ж. Париж келісімін дайындау, қабылдау және күшіне енуі;
- 2016–2020 ж. Киото хаттамасының соңғы кезеңі және Париж келісімін іске асыру институттарын қалыптастыру.

Хронологиялық талдау нәтижесінде климатты сақтау саласындағы халықаралық құқықтық реттеудің негізгі кезеңдері келесі маңызды құжаттарды қабылдау мен іске асырумен сәйкес келетіні анықталды: Олар: Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі жөніндегі жақтаушылар конференциясының негіздемелік конвенциясы (UNFCCC), Киото хаттамасы мен Париж келісімі. Сонымен бірге, ретроспективтік талдауды қолдана отырып, қабылданған келісімдерді өзгеріп жатқан жағдайларға бейімдеудің және халықаралық, өңірлік және ұлттық деңгейлерде келісімдерді жүзеге асыруға арналған тиімді институттарды қалыптастырудың үздіксіз процесі туралы айтуға болады. Айта кетерлік жайт, ғаламдық климатты сақтау саласындағы қатынастар мен халықаралық құқықтық реттеудің дамуы жалғасатынын атап өткен жөн, себебі әлі де жаһандық қауіп-қатер бар және оған қарсы бірлескен күш-жігер қажет [58].

20-шы ғасырдың екінші жартысынан бастап адамзат жергілікті және өңірлік экологиялық мәселелер санының артуын бастан өткерді. Жаһандық экологиялық жағдай соңғы жылдары айтарлықтай нашарлады, ал кейбір үрдістер тек жойқын қана емес, кейде апатты сипатта болып отыр. 1980-жылдардың соңында дамыған елдер жариялаған тұрақты даму саясаты жаһандық экологиялық мәселелерді шешудің панаңеясына айналған жоқ, Сондықтан бүгінгі жағдайда мемлекеттер, үкіметтер және әлемдегі ең ірі экологиялық ұйымдар арасындағы жаһандық және ұлттық экологиялық мәселелерді шешудегі тығыз ынтымақтастық экологиялық проблемаларды шешудің аса тиімді жолы болып табылады. Мұндай ынтымақтастық 1970-жылдардың басында басталып, 40 жылдан астам уақыт бойы жалғасып келеді. 1972 жылғы Адамның қоршаған ортасы жөніндегі БҰҰ конференциясы (Стокгольм конференциясы деп те аталады) өзекті экологиялық мәселелер мен қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешу шаралары мемлекеттік деңгейде күн тәртібіне енгізілетінін алғаш рет жариялаған халықаралық форум болды. Стокгольм конференциясы ұлттық және халықаралық деңгейде қоршаған ортаны зерттеуге белсенді түрде үлес қосып, осы саладағы құқықтық нормалар мен заңнамалық бастамалардың қалыптасуына ықпал етті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық формаларының пайда болуын ынталандырды. Бұл конференция ғылыми әдебиетте жиі аталады, бірақ халықаралық экологиялық ынтымақтастықты қалыптастырудағы рөлі өте жалпы сипатта сипатталған, сондықтан оны тереңірек және егжей-тегжейлі зерттеу қажет [59, б. 89-94].

Сонымен анықталғандай, қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытудағы маңызды кезең 1972 жылғы БҰҰ Адамның қоршаған ортасы жөніндегі конференциясы болып, қазіргі заманғы халықаралық экологиялық құқық жүйесін қалыптастырудың негізін қалады. Конференцияның нәтижесі – БҰҰ-ның Алғашқы Әлемдік қоршаған орта декларациясын қабылдау болды, Ол қоршаған ортаны қорғаудың 26 қағидасын бекітіп, БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасының (UNEP) құрылуына әкелді, бұл болашақ жаһандық экологиялық басқарудың іргетасын қалады.

Конференция декларациясына сәйкес, адам – өз ортасының жаратылысы да, жасаушысы да, ол орта оның физикалық өмірін қамтамасыз етіп, интеллектуалдық, моральдық, әлеуметтік және рухани дамуға мүмкіндік береді. Біздің планетадағы адамзаттың ұзақ әрі ауыр эволюциясы барысында ғылым мен технологияның жедел дамуы нәтижесінде адамдар қоршаған ортаны бұрын-соңды болмаған ауқымда және сан алуан жолдармен өзгерту қабілетін иеленді. Адамның қоршаған ортасының табиғи да, антропогендік те екі аспектісі де адамның әл-ауқаты мен негізгі адам құқықтарын, тіпті өмір сүру құқығын жүзеге асыруда шешуші рөл атқарады. Адам ортасының сапасын сақтау және жақсарту халықтардың әл-ауқатына және әлемнің барлық елдерінің экономикалық дамуына әсер ететін маңызды мәселе. Бұл әлем халықтарының еркінің көрінісі және барлық елдердің үкіметтерінің

міндеті. Сонымен қатар Декларацияда қоршаған ортаны сақтау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, экожүйелердің қалыптылығын сақтау, сонымен қатар экономикалық өсім мен экологиялық қауіпсіздік арасындағы теңгерімді сақтау қағидалары анықталды. Негізгі және басты идея адамның қолайлы қоршаған ортаға деген құқықтарын тану халықаралық экологиялық құқықтың аса маңызды бағыты ретінде айқындалуымен ерекшеленеді [60].

Климаттың халықаралық маңызы бар мәселе екенін түсінуді арттыруда және мойындауда маңызды рөл атқарған тарихи оқиға – 1979 жылғы 12–23 ақпанда Женевада Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым ұйымдастырған Бірінші дүниежүзілік климат конференциясы болды. Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым басқа халықаралық ұйымдармен бірлесіп (1979 жылғы 12–23 ақпан, Женева) ұйымдастырды. Конференция нәтижесінде Дүниежүзілік климат конференциясының Декларациясы қабылданды. Осы құжаттың «мемлекеттерге үндеу» бөлімінде «әлемнің барлық елдері үшін келесі шараларды қолдану аса маңызды: а) климат туралы қолжетімді ғылыми білімді барынша пайдалану; б) оны одан әрі кеңейту және тереңдету шараларын қабылдау; в) ықтимал антропогендік климаттық өзгерістерді болжау және оның адамзатқа кері әсерін болдырмау келесіде. 1987 жылғы 16 қыркүйекте қабылданған Озон қабатын бұзатын заттар туралы Монреаль хаттамасы – халықаралық қоршаған ортаны қорғау саласындағы ең табысты келісімдердің бірі әрі халықаралық ынтымақтастықтың үлгісі [61].

Оны бекіту озонды бұзатын заттарды қолдануды айтарлықтай азайтуға ғана емес, сонымен бірге бүкіл әлем елдерінің жаһандық экологиялық мәселелерді шешудегі бірлескен күш-жігерінің тиімділігін көрсетуге де ықпал етті. Алайда тез әрі мағыналы климаттық іс-қимыл жасау қажеттілігі қазір бұрынғыдан да маңызды. Озон қабатын қорғаудағы мықты тәжірибесі мен күшті климаттық келісімге айналуы арқасында Монреаль хаттамасы әлеуетті арттырып, уәделерін орындаудағы тұрақты қабілетін көрсетті. Әлемдегі ең табысты экологиялық келісім ретінде аталған хаттама өзі бере алатын әрбір тонна азайтуды қамтамасыз ету үшін қолданылуы тиіс. Монреаль хаттамасының институттары мен процестерін нығайтып, бірқатар жаңа және күшейтілген саяси шараларды іске асыру арқылы бастапқыда озон туралы келісім ретінде қабылданған бұл хаттама қазір және болашақта СО<sub>2</sub> емес парниктік газдардың шығарындыларын айтарлықтай қосымша азайтады [62].

Сонымен байқағанымыздай, 1992 жылға дейінгі уақытта халықаралық қауымдастық климатты қорғау бойынша құқықшығармашылықтан гөрі климатты қорғаудың институционалды, ғылыми және идеологиялық және теологиялық алғышарттарын әзірлеуге бағыт алғанын байқаймыз. Осы қарастырып отырған кезеңдегі халықаралық сипаты бар декларациялар климаттық мәселелерді адамзат алдында тұрған қауіп ретінде қарастырып мемлекеттерді климат қорғау саласында жауапкершіліктерін бекітті. Аталған құжаттар жаһандық климат мәселесін күн тәртібіндегі мәселелер қатарына

енгізгенімен, парниктік газдар шығындыларын азайту, міндеттемелерді саралау, немесе жауапкершілік бекіту жөнінде нақты нормалар бекітпеді. Дегенмен де, аталған конвенциялар климаттық заңнаманың қалыптасуына және дамуына негіз болды. Осында саяси іс шаралардың нәтижесінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың Өзгеруі Туралы Негіздемелік Конвенциясы қабылдануға түрткі болды. Сәйкесінше, климаттық құқықтық дербес құқық саласы ретінде қарастырудың алғашқы алғышарттары пайда бола бастады.

Осылайша 1992 жылға дейінгі кезеңді халықаралық климаттық құқықтың қалыптасуы мен климаттық мәселелерді заңдастыру климаттық міндеттемелерді бекітуге дайындық кезеңі деп қарастыруға болады.

Климаттың өзгеруіне қарсы күрестің құқықтық негізін қалыптастырудағы негізгі құрал – 1992 жылғы 9 мамырда қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі жөніндегі негіздемелік конвенциясы (UNFCCC) болды. Бұл құжат Рио-де-Жанейро саммитінің нәтижесінде қабылданып халықаралық сипат алды. Саммит барысында климатқа антропогендік әсердің қауіпті зардаптарын мойындаған 154 ел жаһандық жылынуды тежеу үшін тығыз халықаралық ынтымақтастықтың қажеттігіне келісті. Келісімнің атауына «жалпы құрылым» терминін енгізу кездейсоқ емес, себебі UNFCCC тиімді реттеу үшін қосымша хаттамалар жасау мүмкіндігін қарастырды. Тараптар конвенцияны қабылдау климаттың өзгеру мәселесінің халықаралық деңгейде мойындалуын білдіріп, ғылыми белгісіздік деңгейі өте жоғары болған жағдайда да мемлекеттерді адам қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әрекет етуге міндеттеді. Жалпы конвенцияның басты мақсаты – парниктік газдардың (ПГ) атмосферадағы концентрациясын климат жүйесіне қауіпті антропогендік араласуды болдырмайтын деңгейде тұрақтандыру (2-бап). Сонымен бірге, осындай қауіп төндіретін қауіп деңгейін анықтау – шешілуі тиіс негізгі міндеттердің бірі болып қала береді.

Климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі тараптар режимінің негізгі ерекшеліктері, UNFCCC анықтауы бойынша, негізінен өзгеріссіз болғанымен оларды іске асыруға ықпал етеді. Конвенцияның негізгі ережелері:

- климаттың өзгеруіне қарсы күресте жетекші рөл атқару және ортақ, бірақ сараланған жауапкершілік қағидасын жүзеге асыруда дамыған елдердің жауапкершілігі;
- жаһандық қоршаған ортаны қорғау қорының қызметі арқылы дамушы елдерге қаржылық қолдау көрсету;
- өнеркәсіптік дамыған елдердің технологияларды аз дамыған елдермен бөлісуге келісімі;
- дамыған және дамушы елдердің өз міндеттемелерін орындау туралы есеп беруі: Қосымша I-ге кіретін тараптар климаттың өзгеруі саласындағы саясат пен шаралар туралы тұрақты түрде есеп береді; Қосымша I-ге кірмейтін тараптар, негізінен 2 дамушы елдер үшін іске асыру туралы есеп

беру шарттары әлдеқайда жеңілдетілген, соның ішінде оны дайындауға қаржы алуға байланысты шарттар;

- экономикалық дамуға, әсіресе кедей елдер үшін, басымдық беру, UNFCCC -ның мақсатына жету үшін қажет болғанда, ол:

- эмиссияларды шектеу мен дамушы елдердің экономикалық дамуы арасындағы тепе-теңдікті сақтауды талап ете отырып;

- барлық елдердің климаттың өзгеруінің әсерлеріне осалдығын және дамушы елдерде оларды жеңілдету үшін арнайы күш-жігер қажеттігін мойындауға бастапқыда жеңілдетуге көбірек назар аударылды, бірақ болашақта климаттың өзгеруінің әсерлеріне бейімделу процесі күшейтілетін болады;

- жұмыс істеу шеңберіндегі конвенцияны жүзеге асыру үшін институционалдық құрылым құрылды, ең алдымен тараптар конференциясы анықталды [63].

Қазақстан Республикасының климаттық заңнамасының қалыптасуы мен дамуында дәл осы конвенция негіздемелік қызметті атқарды. Себебі, еліміз осы конвенцияға қосылып климатты қорғау бойынша халықаралық міндеттемелерді орындап, оларды ұлттық заңнамаға кезең кезеңімен енгізу жолын тандайды. Конвенцияның негіздік сипаты оның климатты қорғауды құқықтық реттеуде жалпы қағидаларды ғана анықтаумен шектелмей, осы уақыттан кейінгі аралықта Киото хаттамасын және париж келісімі секіліді халықаралық маңызы бар актілерді қабылдауға түрткі болды.

Киото хаттамасы — БҰҰ Климаттың өзгеруі жөніндегі жақтаушылар конференциясының (UNFCCC) құрамына кіретін және халықаралық қоршаған ортаны қорғау саласындағы аса ықпалды режим. Бұл хаттама парниктік газдардың (GHG) шығарындыларын азайтуға бағытталған. Ол 1997 жылы Киото қаласында қабылданып, 2005 жылы күшіне енді [49].

2016 жылға қарай осы хаттамаға 192 тарап кірді. Тараптар құрамына 191 мемлекет және Еуропалық Одақ (ЕО) кіреді. 2016 жылы климаттың өзгеруіне қарсы іс-қимылды келесі кезеңге дайындау мақсатында UNFCCC режимі аясында Париж келісімі қабылданды [7].

1992 жылғы Климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ рамалық конвенциясының «жалпы, бірақ әртүрлі жауапкершілік пен тиісті мүмкіндіктер» деген негізгі қағидасына сәйкес, Протокол тараптар арасында эмиссияны азайту міндеттемелерін бөлісу кезінде шығарындылар, байлық пен өзгерістерге бейімделу әлеуеті арасындағы айырмашылықтарды ескереді. Сонымен қатар, бұл хаттама елдер хаттаманың шығарындыларды азайту мақсаттарына сәтті жетуге көмектесетін үш нарықтық механизмді — Халықаралық шығарындыларды сауда механизмі, Таза даму механизмі (ТДМ) және Бірлескен іске асыру механизмін енгізеді [64].

Хаттаманың жақтаушылары оны халықаралық климат саясатындағы ірі серпіліс деп атап өтті, себебі біріншіден, бастапқы нормаларына сәйкес дамыған елдерге «әдеттегідей» шығарындылар деңгейіне қарағанда айтарлықтай қысқартуларды уәде етті, және болашақта климатты қорғау

шараларын кеңейту мен тереңдетуге арналған ауқымды халықаралық механизм құрды. Ал хаттама қарсыластары оны «экономикалық тұрғыдан тиімсіз әрі саяси тұрғыдан іске аспайтын терең кемшіліктері бар келісім» деп бағалады [65].

Келесі кезең Копенгаген келісімі 2009 жылы қабылдаумен байланысты. 2009 жылы тараптар конференциясының он бесінші сессиясында 114 мемлекет мақұлдаған Копенгаген келісімі заңдық құжаттан гөрі саяси сипатқа жақын. Дегенмен, Копенгаген келісімі климаттың өзгеру режимінің маңызды элементтерін төменнен жоғары қарай тәсілді енгізу арқылы бекітті, бұл Киото хаттамасының негізіндегі жоғарыдан төмен қарай тәсілден өзгеше. Атап айтқанда, ол мемлекеттердің шығарындыларға сандық мақсаттар қою құқығын мойындады. Келісімде, алғаш рет температураны 2 °C деңгейінде ұстау мақсаты қойылды [66].

2010 жылғы Канкун келісімі. 2010 жылы өткен он алтыншы сессияда ең маңызды екі шешім қабылданды: БҰҰ Климаттың өзгеруі жөніндегі Рама конвенциясы бойынша Канкун келісімі және Киото хаттамасы бойынша Канкун келісімі. Бұл құжаттар Бали іс-қимыл жоспарының және Копенгаген келісімінің негізгі элементтерін қамтиды (әсерді азайту, іс-қимылдың ашықтығы, технология, қаржы, бейімделу, орман, әлеуетті дамыту). Осы жолы температураның 1,5 °C-қа дейін өсуін шектеу үшін шығарындыларға қатысты қатаң әрі нақты мақсат қою қажет екені мойындалды [67].

2011 жылы Дурбанда тараптар ақыры БҰҰ Канкун келісімінің мақсаттарын жүзеге асыру үшін бір ғана заңды құжат қабылдау қажеттігіне келісті. Осы мақсатта конвенция отырысы Дурбан платформасын ілгерілету жөніндегі арнайы жұмыс тобын құрды, ол Бали іс-қимыл жоспарының орнын басты. Осы платформаға негізделген келіссөздер Париж келісімін қабылдауға әкелді. Тараптар Жасыл климаттық қорғауға арналған нұсқаулық құжатты мақұлдап, осылайша алдыңғы шешімдердің нормаларын іске асырды. Киото хаттамасының екінші міндеттеме мерзімі 2013 жылдан бастап ұсынылды. Тараптардың шешімдері бейімделу мәселелері мен ақпарат ұсыну жөніндегі нұсқаулық мәселелерін де қамтыды [68].

Төмен көміртекті әлемге көшудің басталуын білдірген тарихи маңызы бар оқиға – 2015 жылғы 12 желтоқсанда Париж келісіміне қол қойылуы болды. Құжат 2016 жылғы 4 қарашада – «рекордтық мерзімде» – күшіне енді. Қазіргі таңда осы келісімге 194 мемлекет қосылды. Париж келісімі 29 баптан және 16 кіріспе абзацтан тұрады. Құқықтық нысаны жағынан, атауында «протокол» сөзі болмаса да, Париж келісімі Климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ жақтаушылар конвенциясына қосымша протокол болып табылады. Құқықтық тұрғыдан алғанда, Париж келісімі, атауында «протокол» сөзі болмаса да, БҰҰ Климаттың өзгеруі жөніндегі жақтаулар арасындағы рамалық конвенцияға қосымша протокол болып табылады. Париж келісімінің жаһандық климат саясатын қалыптастырудағы рөлін артық бағалау мүмкін емес. Киото хаттамасынан айырмашылығы, ол тек дамыған елдерге міндеттемелер жүктесе, Париж келісімі әлемдегі барлық елдерге,

соның ішінде дамушы елдерге де міндеттемелер белгілейді, бұл климаттың өзгеруіне қарсы жаһандық ынтымақтастықты айтарлықтай нығайтты [69].

Париж келісімінің айрықша ерекшелігі – оның ерікті сипаты екенін атап өткен жөн. Бұл оның алдыңғы нұсқасы – 1992 жылғы Киото хаттамасымен салыстырғанда одан сайын айқын көрінеді. Хаттама – UNFCCC-нің халықаралық келісімі, ол тек өнеркәсіптік (немесе «дамыған») елдерді келісілген мақсаттарға сәйкес парниктік газдардың шығарындыларын азайтуға міндеттейді. Негізгі аспект – хаттаманың заңдық күші бар, ал келісімнің сипаты көбірек ерікті. Келісімнің құрылымы икемдірек, елдерді «дамыған» және «дамушы» категорияларға қатаң бөлу жоқ. Сонымен қатар, уақыт өте келе «дамушы» елдер (жаһандық шығарындылардың 60%-ға дейінгі бөлігін) ең ірі ластаушыларға айналды. Осы ерекшеліктер Киото хаттамасына қарағанда Париж келісіміне жаңа мүшелерді тартуға және бұрынғы мүшелерді көптеп сақтап қалуға ықпал етуі мүмкін [70, б. 245-250].

Париж конвенциясына немесе жалпы климаттық саясатқа критикалық тұрғыдан қарайтын зерттеулерді де кездестіруге болады. Париж келісімі соңғы онжылдықта нормаларды қалыптастырып, уәделерді іске қосып, температураның көтерілуінің болжамын 3,7–4,8 °C-тан 2,1–2,8 °C-қа дейін төмендетті. Алайда 2,1°C–2,8°C әлі де Париж келісімінің температуралық мақсатынан – тараптар кейінгі келісімдер арқылы диапазонның төменгі шегінде 1,5°C-ке бекіткен көрсеткіштен – әлдеқайда жоғары. Егер біз қазіргі қарқынмен жүре берсек, осал қауымдастықтар үшін, соның ішінде бүтін арал мемлекеттерінің жойылуы да мүмкін болатын апатты экзистенциалдық салдарлар туындайды. Сарапшылар атап өткендей, «барлығына тұрарлық әрі тұрақты болашақты қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін уақыт терезесі тез жабылып бара жатыр». 2030 жылға дейінгі онжылдықта шұғыл әрекет ету өте маңызды. Алайда мұндай шұғылдылық пен амбиция қазіргі саясаттарда көрініс таппайды, тіпті шартты уәделер мен қатты шектелген шешімдерде ғана байқалады [71, б. 167-200].

Париж келісімінің жобасында климаттың өзгеруі адам қоғамы мен планетаға шұғыл және қайтымсыз қауіп төндіретіні, сондықтан жаһандық парниктік газдар шығарындыларын азайтуды жеделдету үшін тиімді және лайықты халықаралық жауап шараларын қабылдау қажет ететіні атап көрсетілді. Жобаны дайындаған сарапшылар жинақталған әсерінің арасындағы айтарлықтай алшақтықты жою қажеттігіне байланысты терең алаңдаушылық білдірді. Климаттың өзгеруіне қарсы іс-қимыл жөніндегі Жалпыұлттық конвенцияға тараптардың 2020 жылға дейін жаһандық жылдық парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі міндеттемелері мен жаһандық орташа температураның өсуін сәл төмен деңгейде ұстап тұру мақсатына сәйкес жиынтық шығарындылардың траекториялары арасындағы айтарлықтай алшақтықты жою қажеттігіне алаңдаушылық білдірді [72, б. 18-27].

Келесі жаһандық мақсат - осы ғасырдың екінші жартысында парниктік газдардың көздерінен шығатын антропогендік эмиссиялар мен сіңіру

орындарының сіңіруі арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізу болды. Климаттық пікірталаста қолданылатын басқа да тіркестер сияқты, бұл тіркесте алғашқы көзқарасқа қарағанда сәл өзгеше мағынаға ие. Дегенмен, ғаламдық субъектілердің ниеттері айқын: 2050 жылға қарай жаһандық парниктік газдар шығарындыларын нөлге жеткізу, яғни «көміртек бейтараптылығын» қамтамасыз ету, сол кезде кез келген парниктік газдар шығарындылары орман сияқты сіңіру механизмдерімен толық өтеледі. Климаттың өзгеруінің әсерін азайту жөніндегі міндетті мақсаттар, париж келісімінің басқа да көптеген құрамдас бөліктері сияқты, негізінен рәсімдік сипатта [73, б. 185-204].

Париж келісімі Қазақстан Республикасы климатты қорғау заңнамасының қалыптасуы мен дамуына да ерекше ықпал етті. Климаттық өзгерістерге қатысты міндеттемелерді ала отырып, халықаралық қауымдастық субъектілерімен климатты қорғау бағытында бірлесе жұмыс жасауға дайындығы мәлімделді. Қазақстан Республикасы Париж келісімін 2016 жылы 4 қарашада ратификациялап, 2016 жылы 6 желтоқсанында аталған құжат заңи күшіне енді. Париж келісімін ратификациялау ұлттық климаттық заңнаманың дамуына түрткі болды. Қазақстан Республикасы Климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ Қауіпсіздік жүйесімен жүргізілетін келіссөздер процесін қабылдап, оның басты мақсаты – жаһандық температураның 2°C-тан аспауын қамтамасыз етуге мүдделі. Қазақстан Республикасы жоспарланған ұлттық анықталған үлестерді (INDC) хабарлағысы келеді және 1990 жылмен салыстырғанда 2030 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларын экономика бойынша 15–25 %-ға азайту мақсатын көздейді [74].

Париж конвенциясына қосылу мен міндеттемелерді алу 2017 жылы Астана қаласында өткен «Экспо - 2017» көрмесі аясында одан әрі идеологиялық тұрғыдан бекітілді. «Болашақтың энергиясы» идеясымен өткен көрмеде жаңартылатын экоэнергия көздерін пайдалану, парниктік газдар шығарындыларының үлесін азайту, энергияда дамыған технологияларды пайдалану үрдісін қолдау Париж конвенциясының идеяларымен сәйкес келді [75].

Қазақстан Республикасында 2021 жылы қабылданған жаңа редакциядағы экологиялық кодекс климаттық заңнаманың дамуындағы келесі кезеңді белгілеп берді. Бұл кодекс сарапшы мамандардың, ғалымдардың пікірлері мен алдыңғы кодекстер әрекет еткен кездегі тәжірибелік кемшіліктерді ескере отырып, экономикалық ынтымақтастық және дамуы ұйымына мүше мемлекеттер мен еуропалық одаққа мүше мемлекеттердің тәжірибесіне негізделі отырып қабылданды. Бұл нормативтік құқықтық акт Қазақстан Республикасы климаттық заңнамасын халықаралық стандарттарға және экологиялық талаптарға сәйкестендірілген нормативтік құжат болды. Климаттық стандарттар бойынша бұл кодекстің ерекшелендірілетін сипаты оның 22-тарауында климаттың өзгеруіне бейімдеу қатынастарын мемлекеттік басқарауға арналған арнайы норма

енгізілумен айқындалады. Климаттың өзгеруіне бейімделу адамның денсаулығына, экожүйелерге, қоғам мен экономикаға климаттың өзгеруінен келетін зиянды әсерлер мен шығындарды болдырмауға және азайтуға, климаттың өзгеруіне осалдықты төмендетуге және климаттың өзгеруімен байланысты мүмкіндіктерді пайдалануға бағытталған. Бұл тарау климаттық бейімделудің басым бағыттары ретінде ауылшаруашылығы, су шаруашылығы, орман шаруашылығы және азаматтық қорғану салаларын айқындаған. Жаңа экология кодекстің 22-бабы өз кезегінде өзге заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге себеп болды. Экологиялық кодекс парниктік газдар шығындыларының арнайы тетігін де қамтыды. Ол парниктік газ шығындыларымен сауда жасау жүйесі деп аталады. Бұл механизм Қазақстан Республикасының климаттық сұрақтар бойынша, сөзсіз міндетті ретінде анықталған мақсаттарға қол жеткізуде маңызды экономикалық – құқықтық құрал ретінде қарастырылады [35].

2014 жылы маусым айында Қазақстан Республикасының отын энергетикалық кешенін 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы бекітілді. Аталған құжат энергетика саласындағы жаңа серпіліс болды, энергетикалық тиімділікті арттыру төмен көміртектік экономикаға өтудің жекелеген кезеңдермен іске асырылатыны бекітіліп келесі стратегиялық бағыттар анықталды:

- мемлекеттің энергетикалық жеткіліктілігі мен энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- энергетикалық ресурстардың тиімділігін арттыру мен инфрақұрылымдарды жаңарту;
- энергетикалық тиімділікті көтеру мен алдыңғы қатарлы технологияларды қолданысқа енгізу;
- жаңартылатын энергия көздерін белсенді түрде пайдалану; қоршаған ортаға негативті ықпал ету деңгейін төмендету [76].

2020 жылы шілдеде 2021-2023 жылдарға арналған «жасыл экономикаға көшу» жөніндегі іс шаралар жоспары да қабылданды. Аталған жоспар келесі мақсаттарды көздеді:

- Төмен көмірсутекті, ресурс үнемдейтін тұрақты модельді қолдану;
- Энергетикалық ресурстардың тиімділігін арттыру;
- Табиғи ресурстарды қисынды және тиімді пайдалану;
- Қоғамдық экологиялық мәдениетті арттыру,
- Су ресурстарының жетіспеушілігін төмендетуді көздеді.

2021 жылы 25 ақпанда қоғамдық сенімнің ұлттық кеңесінің бесінші отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев баламалы энергия көздерін пайдалану мен дамытуды құқықтық реттейтін жаңа заң қабылдау қажеттігін мәлімдеп, осы саланың стратегиялық маңызы мен елдің әлеуметтік экономикалық дамуында ерекше үлесі болатындығын атап өтті [77].

Сол кезеңде «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау» туралы 2009 жылғы 4 шілдеде қабылданған заң актісі қолданыста болған. Ол

баламалы энергия көздерінің барлық түрлерін реттемейді. Себебі, баламалы энергия көздері жаңартылатын энергия көздеріне қарағанда неғұрлым кең ұғым. Кез келген баламалы энергия көздері жаңартылатын энергия көздері болып танылмайды. Осыған байланысты президент жаңа заң актісінде жаңартылатын энергия көздерімен қатар баламалы энергия көздерін пайдалану мен дамытуды құқықтық қамтамасыз ететін тетіктердің болуы керек деп тапсырма берді. Баламалы энергия көздері баламалы отын көздерін пайдалану арқылы мемлекеттің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және қоршаған ортаны қалыпты ұстауда тиімді фактор деп есептелінеді. Осылайша, 2024 жылы 6 маусымда Қазақстан Республикасының Сенаты жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мәселелері жөнінде заң жобасын мақұлдап, 2024 жылы 19 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Токаев «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау және электр энергиясының мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды [78].

Бұл заң Қазақстан Республикасының климаттық заңнамасының дамуында жаңа серпіліс болды, себебі, мұнда климаттық міндеттемелерге жету неғұрлым нақты белгіленді.

2023 жылғы 2 ақпанда Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртектік бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын бекітті. Байқасақ, аталған стратегия зерттеуімізде анықталған климатты қорғаудың құқықтық қағидалары мазмұнына сәйкес келеді. Стратегияда ұзақ мерзімді көміртектік бейтараптығының жүзеге асырылу кезеңдері қамтылған [79].

Сонымен климатты қорғау заңнамасының дамуы мен қалыптасуы ең алдымен халықаралық құқық деңгейінде іске асырылғанын байқаймыз. Қорытындыласақ, климат конференциялары 1979 жылы Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның бастамасымен басталды. Бұл Дүниежүзілік климат бағдарламасы мен Дүниежүзілік климатты зерттеу бағдарламасының дамуына әкелді. Он жылдан кейін БҰҰ-ның Айналым ортасын қорғау бағдарламасы мен Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның қолдауымен Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобы құрылды (1988). Климат мәселелері бойынша екінші әлемдік конференция ұзақ үзілістен кейін 1990 жылы өтті. Онда Климатты қорғау жөніндегі Жалпылама конвенцияға ұсыныстар талқыланды. Рио-де-Жанейро қаласында (1992) өткен БҰҰ-ның Қоршаған орта және даму конференциясында осы Конвенцияға қол қою ашылды. Жақтаушылар конвенциясының үшінші конференциясында Киото хаттамасы (1997) қабылданды, ол тек 2005 жылы күшіне енді. Кейінгі конференцияларда 2007 жылы қабылданған Бали жол картасы сияқты жаңа құжаттар ұсынылды, 2009 жылғы Копенгаген келісімі, Жасыл климаттық қорды құру (2010 жылы Канкундағы климат конференциясында), сондай-ақ 2011 жылы БҰҰ Климаттың өзгеруі жөніндегі жақтаушылар конференциясының 17-ші

сессиясында қабылданған Дурбан платформасы, 2012 жылы Доха конференциясында экономикалық және құқықтық механизмдерді жетілдіру жөніндегі ұсыныстар. Қол жеткізілген келісімдер Варшава (2013) конференциясында бекітілді; Нью-Йорктегі БҰҰ Климат саммитінде (2014), және ақырында 2015 жылғы Париж келісімінде бекітіліп, 2016 және 2017 жылдары өткен 22-ші және 23-ші климат конференцияларында, негізінен әдіснамалық, технологиялық және қаржылық аспектілерге қатысты жетілдірілді.

Сонымен қорытындылай келе, Қазақстан Республикасы климатты қорғау заңнамасының қалыптасу мен дамуы доктриналды мазмұнға ие саларалық мәселе болып табылады. Себебі, ол энергетикалық, экологиялық, халықаралық құқық заңнамалық актілерінің дамуы шенберінде қалыптасты. Қазақстан Республикасы климатты қорғау заңнамасының қалыптасуы мен дамуына ықпал еткен факторлар ең алдымен халықаралық деңгейде климаттық өзгерістердің қауіптілігін мойындау, климаттық өзгерістерге қарсы күресті халықаралық құқықтық актілерде бекіту, мемлекеттердің соның ішінде еліміздің бекітілген міндеттемелерге жауапкершілік алу арқылы халықаралық актілерге қосылу, мемлекеттердің халықаралық міндеттемелерін өз ұлттық заңнамаға имплементациялау фактілері. Болашақта, климаттық заңнаманың дамуы жаңа мақсаттар мен климатты қорғаудың жаңа тетіктерін анықтаумен байланысты болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы климатты қорғау заңнамасының қалыптасуы мен дамуы тарихи даму ерекшеліктеріне қарай. Халықаралық құқықта климаттық заңнаманың қалыптасу кезеңдері және Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған уақыттан кейінгі климаттық заңнаманың қалыптасу кезеңдері деп бөліп қарастыру ұсынылады.

Халықаралық құқықта климаттық заңнаманың қалыптасуы келесі кезеңдерді қамтиды:

- 1985 жылы дейінгі уақыт аралығы. Аталған кезеңде климатты құқықтық қорғау мәселесі тек ғылыми талқылаулар деңгейінде ғана қалыптасып дамып отырды.

- 1985-1988 жылдары климаттық өзгерістер мәселесі халықаралық күн тәртібіне айналған кезең. Әлемдік сарапшылар мен ғалымдардың климаттық өзгертулерге алаңдатушылықтың үдейе түскен кезеңі.

- 1988-1990 жылдары халықаралық ресми келіссөздер кезеңі. Климатты өзгерістерге қарсы күрес саяси сипат ала бастаған кезең. Халықаралық құқық субъектілері ресми түрде климат өзгерістеріне қарсы саясатта белсенділік танытқан уақыт аралығы.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының климатты қорғау заңнамасының қалыптасу кезеңдері:

- 1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік Конвенциясын қабылдаумен байланысты. Аталған конвенция Қазақстан Республикасының климаттық құқық жүйесіне кешенді түрде ықпал етті. ҚР осы конвенцияға қосылып климатты қорғау бойынша

халықаралық міндеттемелерді орындап, оларды ұлттық заңнамаға кезең кезеңімен енгізу жолын тандадады. Конвенцияның негіздік сипаты оның климатты қорғауды құқықтық реттеуде жалпы қағидаларды ғана анықтаумен шектелмей, осы уақыттан кейінгі аралықта Киото хаттамасын және Париж келісімі секілді халықаралық маңызы бар актілерді қабылдауға түрткі болды.

- 1997–2005 жылдары Киото хаттамасын іске асыруға қатысты ережелер мен келісімдерді әзірлеу. Қазақстан Республикасының климаттық құқық тәжірибесінде киото хаттамасында бекітілген индикативтерге қол жеткізу бойынша халықаралық міндеттемелерін орындау мақсатында, парниктік газдар шығындыларын азайту мен, жаңа энергетикалық тиімділігі жоғары технологияларды пайдалану, шығындыларды саудалау бойынша институционалдық және нормативтік негіздер қалыптасумен ерекшеленеді.

- 2012–2016 жылдары Париж келісімін қабылдауға дайындау, қабылдау және күшіне енуі. Климаттық өзгерістерге қатысты міндеттемелерді ала отырып, халықаралық қауымдастық субъектілерімен климатты қорғау бағытында бірлесе жұмыс жасауға дайындығы мәлімделді.. Климаттық өзгерістерді болдырмауды жаңа әмбебап, ұжымдық жауапкершілік тетіктерін қамтумен байланысты париж келісімі халықаралық және ұлттық климаттық құқықтың қалыптасуы мен дамуында жаңа серпіліс берді. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнамаға климаттық саясатты қайта қарауға негіз болды.

- 2016 жылы бастап қазіргі уақыт аралығында. Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына халықаралық климаттық міндеттемелерін имплементациялаудағы белсенділік кезеңі деп аталады. Бұл кезеңде ең алдымен экологиялық кодекс және өзге де салалық кодекстердің қайта қабылдануы мен не болмаса өзгеріс енгізілуімен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасы кодекстерге климаттық саясатты енгізген соң бірқатар стратегиялық құжаттар қабылданды, климаттық міндеттемелерге қол жеткізу тетіктерін бекітті.

#### **1.4 Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына халықаралық климаттық міндеттемелерді имплементациялаудың құқықтық тетіктері мен мәселелері**

Отандық ғалым Лаптева Н.Г. қазіргі уақытта климаттық өзгерістерге қарсы іс әрекеттерді ұлттық заңнамада нақты тетіктері ретінде белгіленетін уақыт келді. Себебі климаттық өзгерістерге қарсы саясат ғылыми не болмаса пікірталас формасынан нақты құқықтық құралдар ретінде қарастырылуы тиіс. Ғылымның дамуы климаттық өзгерістер проблемасын жаңа деңгейде қарастыруға нұсқау болды [80, б. 137-139]. Қазақстан Республикасы халықаралық аренада және ұлттық құқық жүйесін қалыптастыруда белсенділігіне қарамастан елімізде климаттық мәселелер орын алып отыр. Мәселен, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша 2021 жылғы ауаның орташа жылдық температурасы 1961 - 1990 жылдар аралығындағы

нормативтерге қарағанда 1.58. С градусқа жоғары болды. Аталған көрсеткіш 1940-1920 жылдар аралығындағы уақыт кезеңінде ең жылы жылдар көрсеткіші бойынша бесінші орынды иеленді. Түркістан, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, және Қызылорда облыстарында 2021 жылы +1,89 С градустан +2,28 С градусқа дейін ауытқушылықтар тіркелген. Бұл көрсеткіштер табиғи аномалияны білдіреді және аң жылы жылдардың алдыңғы қатарында 5 пайызына кіріп отыр. Ал Атырау облысында 2021 жыл климаттың жылынуы бойынша рекордтық көрсеткішке жеткен жыл ретінде тіркелді. Себебі осы аймақта температуралық ауытқулар 2,63 С градусты көрсетті. Еліміздің батыс, оңтүстік-батыс және оңтүстік аймақтарында жылдық температуралардың аса жоғары көрсетіштері тіркелді. Батыс аймақтардағы метеостанциялардың тіркеуі бойынша 2021 жылмен 1941 жылдар арасында температуралық ауытқулар +3,2 С градусқа жеткен. 1.1. - кестеде Жер шары және Қазақстан Республикасының температураларының ауытқуларының сәйкестігі мен ауытқушылықтары берілген.

| <b>Дәрежесі</b> | <b>Жер шары</b> | <b>Қазақстан</b> | <b>Орташа жылдық температураның ауытқуы (қаңтар.-желтоқсан), Қазақстан аумағы бойынша Орташаланған, °С</b> |
|-----------------|-----------------|------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1               | 2020            | 2020             | 1,92                                                                                                       |
| 2               | 2016            | 2013             | 1,89                                                                                                       |
| 3               | 2019            | 1983             | 1,76                                                                                                       |
| 4               | 2017            | 2015             | 1,64                                                                                                       |
| 5               | 2015            | 2021             | 1,58                                                                                                       |
| 6               | 2021            | 2002             | 1,55                                                                                                       |
| 7               | 2018            | 2004             | 1,53                                                                                                       |
| 8               | 2014            | 2019             | 1,50                                                                                                       |
| 9               | 2010            | 2016             | 1,48                                                                                                       |
| 10              | 2005            | 2007             | 1,46                                                                                                       |


**1.1.-кестеде Жер шары және Қазақстан Республикасының температураларының ауытқуларының сәйкестігі мен ауытқушылықтары [81]**

Климаттық өзгерістер су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін де тудыртып отырғаны мәлім. Жалпы, еліміздің аумағының 90 пайызына жуығы ылғалдық көрсеткіштері төмен, ресурстары шектеулі қуаң аймақтарды қамтиды. Мемлекеттің бір шаршы километріне 20 мың текше метр су ресустардың қамту көрсеткішін құрайды және ол Еуразия аумағында ең төмен деңгейді құрайды. БҰҰ-ның даму бағдарламасының болжамы бойынша, 2040 ж. Қазақстан Республикасында су тапшылығы орын алып ол жалпы қажеттіліктің 50 пайызына жетуі әбден мүмкін. Бұл да үлкен қауіп. Себебі, 2050 жылға қарай аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын

тежеп, жалпы ішкі өнімді 6 пайызға төмендету мәселесі бар. Еліміздің өзендерінің ағыстарының 44 пайызынан астамы көршілес мемлекеттердің аумағында қалыптасқандықтан, еліміздің су қауіпсіздігі трансшекаралық қатынастарға тікелей тәуелді етіп отыр. Сол себептен де су ресурстарының жеткіліктігі көршілес мемлекеттердің үйлестірілген нұсқада су ресурстарын пайдалануды ұйымдастыруларына байланысты болады. Қазақстан Республикасының өзінде де су ресурстарын басқарудың тиімділігін арттыру мәселесі орын алып отыр. Су ресурстарын тиімді басқару климаттық өзгерістерді жұмсарту, климаттық өзгерістердің алдын алу не болмаса климаттық өзгерістерге бейімделу шараларын қамтиды. Климаттық өзгерістер еліміздің аумағындағы барлық сулардың ауытқуларына әкеліп, суды оңтайлы басқаруда кедергілер келтіретіні мәлім. Соның салдарына кейбір аймақтарда су жетіспей жатса, енді бір аймақтарда су тасқыны секілді табиғи апаттар орын алып отыр. Бұл белгі климаттық реттеулердің кешенділігін білдіреді [82].

Соңғы уақытта орын алып отырған климаттық өзгерістер еліміздің ауылшаруашылығы саласының дамуын да теріс ықпалын тигізуде. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараттарына сәйкес, әсіресе бидай өсіру саласы қиын жағдайда. Климаттық өзгерістердің дәл қазіргі жағдайы орын алуын жалғастырса, бидай шаруашылығының көрсеткіші 2050 жылы 2023 жылмен салыстырғандай 50 пайызға дейін төмендейді. 2023 жылы климат өзгерісі салдарынан республиканың алты өңірінде төтенше жағдайлар енгізіліп, климаттық өзгерістер қаупінің республиканың ауыл шаруашылығы мен әлеуметтік экономикалық дамуға теріс ықпал етті. Қарап отырсақ, климаттық өзгерістердің қаупі азық түлік қауіпсіздігіне де ықпал етеді. Азық түлік қауіпсіздігін мемлекетте барлық субъектілердің азық түлікпен қамтамасыз етудің жеткіліктігі ретінде қарастыратын болсақ, бұл мәселе күрделі сипатқа ие болайын деп отыр. Сонымен қатар, климаттық өзгерістер сапалы табиғи ауыл шаруашылығы өнімдерінің кемуіне әкелетіні сөзсіз. Ал ол өз кезегінде адамзаттың деңсаулығына тікелей қауіпті [83].

Осы аталған зардаптар мен проблемалар Қазақстан Республикасында атмосфераға шығаратын шығындылардың үлесінің ауытқушылықтарымен байланысты болып отыр. Уәкілетті министрлік климат өзгерістері жөнінде үкіметаралық сарапшылардың нұсқамасы бойынша әзірленген бес сала, яғни, энергетика, өндірістік процесс және өнімдерді пайдалану, ауыл шаруашылығы, жер, орман шаруашылығы, қалдықтар, бойынша берілген 1990-2023 жылдар аралығындағы парниктік газдар шығындыларының көлемі жөнінде ақпараттарында, парникті газдар шығындыларының көлемінде де ауытқулықтарды байқауға болады. Аталған есепте парниктік газдарға CO<sub>2</sub>, CH<sub>4</sub>, N<sub>2</sub>O, ГФУ (HFC), ПФУ (PFC), SF<sub>6</sub> и NF<sub>3</sub> жатқызылды [84].



1.2.-кесте. 1990-2023 жалпыұлттық парниктік газдар шығындыларының көрсеткіштері.

Сонымен, ақпараттар дәлелденгендей, «Казгидромет» климаттың өзгеруі жөніндегі жыл сайынғы бюлетеньдерінде мемлекетіміздің барлық аймақтарында ауа райының өзгеруі нәтижесінде климаттық ауытқулардың белсенді болуы және жылдық орташа температураның тұрақты және жүйелі түрде өсуі орын алып отыр. Ақпараттарға сүйенсек, жылдық орташа температура 0,36 С градусқа өсіп отырғанын аңғарамыз. Жаз мезгілі уақытында ыстық толқындардың ұзақ уақыт болуы салдарынан ауаның ыстық температурасының уақыты созылып қоршаған ортаға теріс әсерін беріп отыр. аталған климаттық өзгерістер адам және жануарлар дүниесінің физиологиялық жағдайына ғана әсер етумен шектелмей, көлік инфрақұрылымының, өндірістік сектордың жағдайының нашарлауына түрткі болып отыр, қалалар мен аумақтарда өмір сүру жағдайлары нашарлап жатқан фактілер де бар. Климаттық өзгерістер тіпті табиғатқа тікелей теріс әсерін беріп отыр, жылыну салдарынан жауын шашынның құрамы өзгеріп таулы аймақтарда қарлардың ұзақ сақталуы қасиеттері жоғалуының нәтижесінде елді мекендерге ауыз судың мөлшерінің деңгейі төмендеуіне әкеледі. Сарапшылар климаттық жылынудың тиімді жақтары ретінде қысқы уақытта ауа райының жылынуы себебінен жылытуға кететін шығындардың

азаюын айтса, ол өз кезегінде көктайғақтарға әкеліп, екінші жағынан зардаптарын тигізу ықтималдығын көрсетіп отыр [85].

Климаттық мәселелерді шешуді басты назарға қоя отырып Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау мен тұрақты дамуды қамтамасыз ету бағыты бойынша халықаралық комиссиялар мен ұйымдарына мүшелік етеді. Мәселен, БҰҰ-ның тұрақты даму комиссиясы, орталық азия мемлекеттерінің тұрақты даму жөніндегі мемлекетаралық комиссиясы, тұрақты даму туралы дүниежүзілік кәсіпкерлер кеңесінің өңірлік желісі, және т.б.

Осылайша еліміз, халықаралық экологиялық міндеттемелерді ұлттық заңнамаға енгізу мен қоршаған ортаға шығарындылардың айналымын шектеу бойынша белсенді әрекет етіп келеді. Бұл бағыттағы мемлекетіміздің қызметі алдағы уақытта одан әрі нығая түсетіні мәлім. Сол себептен де, климатты қорғаудың құқықтық қырларын зерттеу аса маңызды стратегиялық бағыт болып отыр. аталған зерттеулер, Қазақстан Республикасы климаттық заңнамасын оңтайландыруға, климатты қорғаудың құқықтық режимін жетілдіруге, климаттық құқықтық қатынастарды нақтылауға, климаттық міндеттемелерді имплементациялаудың жүйеленген тетіктерін анықтауға септігін тигізеді [86]. Зерттеулерде көрсетілгенде климат жалпы адамзаттың орта игілігі болып саналғандықтан, оны қорғау жеке дара дербес жүзеге асырылмайды. Мемлекеттер жеке дара өздері климаттық саясатты жүзеге асыруға қауқарсыз, себебі климат адамзатқа ортақ игілік болып табылады. Қоршаған ортаны қорғау туралы халықаралық міндеттемені қабылдап іске асыру бірнеше кезендерден тұратын ұзақ уақытты қамтитын күрделі процесс.

Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына халықаралық климаттық міндеттемелерді имплементациялау дегеніміз қоршаған ортаны қорғау мен климаттық жүктемені бәсеңдету, парниктік газдар шығындыларын азайту, бейтарапты көміртек экономикасы мен орнықты дамуды мақсат тұтатын халықаралық құқық нормалары және қағидаларын, нормативтік құқықтық актілер қабылдау, стратегиялық бағдарламалар бекіту, ұлттық жүйеге енгізудің өзге де тетіктерін жасақтау арқылы жүзеге асырылатын құқықтық және институционалдық қызмет.

Халықаралық құқық нормаларын имплементациялау ағылшын тілінен аударғанда «implementation» енгізу, орындау немес тәжірибе жүзінде іске асыру деген мағынаны білдіреді. Халықаралық міндеттемелердің ұлттық деңгейде жүзеге асыруы, сонымен қатар оларды ұлттық құқықтық жүйеге енгізу қызметі болып табылады. Имплементацияның басты талабы халықаралық құқықтық актінің мақсаттары мен мазмұнын қатаң түрде сақтай отырып ұлттық заңнама жүйесіне енгізу. Халықаралық тәжірибеде имплементациялаудың келесі тәсілдері ажыратылады:

- инкорпорация;
- трансформация;
- жалпы не болмаса ішінара сілтеме жасау [87].

1969 жылғы халықаралық шарттар тура Вена конвенциясы 6- бабында *pacta sunt servanda* қағидасы бекітілген. Ол бойынша халықаралық құқық міндеттемелерге қосылу мемлекеттердің өз еркінде, бірақ міндеттемені қабыл алған елдер адал және әділетті жолмен орындаулары тиіс [88].

Курносова Т.И. халықаралық құқықта «имплементация термині» ең алдымен халықаралық құқық нормаларын іске асыру үшін қолданыс аясына енгізілді деп атап өтіп, БҰҰ-резолюциялары, мен бірқатар халықаралық конвенциялар мен келісімшарттарда анықталғанын айтады. Кең тұрғыдан қарастырғанда имплементациялау халықаралық құқық нормаларын басшылыққа ала отырып субъектілердің сол нормаларға сай әрекет етуі деп анықталады. Тәжірибеде имплементациялау үрдісі ол жан-жақты және объективті тұрғыдан іске асыруда қажет ететін кешенді әрі күрделі процесс [89, б. 203-209].

Заманауи жағдайда имплементациялау түсінігін анықтауда ғалымдардың пікірлері әрқилы. Терминологиялық тұрғыдан қарастырсақ оған қатысты көптеген ұғымдар қолданылады. Атап айтқанда: трансформация, адаптация, инкорпорация, рецепция, сілтеме жасау және т.б. Осы үрдістің түрлерінің әрқилылығына қарамастан мақсаты бір ғана - халықаралық құқықта танылған міндеттемелер мен нормаларды еш өзгертулерсіз ұлттық заңнамаға енгізу [90, б. 156-157].

Қазақстан Республикасы климаттық нормаларды имплементациялаудың өзіндік дербес жолын тандадады, ол бірнеше кезендерден тұратын кешенді процесс ретінде жүзеге асырылды. Алдымен Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың дербес субъектісі ретінде халықаралық міндеттемелерді қабылдап, ұлттық заңнамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, қажет болған жағдайда жаңа нормативтік құқықтық актілерді қабылдап, стратегиялық құжаттар бекітті.

2009 жылы 26 наурызда БҰҰ-ның климат өзгерістері жөніндегі негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасын ратификациялау туралы нормативтік құқықтық актісі қабылданды. Бұл заң актісінің қабылдануы Қазақстан Республикасының климаттық проблемаларды тез арада шешудің маңыздылығын түсіне отырып жасалынған шешім болды. Бұл хаттаманың ратификациялануы парниктік газдар шығындыларын есепке алу, оларға бақылау жасау, жалпы климаттық институционалдық құрылымның қалыптасын елеулі ықпал етті. Осылайша, заң актісі көміртектік бейтараптылықты сақтау мен Париж келісіміне қосылудың алғашқы құқықтық тетігі болды [49].

Халықаралық климаттық міндеттемелерді имплементациялау 2013 жылы «жасыл экономикаға» көшу туралы тұжырымдаманы қабылдаумен жалғасты. Бұл құжатта парниктік газдар көлемін тұрақтандыру мен қысқарту жөніндегі индикативтік көрсеткіштер бекітілді. Оның басты құралы ретінде экономиканың энергия тұтынуын азайту ұсынылды. Тұжырымдамада жалпы ішкі өнімнің энергия сыйымдылығын базалық деңгеймен салыстырғанда 2020 жылға қарай кемінде 20 пайызға, ал 2050 жылы 50 пайызға қысқарту

стратегиялық мақсат ретінде бекітілген болатын. Аталғандармен қоса, тұжырымдамада төмен көміртектік энергетиканы дамытуға басымдық берілді. Нақтырақ айтқанда электр энергиясын өндірудегі жаңартылатын энергия көздерінің үлесін 2020 жылға қарай кемінде 3 пайызға, 2030 жылы 10 пайызға ал 2050 жылы 50 пайызға дейін жеткізу көзделуде. Осылармен қатар су ресурстары, жер ресурстары мен ауыл шаруашылығында төмен көміртекті саясаттың индикативтері белгіленді. Бұл индикативті Қазақстан Республикасының климаттың міндеттемелерін орындаудың ұзақ уақыттық көрсеткіштері ретінде бекітілді. Өз кезегінде бұл тұжырымдама бірқатар нормативтік құқықтық актілердің қабылдануына негіз болды [91].

Г.Б. Телеуевтің пікірінше жасыл экономикаға көшуде жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мен дамытуға басымдық беру маңызды қызметті атқарады. Себебін, жасыл экономиканың түпкілікті мақсатымен байланыстыруға болады. Жасыл экономиканың мақсаты қоршаған ортаға қысым түсірмей, экономикалық дамуды қамтамасыз ету. Әлемдік қауымдастық назарының жасыл экономикаға қызығушылықтарының артуы қоршаған ортаны қалыпты ұстап, адамзатқа қызметіне жаңа мүмкіндіктер қарастырумен байланыстырылады. Жасыл экономикаға көшуде баламалы энергетиканың орны ерекше болу тиіс [92].

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі даму жоспарында климатты қорғау мәселелері орнықты экономикалық өсімді қамтамасыз ету, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен мемлекеттің климаттық міндеттемелерін орындау мәселелері тікелей бекітілді. Бұл ресми құжатта климат өзгерістерінің салдары мемлекеттің экономикасы мен әлеуметтік экономикалық дамуына теріс әсері болатыны қарастырылып, климаттық мәселелерді мемлекеттің стратегиялық даму бағытының маңызды компоненті ретінде енгізу көзделген. Аталған бағыттар қатарына, қоршаған ортаға антропогендік ықпал ету жүктемесін азайту, экономикада энергетиканың тиімділігін арттыру, төмен көміртекті экономиканы дамытуды қарастыру, осы климаттық міндеттемелерді орындауда ең үздік технологиялық жетістіктерді қолдану ұсынылған.

2021–2030 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары: 2020 жылғы 29 шілдедегі № 479 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қабылданды. Бұл жоспарда жаңартылатын энергия көздерін дамыту мәселелері нақты айқындалып, оның ішінде жаңартылатын энергия көздерін генерациялайтын қуаттарды кеңейту, жасыл генерацияны елдің энергетика жүйесіне енгізу көзделді. Мемлекеттің түрлі шаруашылық салаларында ең үздік табиғи таза технологияларға қол жеткізу мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, жоспарда экологиялық реттеуді жетілдіру, эмиссияларды мониторингтеу жүйесін дамыту және «жасыл» инвестицияны ынталандыру құралдарын тетіктерін енгізу арқылы парниктік газдар шығындыларын кезең кезеңімен азайту шаралары қарастырылды. Аталғандармен қоса климаттық өзгерістерге бейімделу процесіне ерекше

назар аударылып, су ресурстарын орнықты басқару, ауылшаруашылығы мен өнеркәсіптік инфрақұрылымның климаттық төзімділігін арттыру, сондай-ақ экожүйелер үшін климаттық тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған шаралар қамтылған. Жалпы алаңда аталған жоспар жасыл кономикаға өту тұжырымдамасын декларативті сипатын жойып, сол тұжырымдамада көрініс тапқан индикативке қол жеткізудің нақты шараларын қамтыды. Қазақстан Республикасының климаттық міндеттемелерін орындауға бағытталған кешенді іс шаралар жүйесі мен климаттық саясаттың негізін анықтайды [5].

Қазақстан Республикасының 2026 жылға дейінгі инвестициялық саясат тұжырымдамасында климатты қорғау инвестициялық саясаттың маңызды стратегиялық бағыты ретінде қарастырылды. Бұл тұжырымдамада көміртек сыйымдылығы төмен даму, экономиканың экологиялық тұратылығын қамтамасыз ету, энергия тиімділігін арттыруда үздік қолжетімді технологияларды пайдалану, халықаралық климаттық міндеттемелерді орындауға ұмтылыстың болуы бекітілді. Тұжырымдамада парниктік газдар шығындыларын азайту, жаңартылатын энергия көздерін дамыту, энергияның тиімділігін арттыру, ең үздік қолжетімді технологияларды енгізуге бағытталған жобаларға инвестицияларды тартуға басымдық берілген. Сонымен қатар, экологиялық және ESG-өлшем шарттарын инвестициялық жобаларды іріктеу тетіктеріне енгізу, «жасыл» қаржыландыру жобаларын дамыту көзделді. Аталған тұжырымдама, климатқа бағытталған инвестициялық модельдің мысалы болды деп қорытындылауға болады [93].

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы №996 қаулысымен «жасыл» облигациялар мен «жасыл» кредиттер арқылы қаржыландырылатын, «жасыл» жобалардың жіктемесі (таксономиясы) бекітіліп, жасыл қаржыландыруды дамыту мен климаттық күн тәртібін қаржылық экономикалық жүйеге интеграциялаудың нормативтік негіздері қалыптасты.

2021 жылы Қазақстан Республикасының Құжатта жасыл облигациялар мен несиелер арқылы қаржыландыруға жарамды жасыл жобалардың негізгі критерийлері мен түрлері көрсетілген. Таксономияға келесі санаттар кіреді:

- 1) жаңартылатын энергия;
- 2) энергия тиімділігі;
- 3) жасыл ғимараттар;
- 4) ластануды болдырмау және бақылау;
- 5) су мен қалдықтарды тұрақты пайдалану;
- 6) тұрақты ауыл шаруашылығы, жерді пайдалану, орман шаруашылығы, биологиялық әртүрлілікті сақтау және экотуризм;
- 7) таза көлік;
- 8) өтпелі энергетика [94].

Жалпы біздің пікірімізше, климатты қорғау саласында таксономияны қолданудың тиімділігін күшейту үшін өлшемшарттардың сандық көрсеткіштерін арттыру керек, көміртек сыйымдылығы жоғары салалардың көміртек қарқындылығын кезең кезеңімен төмендетуге бағытталған өтпелі

жобаларды қамту аясын кеңейту, сондай-ақ экологиялық және климаттық нәтижелерді мониторингтеу, есептік жүргізуді тәуелсіз верификациялау тетіктерінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады.

2023 жылы 2 ақпанда Қазақстан Республикасының Президентінің №121 жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртектік бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясы қабылданды. Бұл құжат климаттық саясаттың негізгі құжаты бола тұра экономиканы декорбанизациялау мен орнықты даму нұсқасына өтудің кезеңдерін қарастыра отырып, ұзақ мерзімді іс-қимылдар кешенін айқындайды. Құжатта парниктік газдар шығындылары мен оларды сіңіру арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету мақсатында эмиссияларды төмендету, энергия тиімділігін арттыру, және төмен көміртекті технологияларды кеңінен енгізу шараларын қолдануды көздейді. Экономиканың негізгі салаларын қамти отырып стратегия, Қазақстан Республикасының Париж келісімінде айқындалған ұлттық үлеске сәйкес климаттық мақсаттарға жетудің кезеңдерін анықтайды. Жалпы алғанда аталған ресми құжат Қазақстан Республикасының климаттық трансформациясының стратегиялық негізін айқындайтын бірден бір маңызды акт болғанымен, экономикалық және инвестициялық құралдардың тәжірибеде іске асырылу деңгейіне байланысты болатынын атап өткен жөн [79].

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын Қазақстан Республикасында климаттық саясаттың бір бағыты ретінде экономиканың энергетикалық сыйымдылығын төмендетуді көздейді. Құжатта негізгі индикативтік көрсеткіш ретінде 2029 жылға қарай базалық деңгеймен салыстырғанда жалпы ішкі өнімнің энергия сыйымдылығын кемінде 15 пайызға қысқарту көзделген. Тұрғын үй шаруашылығында отын энергетиканы тұтынуды 10-15 пайызға қысқарту, сонымен қатар бюджет саласындағы ғимараттардың энергетикалық тиімділігін арттыру, олардың 90 пайызын энергия тиімділігі талаптарына сәйкестігі жоспарланған [95].

2030 жылға дейінгі Тұрақты даму күн тәртібі және Париж келісімі барлық елдер үшін Тұрақты даму мен климаттың өзгеруіне байланысты мақсаттарға жетудің ортақ мақсаты болып табылады. 7-тармақ пен БҰҰ БКК мақсаттарына қол жеткізу-күрделі міндет, бірақ ол тұрақты және тұрақты қоғам құруды қамтамасыз етеді. Бұл жол картасы саяси көшбасшыларды энергияның ауысуының әртүрлі жолдары туралы хабардар ету үшін олардың техникалық мүмкіндіктерін, инвестициялық шығындарын, пайдасын, қиындықтары мен мүмкіндіктерін бағалайтын бірнеше түрлі сценарийлерді ұсынады. Қазақстан энергияға 100% қолжетімділікті қамтамасыз етті және таза отынды пайдалана отырып, тамақ дайындау көрсеткішіне қол жеткізуге өте жақын. Қазақстанның энергетика саласының басты проблемасы - электр энергиясын өндірудегі шикізат ретінде көмірге жоғары тәуелділік. 2021 жылы электр энергиясының 77% - ы көмірден, ал 17,4% - ы табиғи газдан өндірілді. Бұл «ағымдағы саясат» сценарийінде 2030 жылға дейін шартсыз

NDC-ге қол жеткізуге кедергі келтіреді. Бұл мәселені шешу үшін SDG сценарийінде энергия тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдау қажет және жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын өндіру мақсатын ұлғайту ұсынылады.

Сонымен Қазақстанның ТДМ 7-мақсатына қол жеткізумен шектелмей, неғұрлым жоғары деңгейдегі мақсаттар қоюға және тұтынуды одан әрі қысқартуға энергия тұтыну және шығарындыларды азайту әлеуеті бар. «Тұрақты жылыту» сценарийі аясында тұрғын үй секторындағы тиімсіз жылыту технологияларын электр жылытқыштарына ауыстыру және газ қазандықтарын азайту мәселелері қолға алынды. Оқшаулау сияқты кейбір үнемді және шығынсыз шаралар шатырлы үй-жайларды, жертөле қабаттары мен терезелерді жаңғырту арқылы энергия шығынын 15% - ға азайта алады. Болашақта, 2030 жылдан кейін және қарай жылжу 2050 жылға қарай таза нөлдік шығарындыларды Қазақстан 25,5 энергия үнемдей алады. Бұл тәсіл 47 таза нөлдік шығарындылар энергетикалық секторды декарбонизациялауды қажет етеді барлық энергияны тұтынуды электр энергиясына айналдыруды көздейді [96].

Қазақстанның климаттық саясатындағы маңызды оқиға 2021 жылы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) мен Еуропалық Одақ елдерінің тәжірибесін ескере отырып, жаңа Экологиялық кодекстің қабылдануы болды. Экологиялық кодекстің негізгі ерекшеліктерінің бірі климаттың өзгеруіне бейімделу саласындағы мемлекеттік басқаруға арналған 22-тараудың қосылуы болды, оның басым бағыттары ауыл шаруашылығы, су шаруашылығы, орман шаруашылығы және азаматтық қорғаныс болып табылады (ҚР Экология кодексінің 313-бабы). ҚР Экология кодексінің 22-тарауының енгізілуі басқа нормативтік құқықтық актілерге айтарлықтай әсер етті. Осылайша, орман шаруашылығы туралы заңнама мемлекеттік орман қорын қорғау және сақтау климаттың өзгеруіне бейімделу және оның теріс салдарына осалдығын азайту шараларын жүзеге асыруды қамтитынын анық көрсетеді (ҚР Орман кодексінің 62-бабының 10-тармағы). Сонымен қатар, жаңа Экологиялық кодексте шығарындылар саудасының арнайы механизмі көзделген, ол сонымен қатар ҰДК (Ұлттық деңгейде айқындалатын үлес) шеңберінде Қазақстанның сөзсіз мақсатына жетуге бағытталған [35].

Климат міндеттемелерді орындаудағы келесі қадам Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 19 сәуірдегі № 313 қаулысы «Климаттың өзгеруіне жаһандық ден қоюға Қазақстан Республикасының жаңартылған ұлттық үлесін бекіту туралы» қаулысының қабылдануымен байланысты. Бұл құжатта екі мақсат белгіленді. Біріншісі шартты мақсат: 2030 жылдың соңына қарай базалық 1990 шығарындылар деңгейіне қатысты парниктік газдар шығарындыларын 15 пайызға төмендету, ал шартты мақсат ретінде гранттық көмектің елеулі қосымша халықаралық инвестициялары, технологиялары трансфертті халықаралық тетігіне қол жеткізу, халықаралық ғылыми, перспективалы төмен көміртектік технологиядарды тәжірибелік конструкторлық жобаларына бірлесіп қаржыландыру, жергілікті

сараптамалық әлеуетті ұлғайту, базалық 1990 жылғылар деңгейіне қатысты 2030 жылдың соңына қарай 25 пайызға төмендету [74].

Декарбонизация процесіндегі негізгі стратегиялық құралдардың бірі - шығарындыларды азайту және климаттың өзгеруіне бейімделу бойынша іс-қимыл жоспарлары - Ұлттық деңгейде анықталған үлестерді енгізу. Париж келісіміне сәйкес, әрбір қатысушы ел өзінің ҰДК-ін бес жыл сайын әзірлеуге және үнемі жаңартып отыруға міндетті. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҰДК қабылдауы елдің климаттық саясатының тұрақтылығы мен күшін көрсетеді, бұған оның жаһандық декарбонизация мақсаттарына қол жеткізуге, осы саладағы халықаралық ынтымақтастықты ілгерілетуге және бар қиындықтар мен тиісті халықаралық міндеттемелерді мойындауға бағытталғандығы дәлел бола алады. ҰДК сонымен қатар Қазақстанның Париж келісімін қоса алғанда, халықаралық климаттық бастамаларға берілгендігін атап көрсетеді, бұл елдің қазіргі заманғы климаттық талаптарға бейімделуге және жаһандық климаттық үрдістермен үйлесуге ашықтығын растайды. 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған шығарындыларды азайтудың нақты мақсаттарын белгілеуді Қазақстанның халықаралық аренадағы беделін нығайтудағы маңызды қадам ретінде қарастыруға болады. Дегенмен, ҰДК отандық және халықаралық сарапшылардың кеңінен сынына ұшырағанын атап өткен жөн, бұл өз кезегінде объективті және кейде негізделген ұстаным болып табылады, бұл саясатты жүзеге асырудың жаңа, тиімдірек жолдарын іздеуге мәжбүр етеді. Дегенмен, сыни талдауға басымдық бермес бұрын, осы жоспарды қабылдаудың маңыздылығын және оның елдің көміртегі бейтараптығына қарай ілгерілеуіндегі маңызды құқықтық және стратегиялық қадам ретіндегі әлеуетін мойындау қажет [97, б. 205-220].

Қазақстан жаһандық климаттық бастамаларға интеграциялануды белсенді түрде жүргізуде, және ол мәселелерді Париж келісіміне және жалпы климаттық күн тәртібіне берілгендігін мәлімдейді. ҚР экология кодексі, 2060 стратегиясы және жаңартылған Ұлттық деңгейде анықталған үлес (ҰДК) сияқты қабылданған маңызды құжаттар елдің көміртегі бейтараптығына көшуге стратегиялық міндеттемесін көрсетеді. Дегенмен, саяси және заңнамалық деңгейлерде елеулі қиындықтар әлі де бар, бұл осы ауқымды мақсаттарды тиімді жүзеге асыруға кедергі келтіреді.

Қазақстанның климаттық саясатында кездесетін негізгі қиындықтарға мыналар жатады:

- Климаттық саясатты іске асыратын тікелей тетіктерінің болмауы. Ұлттық құқықтық актілерде және басқа да нормативтік актілерде шығарындыларды азайту мақсаттарына жету үшін айқын және шынайы жол карталары мен алгоритмдер жоқ. Бұл қойылған мақсаттарға жетудегі тұрақты прогреске кедергі келтіреді.

- Экономикалық және экологиялық басымдықтар арасындағы сәйкессіздік. Мұнай мен газ өндірісінің өсуі мен ұзақ мерзімді көміртегі бейтараптығы мақсаттары арасында қайшылық бар.

- Эмиссиялар саудасы саласындағы құқықтық реттеудегі мәселелер және халықаралық климаттық қаржыландыруды пайдалану. Бұл салаларда айқын нормативтік базаның болмауы климаттық саясатты жүзеге асыруға айтарлықтай көмектесетін тетіктерді тиімді және әділ қолдануға кедергі келтіреді.

- Инновациялық құқықтық шешімдердің болмауы.

- Институционалдық үйлестіру мәселелері. Климаттық саясат саласында жұмыс істейтін агенттіктер мен ұйымдар арасындағы жеткілікті үйлестірудің болмауы, сондай-ақ құқық қорғау тәжірибесінің әлсіздігі және декарбонизация мәселесіне қатысты жүйелі сот тәжірибесінің болмауы негізгі кедергілер болып табылады [98, б. 205-220].

Могилюк С. сараптамасында, 2023 жылғы ҰДК бірқатар өте маңызды олқылықтарды қамтиды:

- Құжатта Қазақстанның 1,5°C сценарийіне қалай қол жеткізуді көздейтіні нақтыланбаған, және 2035 жылға арналған аралық мақсаттар немесе ашық модельдеу жоқ;

- елдің мұнайға, көмірге және газға жоғары тәуелділігіне қарамастан, қазба отындарын біртіндеп пайдаланудан бас тарту стратегиясының болмауы;

- қазба отын өнеркәсібіне тәуелді жұмысшылар мен аймақтарды қолдау үшін кешенді әділ өтпелі кезең шеңберінің болмауы. Климаттық саясаттың жұмысшыларға, қауымдастықтарға немесе қазба отын өнеркәсібіне тәуелді аймақтарға, сондай-ақ климаттың өзгеруінің әсеріне ең осал қауымдастықтарға әлеуметтік әсерін бағалау бойынша шаралар жоқ;

- жерді пайдаланудың, ауыл шаруашылығының және орман шаруашылығының парниктік газдар шығарындыларына қосқан үлесі ҰДК 2.0-да қарастырылмаған. Олар тек бағаланатын салалардың қатарында аталған. Соындай мәселелерді айта отырып ҰДК жетілдіруге келесі ұсыныстарын келтіреді. Біріншіден, шығарындыларды азайтуға қатысты ашық, ғылыми негізделген әдіс көрсетілуі керек, оның ішінде 2035 жылға арналған аралық мақсат және 1,5°C үрдісі мен жаһандық болжам болжамдарымен нақты байланыс болуы керек. Екіншіден, қазба отынын біртіндеп тоқтату стратегиясын нақты салалық мерзімдермен және жаңартылатын энергия көздеріне инвестициялық жоспарлармен ұсыну. Бұл жол картасына өтпелі кезеңнің әлеуметтік-экономикалық әсерін де ескеру және қазба отыны инфрақұрылымын шектеуден аулақ болу керек. Сонымен қатар, әртүрлі топтардың мүдделерін қамтитын әділ өтпелі кезеңді қамтамасыз ету шараларын қосу керек: жұмысшыларды қайта даярлау, әлеуметтік қорғау, аймақтық қолдау бағдарламасы және азаматтық қоғамның, әсіресе ең осал топтардың, әйелдер мен жастардың қатысуы. Жерді пайдалану, ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы салалары үшін бөлек және ашық есеп жүргізуді қамтамасыз ету. Тұрақты ауыл шаруашылығын дамыту үшін нақты мақсаттарды белгілеу мен орман және жерді пайдалану саясатын ұлттық биоәртүрлілік және бейімделу мақсаттарымен үйлестіру көзделуі тиіс [85].

Сонымен, Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына халықаралық климаттық міндеттемелерді имплементациялаудың құқықтық тетіктері мен проблемаларын зерттеудің нәтижесінде келесі қорытындыларды жасауға болады. Қазақстан Республикасы климатты қорғау бойынша халықаралық актілерге сәйкес міндеттеме ала отырып, мемлекетте стратегиялық құжаттар мен тиісті нормативтік құқықтық актілер қабылдау арқылы кезең кезеңімен интеграциялауды жүзеге асыруда.

Қазақстан Республикасының халықаралық климаттық міндеттемелерін имплементациялауда Қазақстан Республикасының 2021 жылғы экология кодексі, 2060 көміртектік бейтараптық стратегиясы және Климаттың өзгеруіне жаһандық ден қоюға Қазақстан Республикасының жаңартылған ұлттық үлесін бекіту құжаттары аса маңызға ие. Аталған құжаттар экономиканы декорбанизациялауға, мемлекеттің парниктік газдар шығындыларын азайтуға, жаңартылатын энергия көздерін дамыту мен энергетикалық тиімділікті арттыруға бағытталған.

Талдау көрсеткендей, халықаралық климаттық міндеттемелерді имплементациялау неғұрлым бейімделу сипатына ие болды. Себебі, климаттық міндеттемелер, көбінде экологиялық немесе энергетикалық заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы жүзеге асырылды. Бұл, климаттық саясатты тек фрагменттарлық сипатта қалып қоюына әкелуі мүмкін. Сол себептен де, климаттық, заңнама мен климаттық саясатты жеке дара институт ретінде қарастырудың қажеттілігі туындап отыр.

Халықаралық климаттық міндеттемелерді ұлттық заңнамаға имплементациялаудың тиімділігін артыру үшін климаттық құқықты жеке салааралық құқық ретінде қарастыратын институционалдық құқықтық реттеу әдісін қолдану арқылы мүмкін болады. Яғни, климатты қорғау саласындағы халықаралық келісім шарттарды ратификациялау экономиканы декорбанизациялау бойынша көзделген мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік бермейді. Оның негізгі себебі ретінде, институционалды және экономикалық ұйымдастырушылық тетіктерін қамтитын тікелей нормативтік құқықтық актінің болмауы. Тікелей нормативтік құқықтық акт халықаралық климаттық міндеттемелерді орындауда, мемлекеттің стратегиялық көрсеткіштеріне қол жеткізуде нақты тетіктерді қамтитын нормалардан тұрады және климаттық саясаттың формальды сипатынан нақты сипатқа ауысуына негіз болады.

## **2. КЛИМАТТЫ ҚОРҒАУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕТІКТЕРІ**

### **2.1. Климатты қорғауды мемлекеттік құқықтық реттеу түсінігі мен бағыттары**

Мемлекет және құқық теориясы ғылымында «мемлекеттік басқару» және мемлекеттік реттеу өзара байланысты және қатар қолданылатын ұғымдар. Біздің пікірмізше, климатты қорғау мәселесін қарастырғанда мемлекеттік реттеу терминін қолданған ұтымдырақ. Бұл қорытынды келесі дәлелдермен негізделеді. Мемлекеттің міндеттерінің бірі ретінде қоғамдық тәртіп пен тұрақтылықты қамтамасыз етуді қарастырсақ, басқару неғұрлым императивтік сипатқа ие категория екенін аңғарамыз. Осы орайда мемлекеттік басқару әлеуметтік басқарудың бір түрі болып табылады, оның субъектісі мемлекет объектісі қоғамдық қатынастар мен әлеуметтік үдерістер құрайды. Мемлекеттік басқарудың басты мақсаты халықтың әл-ауқатын артыру мен қоғамдық-саяси, әлеуметтік, экономикалық және өзге де мақсаттар бар. Мемлекеттік басқарудың қағидалары өз кезегінде жалпы жүйелік, және құрылымдық қағидалар болып бөлінеді. Олардың септігімен мемлекеттік органдар мен жергілікті билік органдары арасындағы өзара қатынастар үйлестіріледі [98, б. 72-85].

Ғалымдардың айтуынша, бүгінгі таңда басқарудың келесі түрлері туралы айтуға негіз бар:

- кибернетикалық мағынадағы басқару – субъектілер мен объектілер арасындағы тікелей және кері байланыс механизмі арқылы өзара әрекеттесу;
- қоғамды басқару (әлеуметтік басқару) – қоғамдық өмірдің барлық, көптеген немесе жеке салаларына ықпал ету, қоғамдық процестерді басқару;
- мемлекет пен мемлекеттік істерді басқару – мемлекет пен оның институттарының мемлекеттік өмір салаларына мемлекеттік саясаттың мақсаттарына сәйкес өзгерістер енгізуге бағытталған мақсатты ұйымдық ықпалы;
- мемлекеттік басқару кең мағынада – мемлекеттік органдардың ұйымдық және әкімшілік қызмет саласы, тар мағынада – атқарушы органдардың қызметі, яғни әкімшілік аппарат;
- корпоративтік басқару – ұйымдар мен кәсіпорындарда жүзеге асырылады;
- техникалық басқару – технологиялық процестердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қолданылады [99, б. 119-128].

Жалпы кең мағынада басқару бір нәрсені немесе біреуге басқарушылық ықпалды білдіреді. Қазіргі кезде де осы сипатта басқару түсіндіріледі. Алайда, толыққанды мәнін анықтау үшін мұндай мәлімдеме мен шектелу жеткіліксіз. Бұл нұсқаулықтың мазмұнын, оның функционалдық мәнін ашу қажеттілігі туындатады. Жалпы теориялық позициялар, соның ішінде кибернетикалық позициялар келесі тұжырымдарға жеткілікті негіз береді:

- «Басқару» дегеніміз-олардың тұтастығын қамтамасыз ететін әртүрлі сипаттағы (биологиялық, техникалық, әлеуметтік) ұйымдасқан жүйелердің қызметі, яғни олардың алдында тұрған міндеттерге қол жеткізу, олардың құрылымын сақтау, олардың қызмет режимін сақтау;

- «Басқару» элементтердің белгілі бір жүйесін құрайтын және барлық элементтерге ортақ міндеттері бар біртұтас тұтастықты білдіретін өзара әрекеттесу мүдделеріне қызмет етеді;

- «Басқару» - өзін-өзі ұйымдастыру (өзін-өзі басқару) бастауларында тұрақты өзара іс-қимыл жасайтын субъект (басқарушы элемент) және объект (басқарылатын элемент) негізгі элементтері болып табылатын тұтас жүйенің ішкі сапасы;

- «Басқару» тек жүйені құрайтын элементтердің ішкі өзара әрекеттесуін ғана білдірмейді. Әртүрлі иерархиялық деңгейдегі көптеген өзара әрекеттесетін интегралды жүйелер бар, олар жүйеішілік және жүйеаралық сипаттағы басқару функцияларын жүзеге асыруды қамтиды. Осы жағдайда, жоғары тәртіп жүйесі олардың арасындағы өзара іс-қимыл шеңберінде басқару объектісі болып табылатын төменгі тәртіп жүйесіне қатысты басқару субъектісі ретінде әрекет етеді;

- «Басқару» өзінің мәні бойынша субъектінің объектіге басқару әсеріне дейін азаяды, оның мазмұны жүйені ретке келтіру, оның өмір сүру және даму заңдылықтарына толық сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл субъект пен объект арасындағы байланыстарда жүзеге асырылатын және тікелей басқару субъектісі жүзеге асыратын мақсатты реттеуші әсер.

- «Басқару» объектінің басқару субъектісіне, жүйенің басқарылатын элементіне оның басқару элементіне белгілі бағынуы болған кезде нақты болады. Демек, басқару (тапсырыс беру) әсері басқару субъектісінің құзыреті болып табылады. Бұл басқарудың жалпы тұжырымдамасын сипаттайтын негізгі белгілер. Демек, әлеуметтік басқаруды жүзеге асыруда көрінетін әлеуметтік процестердің ортақ байланысы мен бірлігін білдіру қажеттілігі. Бұл қоғамның қалыпты жұмыс істеуі мен дамуының жетекші шарттарының бірі. Мемлекеттік басқару тұжырымдамасы туралы мәселеге көп көңіл бөлінеді, нәтижесінде ғылыми әдебиеттерде ол қайта-қайта зерттеледі. Мемлекеттік басқарудың кең іргелі тұжырымдамасын әзірлеу заң әдебиеттерінде де сезіледі. Алайда, мемлекет және құқық теориясында ол әлі де маңызды заңдық құндылыққа ие болған жоқ және оны құқықтанудың әртүрлі салаларында, сондай-ақ басқа да пәнаралық және жалпы ғылыми мағыналарда қолдануға болады.

«Мемлекеттік басқару» - «мемлекеттік» және «басқару» құрамдас ұғымдарын түсіндірудің маңызы зор. Басқару ғаламдағы гравитациялық, электромагниттік, радиациялық және басқа күштердің өзара әрекеттесуін қамтиды. Оның терминдері кейде геологиялық және географиялық процестерді сипаттайды. Басқару аспектілері механизмдерде, физикалық, химиялық және биологиялық құбылыстарда көрінеді. Кейде тіпті табиғи

және әлеуметтік элементтердің стихиялық, ерікті әрекетін басқару ретінде ұсынуға тырысады [100, б. 9-11].

Климаттық сценарийлер шеңберіндегі дискурста «саясат», «заң» және «реттеу» ұғымдарының бір-бірінің орнына қолданылып жатқанын байқаймыз. Саясат «басқарудың мазмұндық өлшемін қамтиды (институционалдық құрылым ретінде анықталса, құқық саясатты қалыптастыру, іске асыру және бақылау жүргізуді, сондай-ақ нәтижелерге бағытталған саяси басқарудың мақсаттары мен құралдарын білдіреді)». Құқықтық тұрғыдан алғанда, заң мен саясат арасындағы негізгі айырмашылығын келесіден анықтауға болады: заң өзінің міндетті сипатымен қоғамда әділеттілікті қамтамасыз етуге арналған жүріс тұрыс ережесі, сондықтан ол тұрақты әрі анық, ал саясат заңнамада бекітілген-бекітілмегеніне қарамастан белгілі бір мақсаттарға жетуге бағытталатын мүдделер жиынтығы. Кейде саясат заң шығарушы орган қабылдаған құқықтық құрал қолжетімсіз болған кезде пайда болатын құқықтық лақунаны уақытша толтыра алады, ал кейбір саясаттар ақырында жаңа заңдардың қабылдануына әкелуі мүмкін. Құқықтық және саяси мәдениетке байланысты саясат кейде құқықтық құралдармен тең маңызды рөл атқарып, жоғары міндеттілікке ие болуы мүмкін. Билік құзыретін атқару аясында реттеу мағынасы «оқиғалар мен мінез-құлық ағымын басқаруға бағытталған билік жүргізудің үлкен бөлігі» ретінде қарастырылады, ал қалған екі элементі – «қамтамасыз ету» және «тарату». Заң термині ретінде реттеудің әртүрлі контексттердегі қатандық деңгейлері әртүрлі: ЕО реттеулері міндетті күшке ие, ал жалпы реттеулер заңнан жұмсақ құралдар да болуы мүмкін [101].

Отандық заң әдебиеттерінде мемлекеттік реттеу мәселесі туралы көптеген ұстанымдар айтылғанымен тікелей зерттеген зерттеулер жоқ. Кейбір ғылыми зерттеулерді «мемлекеттік реттеу» ұғымының орнына «құқықтық реттеу» ұғымын қолдануды дұрысырақ деп түсінеді. Басқаша айтқанда, мемлекеттік реттеу болып табылатын түсінік құқықтық реттеу деп те саналуы тиіс. Ұғымдардың мұндай өзгеруі кеңестік заң ғылымынан туындайды, ол кезде мемлекеттік және құқықтық реттеу арасында ешқандай айырмашылық болмады іске асыруда осы екі ұғым ортақ бір түсінік ретінде қабылданды. Сонымен қатар, мемлекеттік және құқықтық реттеуді анықтау кеңес ғалымдарының қате түсінігі болған жоқ. Бұл кеңестік заң ғылымында қалыптасқан құқықты белгіленген нормалар жүйесі ретінде түсінуден туындады немесе мемлекет санкциялаған. Осылайша, позитивистік, шын мәнінде, түсіну құқықтар, шын мәнінде, мемлекеттік және құқықтық реттеуді ажырату мүмкін емес. Егер құқық мемлекет белгілеген немесе санкциялаған нормалар болса, онда осы нормалармен жүзеге асырылатын реттеу бір уақытта мемлекеттік және құқықтық болып табылады [102].

Сонымен зерттеулер көрсеткендей, мемлекеттік басқару ұғымы мен мемлекеттік реттеу ұғымы өзара байланысты ұғымдар, алайда мазмұны мен құқықтық ерекшеліктері бірдей түсініктер емес. Мемлекеттік басқару мемлекеттік биліктің ұйымдастырушылық және биліктік өктемдік қызметі

ретінде қоғамдық үдерістер мен бағынысты объектілерге тікелей басшылық жасауды көздейді, ол әдетте атқарушылық билік органдары қызметі арқылы жүзеге асырылады. Ал мемлекеттік реттеу қоғамдық қатынастар дамуының құқықтық шеңберлері міндетті талаптар, шектеулер мен ынталандыру тетіктері арқылы жанама түрде ықпал етуді білдіреді. Мемлекеттік басқарудан айырмашылығы мемлекеттік реттеу тікелей әкімшілік ықпал етумен шектелмей, әлеуметтік және экономикалық үдерістің дербес әрі орнықты дамуы үшін құқықтық және институционалдық жағдайлар қалыптастыруға бағытталады.

Мемлекеттік реттеу - бұл қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, саяси және экологиялық процестерді тәртіпке келтіру, тұрақтандыру және дамыту мақсатында мемлекет жүзеге асыратын құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық және әкімшілік ықпал ету шараларының жүйесі деп жалпы анықтама беруге болады. Ал климатты қорғаудағы мемлекеттік құқықтық реттеу осы климаттық қоғамдық қатынастарға ықпал ету арқылы мемлекеттің функциясын жүзеге асыру құралы ретінде түсіндіріледі.

Мемлекеттік билік мемлекеттік басқару арқылы жүзеге асырылады-мемлекеттің, оның органдарының жалпы қоғамға, оның белгілі бір салаларына (экономикалық, әлеуметтік, рухани) қоғамның алдында тұрған міндеттер мен функцияларды орындау үшін белгілі объективті заңдар негізінде мақсатты әсері. Мемлекеттік биліктің тағы бір маңызды ерекшелігі-бұл осы биліктің механизмін (аппаратын) құрайтын мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметінде көрінеді. Сондықтан ол мемлекеттік деп аталады, ол оны іс жүзінде бейнелейді, іске қосады, ең алдымен мемлекеттің механизмін жүзеге асырады. Сонымен басқару дегеніміз мемлекеттік билікті жүзеге асырудың құралы жөнінде қорытынды жасауға болады [103, б. 16-17].

Алексеев С.С. мемлекеттік басқаруды мемлекеттің функциясымен байланыстырып қарастырады. Мемлекеттің функциялары мәні бойынша объективті. Олар қоғам мен мемлекеттің өзара әрекеттесу заңдылықтарына байланысты, сондықтан соңғысының оларды орындау немесе орындамау туралы таңдауы жоқ. Мемлекеттің өз функцияларын орындамауы, сөзсіз, қоғамдық өмірде жағымсыз салдардың тізбекті реакциясын тудырады. Сонымен, егер мемлекет құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету функциясын жүзеге асыруды тоқтатса, қоғам сөзсіз тұрақсыздандырылады, оның жойылуына әкелетін анархия пайда болады. Сонымен бірге, мемлекет функцияларының объективті сипаты олардың адамдардың еркі мен санасынан тыс жүзеге асырылатындығын білдірмейді. Керісінше, мұндағы субъективті фактордың рөлі өте үлкен. Мемлекет оның функциялары қоғамның объективті қажеттіліктеріне толық сәйкес келген кезде ғана жемісті жұмыс істейді. Бұл дегеніміз, алдымен объективті әлеуметтік қажеттіліктер хабардар болуы керек, содан кейін мемлекеттің функциялары мен оларды жүзеге асыру механизмі анықталуы керек. Мұның бәрі адамдардың саналы іс-әрекетімен қамтамасыз етіледі. Мемлекеттің функциялары әртүрлі, олардың пайда болу және өзгеру тәртібі оның

эволюциясы барысында Қоғам алдында тұрған міндеттердің реттілігіне және оның мақсаттарына байланысты. Тапсырма – бұл рұқсатты қажет ететін нәрсе, ал функция – мұндай рұқсатқа бағытталған қызмет түрі. Басқа сөзбен айтқанда, міндеттер мен функциялар бір-бірімен байланысты, бірақ бірдей ұғымдар емес. Жекелеген тарихи кезеңдерде мемлекеттің әртүрлі міндеттері мен мақсаттары, демек, оның әртүрлі функциялары басымдыққа ие болады. Кез-келген тапсырманы орындау кейбір функциялардың жойылуына, жаңаларының пайда болуына-басқалардың пайда болуына әкеледі [103, б. 16-17].

Қазақстан Республикасы құқықтық тәжірибесінде мемлекеттік басқару ұғымы қолданылады. Қазақстан Республикасы экология кодексінің екінші бөлімі қоршаған ортаны қорғау саласын мемлекеттік басқару ұғымын анықтауға бағытталған [35].

Климатты қорғауды мемлекеттік реттеу мен қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік реттеу өзара тығыз байланысты ұқсастықтары мен ерекшеліктері бар ұғымдар болып табылады.

Қоршаған ортаны мемлекеттік реттеу 1960 жылдардан бері өнеркәсіптік қызметтердің тиісті деңгейде реттелмеуі салдарынан, қоршаған ортаға келіп түсетін зиян көлемі артқандықтан оған қарсы күресте басты реттеуші құрал ретінде қоршаған ортаны қорғау тетіктерін қабылдауға бағытталған мемлекеттердің күшейтілген және ұйымдасқан әрекеттеріне жауап беретін және қоршаған ортаны қорғау сапасын арттыруға арналған зерттеулер белсенді түрде жазыла бастады. Бұл деградация мен тереңдей түскен экологиялық дағдарыс 1960 жылдардан бері реттеуі әлсіз болғанымен, кеңейіп, зиян келтіріп келе жатқан өнеркәсіптік қызметтердің экологиялық ізінің нәтижесі болып табылады. Сол уақыттан бері мемлекеттің реттеу тетіктері күрделене түсті: экологиялық реттеу режимі өнеркәсіптік дамыған елдерден дамушы елдерге тез таралып, ластануды бақылау мен экологиялық сақтау салаларындағы реттеу аясы үнемі артып келеді [104, б. 1-15].

Қоршаған ортаны қорғаудың ұйымдық-құқықтық механизмі – қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты туындайтын қоғамдық экологиялық қатынастар саласында мемлекеттік атқарушы органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін ұйымдастыру және үйлестіру механизмі. Бұл механизм адам өмірі мен денсаулығына қауіпті заттардың қоршаған ортаға түсуін азайту және кейіннен толықтай жою шараларын; жеке өңірлерде және мемлекеттің бүкіл аумағында өндіргіш күштерді экологиялық тұрғыдан тиімді орналастыру және одан әрі дамытуды қамтамасыз етеді; халық денсаулығы көрсеткіштерін қоршаған ортаның жағдайын ескере отырып бақылау жүйесін құру; табиғи ортаның сапа стандарттарын сақтау және тарихи-мәдени табиғи құндылықтарды қорғау мен сақтау мақсатында бүкіл ел бойынша табиғи қорықтар желісін құру және дамыту; жерді басқару, орман шаруашылығын жүргізу, су объектілерін сертификаттау және табиғи қорықтар, сауықтыру курорттары, тарихи-мәдени орындар мен демалыс

Климаттық өзгерістерге қарсы және климаттық саясатты іске асыру институционалдық құрылымдарына жасалынған талдаулар көрсеткендей, Қазақстан Республикасының климаттық міндеттемелерін орындау үшін мемлекетте жүйеленген мемлекеттік құрылымның болуы маңызды. Қазақстан Республикасында климаттық саясатты тікелей жүзеге асыратын дербес заңи мәртебесі бар мемлекеттік орган жоқ, климатты қорғау саясаты тек жауапты министрліктің қарамағында климаттық саясат департаменті қызмет атқарады [134]. Өз кезегінде мемлекеттік органдар жүйесінде департаменттер ол қандайда бір министрліктің құрылымдық бөлімшесі бола тұра заңды тұлға мәртебесіне ие емес субъект. Ол тек министрліктің берген құзыреттілігі шегінде ғана қызмет атқарады және министрлікке тікелей бағынады. Жалпы ереже бойынша департаменттердің қызметі әдістемелік, талдау, ақпараттық қамтамасыз ету және ұйымдастырушылық қызметтен тұрады. Ал комитеттер министрліктің құрамында болғанымен заңды тұлға мәртебесіне ие дербес субъект. Ол дегеніміз, комитеттер өз атынан қоғамдық қатынастарға түсу қабілетіне ие өзіндік жауапкершілігі бар субъект екендігін білдіреді. Комитеттердің негігі қызмет бағыттары стратегиялық қызметтер, реттеу қызметтері, жүзеге асыру мен қадағалау қызметтерінен тұрады.

Сол себептен де, Қазақстан Республикасы жағдайында климаттық саясатты іске асыратын мемлекеттік органдардың қызметі жетілдіруге жатады. Климаттық мәселелерді бірнеше органдардың құзыретіне жатқызылуы мен тек департамент деңгейінде іске асуы, мемлекеттік органдар қызметінде қайталану мен ведомствоаралық үйлестірулердің қиындауына әкеліп, нәтижесінде климаттық міндеттемелерге жету жөніндегі бағдарламалардың іске асуында қиындықтар туғызады.

Зерттеу барысында климатты қорғау саласындағы шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарының қызметіне талдау жасалынып, әр мемлекеттің құрылымдық нысанына қарай осы саладағы мемлекеттік реттеу органдарының құрылымдары да ерекше болады деп қорытынды жасалынды. Кейбір мемлекеттерде, климаттық стратегиялық жоспарлауды, салааралық

үйлестіруді, климаттық саясатпен климаттық бақылауды ғылыми-сараптамалық талдауын және мемлекеттік климаттық міндеттемелерін іске асыруға жауапты арнайы мемлекеттік органдар қызмет атқаратыны анықталды.

Климаттық саясат жөнінде арнайы мемлекеттік органның қызмет атқаруы климаттық саясатты қалыптастырудың кешенділігі мен ұлттық климаттық стратегияларды іске асырудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасында климатты қорғау саласын арнайы үйлестіруші орган қажет. Ол органды Қазақстан Республикасының экология және табиғи ресурстар министрлігі жанындағы климатты қорғау комитеті ретінде құрылуын ұсынамыз. Климатты қорғау комитеті климаттық саясатты жүзеге асыруда мемлекеттік қызметті үйлестіруді жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасының климаттық міндеттемелерінің іске асыруына тікелей жауапты болады. Климатты қорғау комитетін құру климатты қорғау бойынша мемлекеттік басқару мен реттеудің институционалдық тетіктерін жетілдіруге, мемлекеттік климаттық саясаттың жүйелілігі мен келісімділігін қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының орнықты дамуы жағдайында халықаралық климаттық міндеттемелерді орындалуына тиімді ықпал етеді.

Климатты қорғау комитетінің негізгі қызметтері мыналар болуы тиіс:

- Қазақстан Республикасының климаттық саясатын әзірлеу;
- Қазақстан Республикасында климаттық саясатты іске асыруда мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;
- парниктік газдар шығарындыларының көлемін азайту бойынша бағдарламалар мен ұлттық стратегияларды жасау мен жүзеге асыруына жауапты болу;
- Қазақстан Республикасының халықаралық климаттық міндеттемелерін орындауды қадағалау;
- мемлекеттің климаттық саясатына ғылыми сүйемелдеуді іске асыру;
- Қазақстан Республикасының климаттық заңнамасын жетілдіру жолдарын ұсыну;
- Қазақстан Республикасы климатты қорғау бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

### **2.3 Климатты қорғаудың құқықтық модельдерінің мәселелері**

Қазіргі уақытта жер шарындағы климаттық өзгерістер жаһандық сын-қатерлердің біріне айналуда. Соңғы он жылдықта ғаламдық температураның үнемі жоғарылауы, мұздықтардың еруі, экожүйелердің нашарлауы, табиғи апаттардың жиі орын алуы адамзат баласының тіршілік етуіне айтарлықтай қауіп тудыруда және мұның салдары биоәртүрліліктің бұзылуына, су мен энергия ресурстарының азаюына және басқа да экологиялық қатерлерге әкеліп соқтыру тәуекелі де жоғары.

XXI ғасырдың басында әлемдік қауымдастық климаттың өзгеруі энергетикалық қауіпсіздікпен, азық-түлік және ауыз сумен жабдықтаумен, экожүйелердің тұрақты өмір сүруімен және адам денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін тікелей және жанама тәуекелдердің артуымен әлемдік экономикаға елеулі қауіп төндіре бастады [135].

Соңғы жиырма жылда климаттың өзгеруі мәселелері парниктік газдар шығарындыларын азайту стратегияларын әзірлеу және экономиканың барлық секторлары мен адам тіршілігінің құрамдас бөліктерін төмен көміртекті дамуға біртіндеп көшіру тұрғысынан әлемдік экономика мен саясатқа тікелей әсер ететін өзекті проблемалардың біріне айналды.

Қазіргі таңда көптеген елдер климатты қорғауға және климаттың өзгеруінің алдын алуға бағытталған шараларға басымдық беруде. Халықаралық қауымдастықтың басты назары парниктік газдар шығарындыларын азайтуға бағытталған, оның ішінде көмірқышқыл газы (CO<sub>2</sub>) басым рөл атқарады. Зерттеулерге сәйкес, «атмосфералық көмірқышқыл газының (CO<sub>2</sub>) жыл сайын артуы 2025 жылы жаһандық температураның 1-4,5 градус Цельсийге көтерілуіне әкелуі мүмкін» деп болжанған болатын [112, б. 43-59].

Ғаламдық құбылыс Қазақстан сияқты құрғақ континенттік климатқа ие мемлекеттерді де айналып өтпейді. Соңғы жылдары елімізде құрғақшылықтың қайталануы, ауаның экстремалды температурасының тіркелуі жиілеп, су ресурстарының тапшылығы күшейіп келеді, бұл ауыл шаруашылығына және экономиканың тұрақтылығына тікелей қауіп төндіретін жағдай.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауларында климаттың өзгеруінің ел қауіпсіздігіне, орнықты дамуына және әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатына жүйелі ықпалына, сондай-ақ, 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу бағытына, климаттық саясатты жүзеге асыру үшін белсенді халықаралық ынтымақтастықты, заманауи технологияларды пайдалануды және қаржыландыруды арттыру қажеттігіне, жасыл экономиканы дамытуға, энергия тиімділігіне және су ресурстарын басқаруға баса назар аударып келеді. Бұл климатты мемлекеттік реттеудің стратегиялық сипатын көрсетеді [136].

Қазақстан Республикасы Орталық Азиядағы парниктік газдардың ірі эмитенттерінің бірі болғандықтан, бұл мемлекеттен тиімді және заманауи заңнамаға негізделген жүйелі климаттық саясатты талап етеді [137]. Еліміздегі бірқатар нормативтік-құқықтық актілер мен стратегиялық құжаттардың, мысалы, «Парниктік газдар шығарындыларын азайту туралы» заңның, 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму тұжырымдамасының [79], климаттық доктриналардың болуына қарамастан, Қазақстанның қолданыстағы климаттық құқығы тұтас жүйе ретінде қалыптаспаған, яғни халықаралық нормалармен жеткіліксіз үйлестірілген, ал құқық қолдану тетіктері іс жүзінде нашар жүзеге асырылуда. Осы аталғандар зерттеудің

өзектілігін және елдегі климаттық құқықты дамыту мәселелері мен перспективаларын кешенді ғылыми тұрғыдан зерделеудің шұғыл қажеттілігін айқындайды.

Теориялық тұрғыда, Г.Р. Кошанова мен В.А. Мамаева модель дегеніміз объектінің белгілі бір өзара байланыстары бар және оның қызметі мен дамуын сипаттайтын элементтер комплексінің шартты бейнесі деп анықтама береді [138, 138]. Ресейлік ғалым Е.Н. Салыгин «модельдеу» ұғымын былай түсіндіреді : «модельдеу нақты болмыста белгілі бір объектінің (түпнұсқаның) – заттың, құбылыстың немесе процестің болуын болжайды, оны таным субъектісі қандай да бір материалдық немесе ойша прототипте қайта жасайды, ол белгілі бір жағдайларда объектіні алмастыра алады және ол туралы ақпарат бере алады» [139, 13]. Ал, профессор А.В. Алексеев пен А.В. Панин модельдеуді зерттеушінің назарындағы нысанды оған ұқсас балама нысанмен алмастыру арқылы жүргізілетін зерттеу әдісі. Мұнда бастапқы нысан түпнұсқа, ал оның орнына қолданылатын нысан модель болып табылады. Модельді зерттеуден алынған білімдер кейін аналогия және ұқсастық теориясы негізінде түпнұсқаға ауысады деп тұжырымдайды [140, 376].

Заң ғылымына қатысты дихотомиялық санаттардың біріне теоретиктер мен тәжірибедегі заңгерлерге тиесілі екі түрлі модельдеуді бөліп көрсету қажет. Практикалық заңтануға қатысты модельдеу, әдіснамалық құрал ретінде, нормативтік жиынтықпен реттелетін белгілі бір құқықтық жағдайда жеке тұлғаның мінез-құлқын болжау үшін қолданылады. Бұл жағдайда модельдеу «болжам» ұғымына әлдеқайда жақын келеді.

Болжамды сипатына қарай келесідей қарастыруға болады:

- нормативтік құқықтық актілердің әсерін болжау (әдетте заңдарды әзірлеу кезінде олардың болашақтағы тиімділігіне негізделі отырып қолданылады);
- нормативтік әсерін бағалау (қолданыстағы құқықтық нормаларды, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайға әсерін талдау үшін пайдалануға болады және т.б.);
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағалау (сыбайлас жемқорлық тудыратын факторлардың алдын алу/анықтау/жою бойынша іргелі зерттеулерде қолданылатын әлеуметтік-құқықтық модельдеу);
- құқықтық мониторинг (кейбір зерттеушілердің пікірніше құқықтық модельдеу әдісі нормативтік құқықтық актілерді зерттеу үшін қажет) және т.б. [141].

Ал, теориялық заңтануға қатысты модельдеу - бұл құқықтық құбылыстарды, процестерді және жүйелерді абстрактілі түрде бейнелеу, талдау және болжау әдісі. Яғни күрделі құқықтық шындықты «модель» арқылы жеңілдетіп түсіндіру болып табылады.

Климатты қорғаудың модельдері экономикалық, стратегиялық жоспарлау және құқықтық модельдерге сүйенеді.

Климатты қорғаудың экономикалық моделі - бұл қоршаған ортаны қорғау мен экономикалық өсімді теңестіруге бағытталған саясат, нарықтық механизмдер және қаржылық құралдар жиынтығы.

Экономикалық модельдеу залалды орташа жаһандық температураның өзгеруімен, климаттың өзгеруінен туындаған аптап ыстық, су тасқыны және құрғақшылық сияқты экстремалды ауа райы оқиғаларының әсерімен байланыстырады. Мысалы, төтенше жағдай 2022 жылы Пәкістанның Пенджаб провинциясында орын алған су тасқыны салдарынан 1 700-ден астам адам қаза тауып, экономикалық шығын 32 млрд. долларды құраған [142], ал 2024 жылы Қазақстан Республикасындағы су тасқыны шамамен 300 миллиард теңгеге залал келтіріп, соңғы 80 жылдағы ең ауқымды табиғи апат ретінде тіркелген [143]. 2025 жылдың жазында Еуропадағы төтенше ауа райы 43 млрд. еуро қысқа мерзімді экономикалық шығынға әкелген, ал 2029 жылға қарай бұл шығындар 126 млрд. еуроға жетеді деп болжануда. 2025 жылдың қыркүйегінде Мангейм университетінің профессоры Сехриш Усман Еуропалық орталық банктің экономистерімен бірлесіп жариялаған зерттеуінде жылу, құрғақшылық және су тасқыны ЕО-ның барлық аймақтарының төрттен біріне әсер еткенін анықтаған [144].

Төтенше жағдайларда экономикалық модель тек болжам құралы емес, нақты шешім қабылдауға тікелей әсер ететін стратегиялық құрал болып табылады. Климаттық төтенше апаттарда экономикалық модель адамзатқа келтірілген шығынды нақты анықтап, ұстанатын стратегиялық саясат пен «жасыл» инвестицияның бағытын анықтайды.

Климатты қорғаудың экономикалық моделі негізінен «тұрақты даму тұжырымдамасы» мен «жасыл экономиканы» инвестициялау жүйесіне негізделген.

«Жасыл» экономика терминін алғаш рет ғылымға британдық экономист ғалымдар Дэвид Пирс, Анил Маркандья және Эдвард Барбье 1989 жылы Ұлыбритания Үкіметіне берген есебінде «Жасыл» экономика жоспары (Blueprint for a green economy) деген атаумен енгізген. Дэвид Пирс «Жасыл экономика – өзін-өзі тұрақты түрде көбейте алатын экономика. Тұрақтылық – барлық жасыл экономикалардың екінші ортақ ерекшелігі. Үшінші ерекшелік - экономика нысанының өзгеруімен экономикалық нәтиже алу үшін жұмсалған материалдар мен энергияның қатынасы төмендеген кезде оның өзін-өзі жаңғырту қабілеті едәуір артады.

«Жасыл экономика» ұғымын ресейлік ғалымдар Е.А. Боркова, М.Р. Изусова, К.А. Гематдинова «бұл қоршаған ортаға зиянды және зиянды факторларды жою үшін күресетін, халықтың әлеуметтік өмір сүру деңгейін арттыру процесіне ықпал ететін ерекше модель» деп дұрыс анықтама береді [145, б. 2315-2326].

2008-2009 жылдардағы қаржы және экономикалық дағдарыстарға байланысты халықаралық күн тәртібінде «жасыл өнімдер», «жасыл инвестициялар», «жасыл энергия», «жасыл экономика», «жасыл өсім» және «жасыл қоғам» ұғымдары пайда болды. Жасыл экономика климаттың

өзгеруіне және басқа да қоршаған ортаның тұрақтылығы мәселелеріне жауап бере отырып, экономикалық өсімді қалпына келтірудің негізі ретінде пайда болды [146].

UNEP (United Nations Environment Programme) анықтамасына сәйкес «жасыл экономика - бұл төмен көміртекті, ресурстарды тиімді пайдаланатын және әлеуметтік инклюзивті экономика, онда табыс пен жұмыспен қамтудың өсуі қоғамдық мүдделер мен жеке инвестициялармен анықталуы тиіс, бұл көміртегі шығарындылары мен қоршаған ортаның ластануын азайтуға, ресурстарды тиімді пайдалануды арттыруға және биоәртүрлілік пен экожүйелердің жоғалуын болдырмауға әкеледі [147, б. 183-194].

Жасыл экономика, ең алдымен, экономикалық өсу бағытының өзгеруі болып табылады. Қазіргі уақытта өсім әдетте жоғары деңгейдегі шығарындылармен, қатты ластанумен, қалдықтардың пайда болуымен, ресурстардың қарқындылығымен және экожүйенің бұзылуымен сипатталатын қызмет түрлеріне инвестициялармен қамтамасыз етіледі.

Жасыл экономиканы экожүйелік тауарлар мен қызметтерді анықтау, есепке алу және бағалау құралы ретінде қарастыруға болады, бұл табиғи ортаны басқару, сақтау және қалпына келтіру бойынша шешім қабылдауды жақсартуға және экожүйеге негізделген басқаруды экономикалық шешімдер қабылдау мен дамытуға біріктіруге әкеледі. «Жасыл» экономика парадигмасына сәйкес, экономика адами капиталдың (қоғамның) ішкі жүйесі болып табылады.

Кез келген экономикалық сектор сияқты, жасыл экономика ұзақ мерзімді капиталдық салымдарды талап етеді, оларды әдетте жасыл инвестициялар деп атайды. Жасыл инвестициялар негізінен жаңартылатын энергия көздерін әзірлеу және пайдалануға беру, жасыл технологияларды пайдалануға беру, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін экологиялық қорларды пайдалануға беру және олардың инвестициялық қызметін ынталандыру мақсаттарына бағытталған дәстүрлі, ұзақ мерзімді инвестициялық әдістерді білдіреді.

Жасыл экономика инвестицияларды төмен көміртегі шығарындыларымен, тазалықпен, қалдықтарды азайтумен, ресурстарды тиімді пайдаланумен және экожүйені жақсартумен сипатталатын іс-шараларға бағыттауды талап етеді. Сондықтан экономикалық трансформацияның негізгі көрсеткіштеріне өзгерістер және уақыт өте келе экологиялық таза тауарлар мен қызметтер өндірісінің және онымен байланысты жұмыспен қамтудың өсуі жатады. Ұлттық шоттардағы кейбір қолданыстағы статистикалық жіктеулер, мысалы, «экологиялық таза тауарлар мен қызметтер секторы», жасыл экономикаға көшуді өлшеу үшін қолайлы бастапқы нүкте болып табылады, сонымен қатар кейде жеке сектор ұсынатын әртүрлі бастамалар жасыл экономикаға инвестиция ағындарын бақылау үшін ұсынылады [148, б. 222-227].

Жасыл экономиканың негізгі қағидаттарының қатарына мыналар жатады:

- тұрақты даму қағидаттарымен сәйкестігі;
- табиғи және әлеуметтік капиталды тиісті түрде есепке алу, мысалы, әлеуметтік және экологиялық сыртқы әсерлерді ішкі ету, жасыл есеп, өмірлік циклдің құнын есептеу және мүдделі тараптарды басқаруды жақсарту арқылы;
- ресурстарды, тұтынуды және өндірісті тұрақты және тиімді пайдалану;
- жасыл жұмыс орындарын құру, кедейлікті жою, бәсекеге қабілеттілікті арттыру және негізгі экономикалық салаларда өсімді қамтамасыз ету арқылы қолданыстағы макроэкономикалық мақсаттарға жетуге үлес қосу және т.б. [149].

Табиғатты сақтау үшін табиғи ортаның жай-күйін мұқият бақылау, өнеркәсіптік шығарындыларды қалыпқа келтіру және болдырмау, қалдықсыз және ресурстарды үнемдейтін технологияларды әзірлеу және енгізу қажет. Химиялық қауіпсіздік «жасыл экономика» жағдайында Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің маңызды элементі болып табылады. Қауіпсіз басқарудың негізгі мақсаттары - улы заттардың халық денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсерін болдырмау, азайту, барынша азайту болып табылады. Бүгін де адамзат кез-келген экономикалық саланың ең алдымен қоршаған ортаға әсер ететінін түсіне бастады. Жасыл экономика - бұл тек мүмкіндік емес, азаматтарының қауіпсіз болашағын қамтамасыз етуге тырысатын барлық елдер үшін міндетті даму жолы [150].

Қазақстан Республикасы минералды ресурстардың әртүрлілігі мен саны бойынша әлемдегі көшбасшылардың қатарында. Мұнай мен газ, көмір және басқа да кен минералдары ел үшін экономикалық маңыздылықтың ең үлкен үлесін иеленеді, бұл осы экономикалық салалар үшін жақсы дамыған заңнамалық базаға әкеледі. Демек, балама энергия көздерін дамытуға мемлекет тарапынан тарихи тұрғыдан айтарлықтай аз көңіл бөлінді. Мысалы, қазіргі уақытта Қазақстандағы электр станцияларының көпшілігі табиғи газбен, көмірмен немесе мұнай туындыларымен жұмыс істейді [151].

«Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты елдің «жасыл» даму жолына көшуіне негізделген экономиканың орнықты және тиімді моделін құруға нақты бағдарлар қояды [152]. «Жасыл экономика» халықтың өмір сүру сапасының жоғары деңгейі, қазіргі және болашақ ұрпақтың мүддесі үшін және ел қабылдаған халықаралық экологиялық міндеттемелерге, оның ішінде Рио-де-Жанейр қағидаттарына, ХХІ ғасырдың күн тәртібіне, Йоханнесбург жоспарына және Мыңжылдық Декларациясына сәйкес табиғи ресурстарды ұқыпты және ұтымды пайдаланатын экономика ретінде айқындалады [91].

Жасыл экономикаға көшу байлықты құруға, жұмыспен қамтуға, кедейлікті жоюға және ұзақ мерзімді экономикалық өркендеуге әсер ететінін атап өткен жөн.

«Жасыл» экономикада кірістер мен жұмыспен қамтудың өсуі көміртегі шығарындылары мен ластануды азайтатын, энергия мен ресурстарды

пайдалану тиімділігін арттыратын және биологиялық әртүрлілікті жоғалтуды болдырмайтын мемлекеттік және жеке инвестициялармен қамтамасыз етіледі. Бұл инвестицияларды мақсатты мемлекеттік шығыстар, саясат саласындағы реформалар және реттеуді өзгерту арқылы катализациялау және қолдау қажет. Мұндай даму жолы табиғи капиталды аса маңызды экономикалық актив және қоғамдық игілік көзі ретінде, әсіресе табыс көздері мен қорғалуы табиғатқа байланысты халықтың кедей жіктері үшін сақтауға, ұлғайтуға және қажет болған жерде қалпына келтіруге тиіс [153].

Экономикалық салаларды жасылдандыруды ынталандыратын салаларға мемлекеттік инвестициялар мен шығындарға басымдық беру, субсидиялау атап айтқанда, қаражатты тұрақсыз активтер мен жүйелерге немесе адамдар тәуелді болатын құнды табиғи капиталдың жоғалуына жол бермеу үшін жедел шаралар қабылдау жасыл экономикаға көшудің негізгі қозғаушы күші болып танылады. Жасыл экономикаға инвестицияларды ынталандыру тұтынуға да, тауарларды немесе қызметтерді өндіруге де бағытталуы мүмкін. Мысалы, Үндістандағы бірқатар муниципалитет күн энергиясымен жұмыс істейтін су жылытқыштарды пайдаланушылар үшін мүлік салығы бойынша жеңілдіктер енгізген [154].

Жаңартылатын энергия өндірісін ынталандыру үшін жиі қолданылатын салық жеңілдіктерінің тағы бір түрі - жеделдетілген амортизация. Бұл инвесторларға жарамды негізгі құралдарды тезірек амортизациялауға мүмкіндік береді, осылайша олардың салық салынатын табысын азайтады. Мексикада 2005 жылдан бастап экологиялық таза инфрақұрылымға инвесторлар үшін жеделдетілген амортизацияға рұқсат етілген. Жеделдетілген амортизация бағаны бақылау арқылы бағаны қолдау шаралары белгілі бір тауардың немесе қызметтің нарықтық бағасына кепілдік береді және жеке инвесторларға қажетті ұзақ мерзімді сенімділікті қамтамасыз етеді [155].

Көптеген елдер шағын көлемді жаңартылатын энергия көздерін өндіруді ынталандыру үшін таза есептеуді де пайдаланады. Бұл әдіс бойынша, егер тұтынушының жаңартылатын энергия генераторынан ұлттық электр желісіне жеткізілетін электр энергиясының көлемі тұтынушы желіден алатын энергия көлемінен асып кетсе, тұтынушылар болашақ электр энергиясының шоттарынан шегерім алады. Таза есептеу Америка Құрама Штаттарында кең таралған және Мексика мен Таиландта да енгізілген [156].

Мұнай және газ сияқты табиғи ресурстарға тәуелді елдер өз экономикаларын бейімдеу қажеттілігімен бетпе-бет келеді, өйткені халықаралық қоғамдастық тұрақты энергия көздеріне қарай ауысуда. Жасыл технологияларға инвестиция салу және жаңартылатын энергия көздеріне көшу көптеген елдер үшін басымдыққа айналады, бұл күн және жел энергетикасы сияқты экономиканың жаңа секторларының өсуін ынталандырады [157, 45].

Жаңартылатын энергия ресурстары – бүкіл әлемде дәлелденген техникалық және экономикалық маңызы бар тақырыптарды қамтитын мәтін.

Айта кету керек, Қазақстан Республикасының заңнамасында «баламалы энергетика» термині қолданылмайды, бірақ орнына «жаңартылатын энергия көздері» термині бар. Дегенмен, баламалы энергетика ұғымы жаңартылатын энергия көздерімен салыстырғанда кең ауқымды қамтиды.

Қазіргі уақытта жаңартылатын энергия көздері (бұдан әрі - ЖЭК) бүкіл әлемде басым энергия көздері болып табылады. Бұл даму жаңартылатын энергия көздеріне инвестициялардың артуы, жаңартылатын энергия технологияларының жоғары бәсекеге қабілеттілігі, энергетикалық және қоршаған орта мәселелерін шешу қажеттілігі және дамушы елдерде жаңа энергия көздеріне деген сұраныстың артуы сияқты факторларға байланысты болды [158].

Л.Қ. Еркінбаева мен Ғ.Б. Телеуев елімізде экономиканың бір секторы және энергетиканың түрі ретінде баламалы энергетиканы қолданудың басты себептеріне біріншіден, қоршаған ортаны қорғау саясатын ұстану, екіншіден, бүгінгі таңда әлемдік қауымдастықты мазалап отырған парниктік газдар шығындылары көлемін азайту, үшіншіден, бүкіләлемдік климат өзгерісімен күресу, төртіншіден, мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жатады деп түсіндіреді [159, б. 143-150].

Сондай-ақ, Ғ.Б. Телеуев өзінің «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мен дамытуды құқықтық қамтамасыз ету (Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердің заңдары мен тәжірбиесін салыстырмалы талдау)» тақырыбындағы диссертациясында жаңартылатын энергияның артықшылықтары ретінде әртүрлі ресурстардың барлық жерде қолжетімділігі, оларды пайдаланудың прогрессивті технологиясы, энергетикалық қауіпсіздік пен ұлттық тәуелсіздікті нығайту, парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша халықаралық міндеттемелерді орындауға үлес қосу, жеке капитал тарапынан қаржылық қолдау тарту перспективаларының болуы деп пайымдайды [92].

2029 жылға қарай Қазақстанның БЭЖ елеулі белестерге жетеді деп болжануда. Электр энергиясының максималды жүктемесі 23 гВт-қа жетеді деп күтілуде, электр энергиясына деген сұраныс 139 млрд кВт-сағат электр энергиясын өндіру арқылы қанағаттандырылады. Жаңа буын қондырғыларын енгізу жалпы қуаттылықты 28 гВтқа дейін арттырады деп күтілуде [160, б. 9-25].

Әлемде климаттың өзгеруі салдарына бейімделуге көмектесетін тұрақты дамудың көптеген перспективалы мысалдары бар. Оларға мыналар жатады:

Күн энергиясы – пайдалы қазбаларға тәуелділігімізді азайтудың ең тиімді жолдарының бірі. Оларды әртүрлі ғимараттарға орнатуға болады.

Жел энергиясы – жаңартылатын энергияның бай көзі. Қалалар жел энергиясын пайдалану арқылы қалалық ортада энергияны өндіру және тұтыну тәсілдерін өзгерте алады.

Жасыл желектер - қаланы салқындатып, ауаны ластанудан тазартады, сондықтан олар қалаларды тұрақты дамытудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Тұрақты құрылыс - құрылыс жобаларына тұрақты құрылыс әдістерін енгізу олардың қоршаған ортаға әсерін айтарлықтай азайтады. Мұндай жобаларға инфрақұрылымды және технологияларды қолданатын тұрақты тұрғын үй құрылысы жатады.

Тиімді су құбыры техникасы - суды үнемдейтін қарапайым құрылғылар негізгі қажеттіліктерге арналған суды үнемдеуге көмектесіп, пайдалану шығындарын азайтады және экологиялық тұрақтылықты арттырады [161].

Қазіргі таңда әлемде ЖЭК өндірудің жаңа нарықтары пайда болуда. Жаңартылатын энергияға қатысты алғашқы жоғары деңгейлі келісімдер 2015 жылдан бастау алды. ЖЭК-ке инвестициялардың ең жоғары ағыны да осы 2015 жылы ЖЭК-ке құйылған инвестиция 230 млрд доллардан асып, әлемнің көптеген елдері үшін энергия тиімділігі орасан зор көлемде қаржылық қолдау көрсетілген басым бағытқа айналды [162]. 2015 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттер 2030 жылға дейін қол жеткізуге тиіс 17 тұрақты даму мақсаты мен 169 нысананы қабылдады. Бұл мақсаттар мен міндеттер әмбебап болып табылады, яғни олар барлық елдерге қолданылады. Олар кедейлік, теңсіздік, климаттың өзгеруі, қоршаған ортаның нашарлауы, бейбітшілік және әділеттілік сияқты жаһандық қиындықтарды шешуге бағытталған, олардың барлығы бір-бірімен байланысты.

Жаңартылатын балама энергетика саласын дамыту энергетикалық қауіпсіздіктің қажетті деңгейін қамтамасыз етудің негізгі бағыттарының бірі. Жаңартылған энергия көздерін пайдалану болашақ энергетиканы дамытудың маңызды және міндетті бағытына айналды. Сондықтан тиімді құқықтық реттеу қажет. Ал Қазақстанда бұл салада барлық қажетті ресурстар бар. Елдегі, әсіресе оңтүстік аймақтардағы электр энергиясының тапшылығын ескере отырып, балама энергия көздерін кеңінен қолдану ерекше маңызды болып отыр [163, б. 1518-1527].

Жаңартылатын энергия көздерін кеңінен пайдаланатын елдер жаңартылатын энергияны тиімді пайдалану бойынша стратегиялық мемлекеттік саясат жүргізеді. Біздің пікірімізше, жаңартылатын энергия көздері стандарттарын әзірлеу, ең алдымен, елдің экологиялық және энергетикалық саясатын әзірлеудің нәтижесі болып табылады. Қазақстан Республикасында жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды дамыту үшін, ең алдымен, жақсы заңнамалық базаның болуы маңызды. Г. Телеуев, О. Акулич, М. Кадыров, А. Понамарев, Э. Алиев «Problems of Legal Regulation for Use and Development of Renewable Energy Sources in the Republic of Kazakhstan» атты білескен еңбектерінде энергия тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергия көздерін дамыту үшін заңнамада келесі аспектілерге қатысты құқықтық стандарттарды белгілеу қажеттігін ұсынады:

- Несие берудің арнайы құралдары (жаңартылатын қорлар; несие желілері);

- Үшінші тараптардың қаржыландыруы;
- Инвестициялық қызметке салық жеңілдіктері;
- Энергия сертификаттауын кешенді қолдану;
- ақпараттандыру, білім беру және оқытуға қатысты бағдарламалар мен компаниялардың болуы [164, б.296-301].

2019 жылы COP 213 Париж конференциясын өткізу барысында БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі жөніндегі негіздемелік конвенциясы қабылданды. Бұл конференцияда 195 ел жаһандық жылынуды 20С-тан аспайтындай етіп шектеу туралы келісімге келіп, көптеген елдер ЖЭК енгізу саясатын тарату жөніндегі өз ниеттерін растады, бұл олардың ұлттық үлесін негізінен анықтады. Сонымен қатар, кейбір елдер көмірсутек отынын пайдалануды азайтуға міндеттенді [165].

Климатты қорғаудың стратегиялық жоспарлау моделі - бұл ұзақ мерзімді, жүйелі және нәтижеге бағытталған басқару үдерісі. UNEP деректеріне сәйкес, 2021 жылғы жағдай бойынша әлем елдерінің 4/5-іне (79%) жуығында бейімделу жоспары, бейімделу стратегиясы, бейімделу саясаты және т.б. сияқты нормативтік-құқықтық құжаттар қабылданған. Бұл құжаттарда халықтың, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жүйелердің климаттың өзгеруі мен оның салдарын азайту және тұрақтылығын арттыру міндеттері мен шаралары белгілі бір дәрежеде көрініс тапқан [166, б. 46-47].

2023 жыл «Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясын» қабылдады, бұл стратегия климаттың өзгеруіне бейімделу шараларын да қамтиды [79].

Климаттың өзгеруіне қарсы тиімді күрес үшін парниктік газдар шығарындыларын қысқартумен қатар, бейімделу бойынша жедел шараларды да қамтитын кешенді тәсіл қажет. Қазақстан Республикасы бұл жолда алғашқы қадамдарын жасауда, ал ұлттық бейімделу жоспары (ҰБЖ) тұрақты даму мен климаттық тәуекелдерден қорғаудың негізгі құралы.

Қазақстандағы БҰҰ Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ) Экология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп, Жасыл климат қорының қаржыландыруымен, климаттың өзгеруіне бейімделуді стратегиялық жоспарлауға интеграциялау жобасын қолға алынуда. БҰҰДБ мен Экология және табиғи ресурстар министрлігінің жобасы шеңберіндегі кешенді құжат – ұлттық бейімделу жоспары (ҰБЖ) әзірленетін болады. Онда экономика мен қоғамның әртүрлі секторлары үшін климаттың өзгеруінің салдарын жоюға бағытталған барлық стратегиялар мен іс-шаралар баяндалады. Ұлттық бейімделу жоспары маңызды рөл атқарады, себебі климаттың өзгеруіне осалдығын бағалауға, бейімделу қажеттіліктерін анықтауға және төзімділікті арттыру үшін тиімді стратегияларды әзірлеуге жүйелі тәсіл ұсынады.

Ұлттық бейімделу жоспары ұлттық деңгейде айқындалатын үлестермен (ҰАҰ) тығыз байланысты. 2023 жылы жаңартылған ҰАҰ-де Қазақстан Париж келісімі бойынша халықаралық міндеттемелерге сәйкес климаттың өзгеруіне атап айтқанда, орман және ауыл шаруашылығы, су ресурстары

және азаматтық қорғау/апат тәуекелін азайту сияқты бейімделу шараларын енгізді. Ұлттық бейімделу жоспарын әзірлеу Қазақстан үшін маңызды қадам болып табылады.

Климат тұрақты дамуға терең әсер етеді. Тұрақты даму халықаралық ынтымақтастықтың жетекші жаһандық негіздемелік бағдарламасы - 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Тұрақты даму саласындағы күн тәртібінің және тұрақты дамудың 17 мақсатының (ТДМ) негізі болып табылады. Жаһандық мақсаттар экономикалық өсуді қолдап қана қоймайды, сонымен қатар әлеуметтік интеграция мен қоршаған ортаны қорғауға ықпал етеді.

Қоршаған ортаның тұрақтылығына қол жеткізудің маңыздылығы 1992 жылы Рио-де-Жанейрода өткен Жер саммитінде мойындалды. Тұрақты дамуды Қоршаған орта және даму жөніндегі Дүниежүзілік комиссия «болашақ ұрпақтардың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігіне нұқсан келтірмей, қазіргі уақыттың қажеттіліктерін қанағаттандыратын даму» деп анықтады [167].

Тұрақты даму екі негізгі тұжырымдаманы қамтиды: ұрпақаралық қажеттіліктер тұжырымдамасы және технология мен әлеуметтік ұйымның қоршаған ортаның қазіргі және болашақ қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетіне қойатын шектеулері тұжырымдамасы.

Тұрақты даму саясатының мақсаты - қауіпсіздік, материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыру, денсаулық, әлеуметтік қатынастар және таңдау мен әрекет еркіндігі сияқты факторлармен өлшенетін бүкіл әлемде адамның әл-ауқатын қамтамасыз ету. Бұл мақсатқа жету үшін байлық кедейлікті азайтатын және бүкіл әлемдегі барлық адамдар үшін лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ететіндей етіп жасалуы және таратылуы керек. Бұған ұзақ мерзімді перспективада тек экономикалық өсу мен әлеуметтік дамуды қоршаған ортаның тұрақтылығымен теңестіретін саясат пен стратегиялар арқылы қол жеткізуге болады [168, б. 39-45].

Тұрақтылықтың үш аспектісі - экономика, қоғам және қоршаған орта жер шарындағы адамзат баласына салауатты өмір сыйлайтын өркендеудің теңдестірілген жолын білдіреді.

Нағыз эко-қала - бұл жаңартылатын энергия көздеріне, экологиялық таза көлікке және табиғи мекендеу орындарына баса назар аударып, автономды және тұрақты түрде жобаланған қала. Жасыл кеңістіктер мен көмекші технологиялар СО<sub>2</sub> шығарындыларын азайту, ауа сапасын жақсарту және табиғи ресурстарды қорғау үшін қалалық ортаның негізі болып табылады.

Құқықтық модель әкімшілік реттеу және міндетті реттеу механизмдерінен тұрады.

Әкімшілік реттеу механизміне тоқталсақ, атқарушы билік органдарының қызметіндегі әкімшілік-құқықтық заңдылық институты көптеген жылдар бойы қарқынды ғылыми зерттеулердің нысаны болып келеді. Аталған салада айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілгенімен, заңдылықты қамтамасыз ету әдістері мен құралдарын айқындау және жіктеу,

сондай-ақ олардың артықшылықтары мен жүйелілігін дәлелдеу мәселелері әлі де пікірталас тудыруда.

Климатты қорғаудың әкімшілік-құқықтық негіздерін айқындаудың маңыздылығы азаматтардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз қоршаған ортаға құқығын іске асырумен ҚР Конституциясының 31-бабына кепілдік беріледі [2].

А.К. Кукеев климатты қорғауда әкімшілік-құқықтық реттеудің тиісті салалары атап айтқанда, парниктік газдардың табиғи сіңіргіштерінің сапасын ұтымды пайдалану, қорғау және молайту; экологиялық жүйелер мен адамның климаттың өзгеруіне бейімделуін қамтамасыз ету жүзеге асырылады. Бұл іс-шаралар антропогендік парниктік газдар шығарындыларын шектеуге немесе тоқтатуға мүмкіндік беретін технологияларды, әдістерді және процестерді әзірлеуге, қолдануға және таратуға, сондай-ақ климатқа әсер ететін қызмет саласындағы басқа да міндеттерді орындауға бағытталуы тиіс деп санайды [169, б. 204-207].

Қоршаған ортаға келтірілген зиян, климатты қорғаудағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік - климатты қорғауды әкімшілік-құқықтық реттеудегі маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Климаттың өзгеруі жаһандық және ұлттық экономиканың дамуына әсер ететін негізгі факторға айналды. Температураның көтерілуі, ауа райының өзгеруі және табиғи апаттардың жиілігінің артуы ауыл шаруашылығы, энергетика және инфрақұрылымды қоса алғанда, әртүрлі экономикалық салаларға кері әсерін тигізіп, климаттың бұзылуына адамзаттың немқұрайлы қарауы экологиялық апаттың катастрофалық шегіне жетуге әкеліп соғуда. Қоршаған ортаны қорғаудың қарапайым шараларын орындамаудың нәтижесінде климаттың бұзылуы экономикалық мәселелермен түсіндіріледі [170, б. 12-30]. Өндірушілер үнемдеу мақсатында табиғи ресурстарды қарқынды жұмсайды және көбінесе қолданыстағы тазарту құрылғылары мен технологияларын пайдалануды елемейді. Көпшілік арасында табиғи ресурстар шексіз және қоршаған орта шексіз өзін-өзі қалпына келтіре алады деген сенім кеңінен таралған, алайда, бұл қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтардың ауырлығын бағаламауға, азық-түлік бағасының өсуіне және азық-түлік қауіпсіздігінің төмендеуіне әкеледі [171, б. 22-40]. Мысалы, Африка мен Оңтүстік Азиядағы құрғақшылық бидай мен жүгері сияқты негізгі дақылдардың өндірісін айтарлықтай төмендетіп, экономикалық шығындарға әкелген [172, б. 30-70]. Бұл жағдайда климаттың бұзылуын болдырмау үшін шешім қабылдауға бағытталған, әкімшілік заңнаманы дамытуға және жетілдіруге ықпал ететін ғалымдардың доктриналық зерттеулері ерекше маңызды.

Климатты қорғауға қатысты әкімшілік-юрисдикциялық қызметте заңдылықты қамтамасыз ету тетігін зерттеу өзекті және маңызды болып табылады.

Климатты қорғау, оның ішінде атмосфералық ауаны және су объектілерін қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін

жауапкершіліктің жалпы мәселелерін Д.Л. Байдельдинов, С.Д. Бекишева, С.Т. Культелеев, А.А. Мукашева және т.б. бірқатар отандық ғалымдар зерттеді. Профессор Ж.С. Елюбаев өзінің «Қоршаған ортаға эмиссияларды құқықтық реттеу мәселелері» атты мақаласында қоршаған ортаға эмиссияларды құқықтық реттеу мәселелерін қарастырды [173].

Климаттың қалыптасуындағы негізгі фактордың бірі ретінде атмосфералық ауа маңызды рөл атқарады. Атмосфералық ауаны қорғау кез келген мемлекеттің экологиялық саясатының басым міндеттерінің бірі, себебі атмосфераның жай-күйі халықтың денсаулығына, экожүйелерге және климаттық процестерге тікелей әсер етеді. Өнеркәсіптік шығарындылар, көлік және басқа да ластану көздерінен туындаған атмосфералық ауаны қорғау саласындағы бұзушылықтар қоршаған орта мен қоғам үшін айтарлықтай қауіп төндіреді. Атмосфераға зиян келтіруі мүмкін қызметті реттеу және экологиялық нормалардың сақталуын қамтамасыз ету үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленген, ол осы саладағы құқық бұзушылықтармен күресте негізгі құрал болып табылады.

Атмосфералық ауа – адамдардың өмір сүру сапасы мен тұтас биосфераның жай-күйіне тікелей әсер ететін аса маңызды табиғи ресурс болып табылады. Атмосфералық ауаға төнетін негізгі қауіптер өнеркәсіптік өндіріс, көлік және энергия өндіру сияқты антропогендік әрекеттермен байланысты. Атмосфераның ластануы азот, көміртек және күкірт оксидтері, көмірсутектер және аспалы бөлшектер сияқты зиянды заттардың концентрациясының артуына әкеледі, бұл жаһандық жылыну, озон қабатының бұзылуы және қышқыл жаңбыр сияқты экологиялық мәселелерге ықпал етеді [174].

А.С. Кошкинбаева мен Л.Ч. Сыдыкова өз бірлескен еңбектерінде атмосфералық ауаның ластануы деп атмосфералық ауаға залалды заттарды шығару немесе онда залалды заттардың қалыптасуын айтады [175, б. 89-97]. Ал, ресейлік ғалымдар М.А. Вакула, Д.А. Добряков, Т.Ф. Минязева болса «осы уақытқа дейін атмосфералық ауаға және ғылыми ортаға келтірілген зиянды анықтау мәселесі бойынша ортақ пікір қалыптасқан жоқ. Атмосфералық ауаның ластануын химиялық заттардың немесе ұсақ бөлшектердің концентрациясының артуымен, оның озон құрамына әсер етуімен, немесе жылу режимінің, радиациялық, электромагниттік және басқа да көрсеткіштердің өзгеруімен көрінуі мүмкін деп топшылайды [176, б. 222-231].

Ал, Р.А. Таубаева өзінің бірлескен еңбегінде еліміздегі ауаның ластану деңгейін төмендету үшін келесідей нақты қадамдар қажет санайды. Біріншіден, мониторинг пен бақылауды жетілдіру, сенімді және заманауи ауа сапасын бақылау жүйесін енгізіп, қоғамның осы деректерге ашық қол жеткізуін қамтамасыз ету. Екіншіден, көмірді пайдалануды қысқарту: тұрғын үйді жылыту мен өнеркәсіп саласында экологиялық таза энергия көздеріне кезең-кезеңмен көшу, үшіншіден, қоғамдық көлікті дамыту, көлік секторының экологияға әсерін азайту мақсатында қоғамдық көлікті

ынталандыру және экологиялық таза көлік түрлерін кеңінен енгізу, төртіншіден, азаматтық қоғамның қатысуын күшейту, тұрғындарды шешім қабылдау процестеріне тарту және ауа ластануы мәселелері бойынша хабардарлықты арттыру [177].

Қазақстан Республикасында атмосфералық ауаны қорғау саласындағы қатынастарды реттейтін негізгі нормативтік құқықтық акт – Қазақстан Республикасының Экология кодексі. Заңда жеке және заңды тұлғалардың атмосфералық ауаның ластануын болдырмау жөніндегі міндеттерін белгілейді және тиісті талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілік шаралары қарастырылады. Заңға сәйкес, ауаны қорғауға ластаушы заттардың шығарындыларын реттеу, кәсіпорындарда қоршаған ортаны қорғау жабдықтарын пайдалануды міндеттеу және ірі жобалардың қоршаған ортаға әсерін бағалау кіреді [35]. Қоршаған ортаны қорғау ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарда біріншіден, бұл рұқсат етілген шекті шығарындылардың асып кетуі. Заңды тұлғалар, әсіресе өнеркәсіп орындары, атмосфераға ластаушы заттарды шығарудың белгіленген нормаларын сақтауға міндетті. Бұл нормаларды бұзу ауа сапасының нашарлауына әкеліп соғады және айыппұл немесе қызметті тоқтата тұру түріндегі әкімшілік жазаға тартылады.

Екіншіден, тиісті тазарту қондырғылары жоқ жабдықты пайдалану. Заңнама кәсіпорындарға атмосфераға ластаушы заттардың шығарылуын болдырмайтын жабдықты орнатуды және қызмет көрсетуді міндеттейді. Мұндай жабдықтың болмауы немесе істен шығуы экологиялық талаптарды бұзу болып табылады және әкімшілік жауапкершілікке әкеледі.

Бұл әрекеттер Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі - ҚР ӘҚБтК) 331-бабының нормаларына сәйкес келеді. Жаңа өндірістік объектілерді салу және іске қосу кезінде экологиялық сараптама жүргізу және атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі нормаларды сақтау талап етіледі. Бұл міндетті мемлекеттік сараптама талаптарын орындамау туралы ҚР ӘҚБтК-нің 332-бабымен сараланады.

Бұдан бөлек, ҚР ӘҚБтК 333 және 334-баптарында атмосфералық ауаның көлік құралдарымен ластануы бойынша жауапкершілік көзделген [178].

Әкімшілік шаралардың атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мақсаты – қоршаған ортаға теріс әсерді болдырмау, ластаушы кәсіпорындардың қызметін тоқтата тұру да зиянды шығарындыларды азайтуға және экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етеді.

Су - әлемнің тұтас аймақтары мен оларды мекендейтін халықтар үшін тіршілікті қамтамасыз ету және тұрақты дамудың стратегиялық ресурсы болып табылады [179].

Климаттың өзгеруі ауа райының өзгеруіне кері әсерін тигізіп, ауа райының қолайсыз құбылыстарына, судың болжанбайтын қолжетімділігіне,

су тапшылығының күшеюіне және ластанған сумен жабдықтауға әкеледі. Бұл әсерлер болашақ ұрпақтың өмір сүруі үшін қажетті судың мөлшері мен сапасына айтарлықтай әсер етеді.

Климаттың өзгеруінің сумен байланысты әсерлері күнделікті адамдардың су қауіпсіздігіне әсер етеді. Оларға жиі және қарқынды жауын-шашын оқиғалары жатады, бұл су тасқынының жиілігіне, мөлшеріне және уақытына әсер етеді. Құрғақшылық сонымен қатар тұщы судың жалпы мөлшерін өзгертіп, жер асты суларының қорын азайтуға және жер асты суларының қайта толтырылуын азайтуға әкелуі мүмкін. Су сапасы да төтенше жағдайларға байланысты төмендеуі мүмкін.

Жаһандық климаттың өзгеруі су қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қиындатады және қымбатқа түсіреді. Бұл жаңа қауіптер мен бейімделу қиындықтарын тудырады. Себебі климаттың өзгеруі гидрологиялық өзгергіштіктің және төтенше оқиғалардың артуына әкеледі. Климаттың өзгеруі су айналымына бірнеше әсер етеді. Бұл су қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін климаттық және гидрологиялық өзгергіштіктің артуына әкеледі. Су айналымындағы өзгерістер қолданыстағы және болашақ су инфрақұрылымына қауіп төндіреді. Болашақ су инфрақұрылымына инвестицияларды жоспарлау қиынырақ болады, себебі су айналымындағы болашақ өзгергіштік туралы көптеген белгісіздік бар. Бұл қоғамдарды сумен байланысты төтенше оқиғалардың тәуекелдеріне осал етеді және нәтижесінде су қауіпсіздігін төмендетеді.

Ұлттық және жергілікті деңгейдегі климаттың өзгеруінің әсерін болжау қиын. Су қауіпсіздігіне жағалаудағы аласа аймақтардағы теңіз деңгейінің көтерілуі әсер етеді, ал қардың еруіне тәуелді халыққа мұздықтар мен тау қарының шегінуі әсер етеді.

Болашақтағы климаттың өзгеруін су қауіпсіздігіне қатысты басқа да мәселелер тұрғысынан қарастыру қажет. Басқа мәселелерге экваторға жақын аудандардағы климаттың өзгергіштігі, халық санының өсуі және су ресурстарына деген сұраныстың артуы жатады. Басқаларына саяси мәселелер, қауіпті аймақтарда қоныстануға байланысты табиғи апаттарға осалдықтың артуы және қоршаған ортаның нашарлауы жатады. Климаттың өзгеруіне байланысты ауыл шаруашылығын суаруға арналған суға деген қажеттілік артады. Себебі булану жылдамдығы және температураның көтерілуіне байланысты дақылдардан судың жоғалу жылдамдығы жоғары болады.

Климаттық факторлар әртүрлі деңгейдегі су қауіпсіздігіне айтарлықтай әсер етеді. Судың қолжетімділігінің географиялық өзгергіштігі, жауын-шашынның сенімділігі және құрғақшылыққа, су тасқынына және циклондарға осалдық даму мүмкіндіктеріне әсер ететін табиғи қауіптер болып табылады. Бұл қауіптер халықаралық және бассейнішілік ауқымда көрінеді. Жергілікті ауқымда әлеуметтік осалдық - себебіне қарамастан, су қауіпсіздігіне қауіп төндіретін фактор. Мысалы, кедейшіліктен зардап

шегетін адамдар климаттық соққыларға төтеп бере алмауы мүмкін [180, б. 545-557].

Жаһандық климаттық өзгерістердің ықпалы жағдайында Қазақстан Республикасында су қорларын қорғау, тиімді пайдалану және олардың деградациясын болдырмау мемлекеттік деңгейде заңнамалық тетіктер арқылы реттеледі. Су ресурстарын қорғау мен ұтымды пайдалану саласындағы белгіленген нормаларды бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті жауапкершілік шараларын қолдануға негіз болады.

Климатты қорғауда маңызды объектілердің бірі - су ресурстарын пайдалану саласындағы жауапкершілік, ең алдымен, кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға және жеке тұлғаларға олардың су пайдаланушылардың міндеттемелерін немесе осы субъектілердің заңмен кепілдік берілген құқықтарын бұзатын әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін санкциялар белгілеу және қолдану арқылы көрініс табады.

Су пайдалану құқығымен байланысты құқық бұзушылықтарға кінәлі деп танылған ұйымдар мен тұлғаларға санкциялар салынады. Санкция су пайдаланушылардың құқықтарын қорғауды және су ресурстары саласындағы заңнаманы сақтауды қамтамасыз ететін құқық қолданудағы кешенді тәсілдің маңыздылығын көрсетеді.

Отандық ғалым А.А. Мукашева су құқық бұзушылықтарының негізгі себептері ретінде келесілерді атайды :

1) Жылдам пайда табуға ұмтылу. Бұған Қазақстан Республикасына ластаушы заттарды көму немесе су айдындарына төгу мақсатында заңсыз әкелуді жатқызуға болады;

2) экологиялық сананың төмендігі. Ластаушы заттарды заңсыз төгудің салдарын бағалай алмау өнеркәсіптік кәсіпорындар басшылары тарапынан су құқық бұзушылықтарының себебі болады;

3) ҚР су заңнамасы нормаларын білмеу. Қоғамда су заңнамасы туралы ақпараттың болмауы да су құқық бұзушылықтарының орын алуына ықпал етеді;

4) Экономикалық мүдделердің экологиялық мүдделерден басым болуы. Бұл өнеркәсіптік кәсіпорындардың су құқық бұзушылықтарының басты себептерінің бірі [181, б. 144-149].

Су пайдалану саласындағы құқық бұзушылық бағытталған объектілерге байланысты құқық бұзушылықтарды бірнеше санатқа бөлуге болады. Біріншіден, бұл су ресурстарына мемлекеттік меншік құқығына қатысты құқық бұзушылықтар. Екіншіден, суды ұтымды пайдалану және қорғау тәртібін сақтамаумен байланысты құқық бұзушылықтар. Үшіншіден, су объектілерін өз бетінше иелену, суды заңсыз пайдалану және гидротехникалық жұмыстарды рұқсатсыз жүргізу жағдайлары.

ҚР су заңнамасындағы кемшіліктердің бірі - Су кодексінде су құқық бұзушылықтары үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті реттейтін баптардың болмауы. 2003 жылғы 9 шілдеде қабылданған Су кодексінде «Су

қорын пайдалану және қорғау саласындағы ҚР заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық» деген 140-бап қана бар, бұл нормада осы саладағы заңнаманы бұзуға кінәлі адамдар ел заңдарына сәйкес жауаптылықта болады деп көрсетілген. Осыған байланысты су заңнамасын бұзғаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік мәселелерін нақтылау үшін ҚР Экология кодексінің ережелеріне жүгіну қажеттігі туындайды.

ҚР Экология кодексінің 134-бабына сәйкес, тиісті экологиялық және су заңдарында айқындалғандай, судың экологиялық, химиялық немесе сандық жай-күйіне, сондай-ақ жер үсті және жер асты суларының экологиялық әлеуетіне теріс әсер ететін кез келген зиянды қамтиды. 136-бап, өз кезегінде, «ластаушы төлейді» қағидатын енгізеді, оған сәйкес іс-әрекеті немесе қызметі экологиялық залалға әкеп соққан тұлға табиғи ортаның қозғалған элементтерін қалпына келтіруді өз есебінен жүргізуге міндетті [35].

Бұдан бөлек, кінәліні әкімшілік жауаптылыққа тарту оны осы аталған тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен босатпайды. Бұл су ресурстарын қорғауды қамтамасыз ете отырып және экологиялық стандарттарды сақтауды ынталандыра отырып, экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікке кешенді көзқарасты көрсетеді. Жалпы алғанда, жоғарыда аталған бұл баптар суды қорғау саласындағы құқық қолдану практикасы мен Қазақстан Республикасындағы экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершіліктің негізі болып табылады.

Профессор С.П. Мороз жер, жер қойнауын, орман және суларды қоса алғанда, барлық объектілерге меншік қатынастары тек қана азаматтық құқықтың мәні даулы болып табылады деп тұжырымдайды [182].

Жер асты суларын халықаралық ұйымдар үнемі бақылауда ұстайды. БҰҰ-ның Дүниежүзілік суды бағалау бағдарламасының (WWAP) мәліметтері бойынша, әлем халқының шамамен 10%-ы жоғары сапалы судың жетіспеушілігінен зардап шегеді. Әлем халқының үштен бір бөлігі жер асты су ресурстарына тәуелді. Ауыз су ресурстарымен қамтамасыз ету және оларға қол жеткізу мәселелері халықаралық қоғамдастықта талқылануда [183].

Қазақстан су ресурстары тапшы елдер санатына жатады. Қазіргі уақытта су объектілерін тау-кен өндіру, металлургия және химия өнеркәсібі кәсіпорындары, қалалардың коммуналдық қызметтері қарқынды ластайды және нақты экологиялық қатер төндіреді. Ертіс, Нұра, Сырдария, Іле өзендері, Балқаш көлі неғұрлым ластанған. Ластануға да ұшырайды Халықтың ауыз суының негізгі көзі болып табылатын жер асты сулары да ластануға бейім.

Су айдындарына антропогендік қысым мен олардың қалпына келу қабілеті арасындағы теңгерімсіздік барлық ірі өзен бассейндерінде экологиялық мәселелердің кең таралуына ал суды басқаруға жеткіліксіз қаржыландыру су шаруашылығы нысандарының өте қанағаттанарлықсыз (кейбір жағдайларда апаттық) техникалық жағдайына және халықты ауыз

сумен қамтамасыз етудегі мәселелердің күрт ушығуына әкелуде [181, б. 144-149]. Бұл жағдай сумен байланысты бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілікті қоса алғанда, су айдындарының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің барлық қолданыстағы құқықтық құралдарын жетілдіруді талап етеді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, жер асты суларын пайдалану және қорғау саласындағы қатынастар су және жер қойнауы туралы заңнамамен реттеледі. Жер асты суларының қорын зерттеген соңғы деректерге қарағанда, жер қойнауында тұщы судың орасан зор қоры бар екен. Жер үсті суларының көп жерде ластанып жатқанын ескерсек, жер асты суларының маңызы артып келеді.

Қытай мемлекетінде климатты реттейтін тікелей заң жоқ. Десе де, бұл елде елдің экологиялық және энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ жұқпалы аурулардың, жануарлар мен өсімдіктер эпидемияларының алдын алу және бақылау әлеуетін күшейту үшін биоэнергия өндіру және тұтыну жүйесіне, биоқауіпсіздікке ерекше басымдық берілгендіктен, «2021-2025 жылдарға арналған биоэкономиканы дамыту жоспары», 2022 жылдың 24 маусымында өткен 13-ші БҰҰ Тұрақты комитетінің 35-ші сессиясында елдің астық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және экожүйелерді қорғау жөніндегі күш-жігердің бөлігі ретінде қара топырақты қорғау туралы заң қабылданды. Сондай-ақ, парниктік газдардың бөлінуін азайтуда жаңартылған энергия негізгі көзі болып табылғандықтан, ҚХР бірқатар заң актілері, мысалы, Көмір туралы заң, Жаңартылатын энергия көздері туралы және т.б. заңдар қабылданған болатын.

Тікелей климаттық заң қабылданбағанымен, энергетика саласын реттейтін негізгі заң ҚХР Энергетика Заңы 2024 жылы 8 қарашада қабылданып, 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді.

Қытайдың ең жоғары заң шығарушы органы - Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысының Тұрақты комитетінің сессиясында қабылданған Энергетика заңы 9 тараудан тұрады, оның ішінде энергетиканы жоспарлау, энергетикалық ресурстарды дамыту және пайдалану, энергетика нарығы, энергия қорлары және төтенше жағдайларға ден қою, энергетикалық технологияларды инновациялау, қадағалау және басқару, сондай-ақ заңды жауапкершілік туралы ережелер көзделген.

Энергетика туралы заңның 22-бабында мемлекет жаңартылатын энергия көздерін басымдықпен дамыту мен пайдалануды, ұтымды дамуды және қазба энергиясын таза және тиімді пайдалануды қолдайтыны, қазба энергиясын қазба емес энергиямен қауіпсіз, сенімді және реттелген түрде ауыстыруды ілгерілететіні және қазба емес энергия тұтыну үлесін арттыратыны қарастырылған [239].

Ал, Германияда 2021 жылы орын алған Ахр алқабындағы су тасқыны сансыз адамдардың өмірін қиып, миллиардтаған еуроға мүлтік шығын әкелген болатын. Германия үкіметі төтенше жағдайға бей-жай қарамай, климаттық жағдайлардың алдын алу және құқықтық реттеуді жолға қойып 2023 жылы 22 желтоқсанда «Климаттың өзгеруіне бейімделу туралы» заң қабылдады, Бұл заң климаттың өзгеруін азайту шараларының негізін қалаған алғашқы бүкіл ұлттық заң болып саналады, Германия климаттың өзгеруінің салдарымен күресіп жатқандықтан, климатқа бейімделудің құқықтық негізі дұрыс бағыттағы маңызды қадам болып табылады [240].

«Климаттың өзгеруіне бейімделу туралы» Заң федералды штаттарды өздерінің климатқа бейімделу стратегияларын әзірлеуге және муниципалитеттердің өздерінің климатқа бейімделу жоспарларын әзірлеуін қамтамасыз етуге бағытталған. 12-баптың 6-тармағына сәйкес тиісті муниципалдық жоспарлар – мысалы, жылу жоспарлары, қатты жаңбыр мен су тасқыны қаупінің карталары, сондай-ақ ашық кеңістік тұжырымдамалары-ескерілуі тиіс [241]. 2030 жылға арналған Герман Климаттық іс-қимыл бағдарламасы бойынша Германия қоршаған ортаны қорғау агенттігінің президенті Дирк Месснер былай дейді : «қысқа мерзімді климаттық ластаушы заттарды азайту арқылы біз жаһандық жылынумен күресуге айтарлықтай үлес қосамыз. Сонымен қатар, біз ауаның ластануының теріс әсерлерін жоюға және осылайша Тұрақты даму мақсаттарына жету жолында ілгерілеуге қол жеткізе аламыз» [242].

Климатты қорғауда «Климаттың өзгеруіне бейімделу туралы» заңынан бөлек ГФР «Жаңартылатын энергия көздері туралы» заңы да 2030 жылға қарай электр энергиясын тұтынудағы жаңартылатын энергия үлесін кем дегенде 80 пайызға дейін арттыруды талап етеді. Бұл ретте құрлықтағы жел энергиясын (115 ГВт) және күн энергиясын (215 ГВт) кеңейту арқылы қол жеткізу көзделіп отыр.

Соңғы онжылдықтарда Еуропадағы климатты реттеу мемлекеттік саясаттың негізгі саласына айналды. Бірнеше Еуропалық Одақ (ЕО) елдері Париж келісіміне және климаттың өзгеруіне байланысты қиындықтарға жауап ретінде көміртегі бейтараптығына қол жеткізу үшін заңды түрде міндетті мақсаттарды белгілейтін нақты климаттық заңдарды енгізді. Германия заңнамасынан бөлек, 2021 жылдың 9 шілдесінде қабылданған Еуропалық климаттық заң бірыңғай еуропалық климаттық заң құруды көздейді. Бұл заңнама қазіргі уақытта климаттың, энергетиканың және экономикалық күн тәртібінің барлық спектрін бірлесіп реттейтін ондаған актілерден (директивалардан), нормалардан және шешімдерден тұрады [243].

Дамыған Қытай, Германия, АҚШ сияқты елдермен қатар БҰҰ-на мүше Молдова, Украина мемлекеттерінде де климаттың өзгеруі стратегиялық жоспарында маңызды рөлге ие.

Молдованың климаттық құқығы негіздік құқықтық акт ретінде Париж келісімінде белгіленген ұзақ мерзімді мақсаттарға жету үшін нормативтік базаны белгілейді. 2024 жылдың 11 сәуірінде Молдова парламенті «Климаттық іс-қимылдар туралы» заң қабылдады, онда ел 2050 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге міндеттеме алды. Молдованың климаттық заңы Еуропалық Одақтың (ЕО) талаптарына, атап айтқанда, Еуропалық жасыл келісімнің амбицияларына ұлттық стандарттарды сәйкестендіру стратегиясының маңызды бөлігі болып табылады [244].

Молдованың жаңа климаттық заңы энергетика, көлік және өнеркәсіп сияқты әртүрлі салалардағы көміртегінсіздендіруге бағытталған, сондай-ақ, жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды кеңейтуге, энергия тиімділігін арттыруға және тұрақты инфрақұрылымға инвестиция салуға міндеттенеді.

Молдова стратегиясының маңызды бөлігі - Ұлттық климаттың өзгеруі жөніндегі комиссияны құру. Бұл орган климаттық саясат пен жобаларды үйлестіреді және бекітеді, олардың кеңірек әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарына интеграциялануын қамтамасыз етеді. Үкімет сонымен қатар ел үшін маңызды міндет болып табылатын қоршаған орта және климаттық заңдарды тиімді енгізу үшін әкімшілік әлеуетті нығайту үстінде жұмыс істеуде.

Сонымен қатар, Украина және Грузия мемлекеті де стратегиялық маңызы бар климатты қорғау жөніндегі заң жобаларын әзірлеуде.

Украинадағы болып жатырған соғыстың кесірінен әскери әрекеттерге байланысты шығарындылардың артуы, маңызды көміртегі сіңіргіштері болып табылатын экожүйелердің жойылуы және жаңартылатын энергия көздері орналасқан Украина аумақтарының жойылуының салдары Украина жел энергиясының 90%-ын және күн энергиясының 45-50%-ын жоғалтуына себеп болып отыр. Бұл факторлар Украинаның климаттық мақсаттарына жету жолында едәуір қиындыққа соқтыруда.

Елдегі ушыққан соғыс жағдайына қарамастан, Украинаның Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстар министрлігі 2023 жылдың соңынан бастап климат мәселелерін өзінің басты басымдықтарының біріне

айналдырды. 2024 жылдың қаңтарында Украина министрлігі Климат туралы заң жобасын ұсынды және бұл жоба кейіннен климатқа қатысты заңнаманы әзірлеуге негіз болады деп жоспарлануда.

Заң жобасы министрлік тарапынан пысықталып, парламенттік комитеттермен қаралды, ал парламент оны 2024 жылдың қыркүйек айының соңында немесе қазан айының басында қабылдауы күтілуде. Заң жобасының негізгі стратегиялық бағыттарының бірі - Украинада 2050 жылға қарай көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу, қолданыстағы 2060 жылғы мақсатты ауыстыру болып табылады.

Аталған заң қабылданғаннан кейін қосымша климаттық құжаттар, соның ішінде 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді төмен көміртекті даму стратегиясы, климаттың өзгеруіне бейімделу стратегиясы, парниктік газдар шығарындыларын азайту және климаттың өзгеруіне бейімделу бойынша салалық және жергілікті бағдарламалық құжаттар әзірленеді деп күтілуде.

Екі ел де болашақ ЕО мүшелігінің талаптарын қанағаттандыруға және климаттың өзгеруімен күресуге бағытталған жаһандық күш-жігерге үлес қосуға ұмтыла отырып, ЕО климаттық директиваларын өздерінің ұлттық шеңберлеріне біріктіру бойынша белсенді жұмыс атқаруда.

Ал, Грузия мемлекеті Париж келісімі бойынша міндеттемелерін кезең-кезеңімен орындауды жоспарлауда. Климаттың өзгеруіне қатысты ауқымды күн тәртібін одан әрі ілгерілету және азайту үшін Грузия кешенді климаттың өзгеруі стратегиясын және Грузияның тиісті 2030 жылға дейінгі іс-қимыл жоспарын әзірлеп, ұзақ мерзімді төмен шығарындылар стратегиясы арқылы 2050 жылға қарай көміртегі шығарындыларының таза нөлдік деңгейіне жетуді мақсат етеді. Бұл мақсат Грузияның төмен шығарындылы ұзақ мерзімді даму тұжырымдамасында (стратегиясында) көрсетілген және жаңа климаттық заңда көрініс табады деп күтілуде [245].

Еуропалық тәжірибе көрсеткендей, климаттық саясатты табысты іске асыру күшті нормативтік-құқықтық негізін, ғылыми доктриналық негіздемені және экономиканың барлық секторларының кеңінен қатысуын талап етеді. Тәуелсіз климаттық кеңестерді құру, жыл сайынғы көміртегі бюджеттерін бекіту, жаңартылатын энергия көздеріне көшу және жасыл қаржыландыруды дамыту - бұл заңнамалық деңгейде жүзеге асырылатын жүйелік шаралар болып табылады. Қазақстанда климаттық заңнаманы іске асыру барысында институционалдық, құқықтық, техникалық және әлеуметтік қиындықтар туындауда. Осы кедергілерді орталықсыздандырылған басқару тәсілдер арқылы шешпей, климаттық бейтарап экономикаға көшу мүмкін емес.

Қазақстан Париж келісімінің қатысушысы ретінде, 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу мақсатымен тұрақты даму бағытында алға ілгерілеп келеді. Қабылданған декарбонизация бағыты, энергетиканы жаңғырту халықаралық ынтымақтастықты дамыту елдің саяси ерік-жігері мен жаһандық климаттық қауымдастық алдындағы жауапкершілігін көрсетеді. Десе де, елімізде климат саласындағы зерттеулердің прогрессивті сипатына қарамастан әлі де проблемалар жетерлік.

Бұл реттегі құқықтық және институционалдық аспектілер маңызды, қазіргі кезде климатология саласында жоғары білікті мамандардың тапшылығы проблемаға айналды. Көптеген посткеңестік мемлекеттердегідей, Қазақстан Республикасында да біліктілігі жоғары мамандардың, әсіресе климатология, гидрология, экология, биология, гидротехника, эпидемиология, энергетика салаларында мамандардың тапшылығы сезіледі. Сондай-ақ, климаттық тәуекелдердің экономикалық тиімділігі мен шығындарын есептеу үшін экономистер, халықаралық және экологиялық құқық бойынша заңгерлер, сондай-ақ климаттық мониторингті цифрландыру және деректерді басқару үшін IT мамандары да ауадай қажет.

MRV (Мониторинг, Есеп беру, Верификация) жүйесі әлі толыққанды жұмыс істемейді, парниктік газдар шығарындыларын есепке алу үшін бірыңғай цифрлық платформа жоқ, кәсіпорындардың деректерін верификациялауда да проблемалар жетерлік. Сонымен қатар, кәсіпорындардың көпшілігі модернизацияға елеулі инвестициясыз шығарындыларды азайтуға техникалық мүмкіндіктерге ие емес. Қазақстан халқының климаттық тәуекелдер, мемлекеттің су және азық-түлік қауіпсіздігі туралы ақпараттан беймәлім екенділігі де атап өтуге тұрарлық [246].

Қазақстанның климаттық заңнамасын қайта қарау бойынша ұсыныстарды әзірлеу үшін елдің басқару құрылымын және заң шығару және құқық қорғау функцияларының әдеттегі жүйесін ескеру қажет. Қазақстанның климатты қорғау заңнамасындағы басым мәселелер - оның жетілмегендігі, осы саладағы нормативтік актілердің бөлшектенуі және нақты климаттық заңның немесе үкіметтік бастамалардың болмауы. Қолданыстағы ережелер көбінесе тек декларациялық сипатта болады, климат және онымен байланысты энергетикалық саясатты жүзеге асыру үшін нақты шаралар жоқ. Бұл нақтылықтың болмауы оның орындалуына кері әсер етеді. Негізгі мақсат, халықаралық құқықтық міндеттемелерін ескере отырып, климатқа байланысты мемлекеттік қызметтегі Қазақстанның жауапкершілігінің маңыздылығын және өзектілігін арттыру. Бұл Қазақстандағы климаттық мәселелерді оң шешуге жол ашады [247, б. 01-14].

Елімізде климаттық өзгерістерді зерттеуді жетекші ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындары және мемлекеттік ұйымдар жүргізеді. Ал, климаттық бақылау бірнеше министрліктер арасында бөлінген, бұл кейбір ұйымдар мен ведомстволар арасында өзара міндеттемелерді жүзеге асыруда қарама-қайшылықтар туғызары белгілі. Мысалы, климаттық мониторингті Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің қарамағындағы «Қазгидромет» мемлекеттік кәсіпорны жүргізсе, ал сел мен көшкін сияқты кейбір қауіпті табиғи құбылыстарды бақылауды Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің құрамына кіретін «Қазселезащита» мемлекеттік мекемесі бағынышты ұйым атқарады. Елде климаттық қауіпсіздік мәселелерін шешу бойынша бірыңғай заңды органның әлі де құрылмағандығы халықаралық міндеттемелерді, ұлттық стратегияларды және мемлекет ішіндегі ведомствоаралық

құрылымдарды үйлестіруде айтарлықтай кедергі келтіретін айқын. Бұның салдары қабылданған құжаттардың шашыраңқылығын, сонымен қатар, жасыл инвестицияларды реттеуде де жаңартылатын энергия көздеріне және көміртегі бейтарап технологияларға көшуді ынталандырудың айқын құқықтық тетіктері жетіспейдігін көрсетеді.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Экология кодексі елдегі заманауи қоршаған ортаны қорғау және климаттық реттеудің негізін қалаған негізгі құжат болып табылады. экология және климат саласындағы мемлекеттік басқару саласындағы реформаның бір бөлігіне айналды [248, б. 215-224].

Қорытындылай келе, біріншіден, арнайы климат туралы заң қабылдау қажет. Сондай-ақ, климаттық стратегиялар мен нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу кезінде қоғамдық консультациялар өткізу де маңызды.

Осы ретте, автор тарапынан «Климатты қорғау туралы» Заң жобасы ұсынылады (қосымша 1).

Аталған заң жобасының маңыздылығы ғылыми тұрғыдан көпқырлы және жүйелі сипатқа ие. «Климатты қорғау туралы» заң елімізде табиғи жүйелердің тұрақтылығын сақтауды және экономиканың ұзақ мерзімді тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, атмосферадағы радиациялық теңгерімді тұрақтандыруға, ғылыми дәлелденген бейімделу шараларын жүйелі түрде жүзеге асыруға, экожүйелік тұрақтылықты сақтауға, энергетика, өнеркәсіп және көлік секторларында декарбонизация саясатын іске асыруға, климаттық процестерді тұрақты бақылау (мониторинг), модельдеу және болжау жүйелерін дамытуға мүмкіндік береді деп сенеміз.

### **3.2 Климаттық қорғаудағы цифрлық трансформация және жасанды интеллект технологияларының рөлі мен тиімділігі**

Цифрлық технологиялар парниктік газдар шығарындылары тұрғысынан маңызды және тез өсетін сектор болып табылатынына қарамастан, олар орнықты дамудың және климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі іс-қимылдың негізгі факторлары ретінде теңдессіз мүмкіндіктер атап айтқанда, IoT, блокчейн және жасанды интеллект сияқты цифрлық технологиялардың конвергенциясы экономиканы декарбонизациялауды қолдау үшін маңызды мүмкіндіктер тудыруда.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында цифрландыру экономикамыздағы жүйелік мәселелерді шешудің бірі ретінде салықтық бақылауды толық цифрландыруды қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы жерлерінің, су ресурстарының, суару жүйелерінің және көлікке қолжетімділіктің жай-күйі туралы барлық ақпаратты бірыңғай цифрлық платформада шоғырландыру және 2023 жылдан бастап Цифрлық

отбасылық карта мен Әлеуметтік әмиянды енгізу міндеттерін белгілеген болатын [249].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында елімізде су саясатын жаңа бағытта жүргізу, трансшекаралық су пайдаланау мәселелерін оң шешу Үкіметтің маңызды міндеттері екенін баса атап көрсетті. Жолдауда берілген тапсырмалар аясында елімізде су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесі әзірленіп, 2026 жылға қарай жер үсті және жер асты сулары, гидроқұрылыстар, су қоймалары және басқа да деректер толық цифрландырылады деп күтілуде [250, б. 25-27].

Елімізде қоршаған ортаны қорғауды цифрландыру «Цифрлық Қазақстан» мемемлекеттік бағдарламасынан бастау алады. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы өнеркәсіпті, көлікті, логистиканы және ауыл шаруашылығын цифрландыру, электрондық коммерцияны және қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту, электрондық үкіметті дамыту, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік қызметтерді цифрландыру; цифрлық сауаттылық пен ақпараттық қауіпсіздікті жақсарту; инновациялық кәсіпкерлікті дамыту және Қазақстанда білімді көп қажет ететін өндірістің алғышарттары сияқты мақсаттар мен негізгі бағыттарды көрсетеді [251]. Негізгі басымдық мемлекеттік басқаруды цифрландыру және бірнеше негізгі салаларды қамтитын цифрлық, электрондық құжат айналымын енгізу болып табылады. Электрондық ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі электрондық үкімет, электрондық үкімет, электрондық қатысу және электрондық демократия әрекеттерінен көрінеді [252].

Қоршаған ортаны қорғауды цифрландыруда 2021 жылғы 2 қаңтардағы ҚР Экология кодексі маңызды рөл алады. Кодекске сәйкес, қоршаған ортаға зиян келтірілген жағдайда, табиғи ресурстарды пайдаланушылар енді қоршаған ортаны бастапқы қалпына келтіруге міндетті. Ауаның, судың және топырақтың ластану мәселесін шешу үшін өнеркәсіпте ең жақсы қолжетімді технологияларды енгізу көзделіп отыр [35].

Сондай-ақ, Экология кодексінде өнеркәсіптік кәсіпорындардың қоршаған ортаны ластағаны үшін жауапкершілігін арттыру, ең жақсы қолжетімді технологияларды енгізу шартымен І санаттағы нысандар үшін кешенді экологиялық рұқсат беруге көшу және «жасыл» қаржыландырудың анықтамасы, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды жақсарту, қоршаған ортаға теріс әсер ету деңгейін төмендету, энергия тиімділігін арттыру, энергияны үнемдеу, климаттың өзгеруінің салдарын азайтуға және климаттың өзгеруіне бейімделуге бағытталған бекітілген жіктеу көзделген. Сондай-ақ, қоршаған ортаға әсерді бағалауға (ҚОӘБ) қоғамның қатысуына ерекше назар аударылады. Атап айтқанда, назар шынымен экологиялық қауіпті нысандарға аударылады, ал қоғам енді бағалау процесінің барлық кезеңдеріне қатысуға құқылы болады. Қалдықтарды басқаруға қатысты қалдықтарды энергияға айналдыру технологиясын қолдана отырып,

қалдықтарды қайта өңдеу заңды түрде жүзеге асырылды, ал заңсыз қоқыс төгетін орындар санын азайту үшін қалдықтарды жинау көліктеріне GPS сенсорлары орнатылуы керек.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиевтің айтуынша, министрлік 2050 жылға дейінгі Қазақстанның төмен көміртекті даму тұжырымдамасын әзірлеуді бастады. Тұжырымдама парниктік газдар шығарындыларының төмендеуімен қатар экономикалық әртараптандыру траекториясын қамтамасыз етуге бағытталған [253].

Жаңа Экологиялық кодекс қалдықтарды кезең-кезеңімен басқаруға бағытталған қалдықтар иерархиясын қарастырады. Қалдықтардың классификациясы Еуропалық қалдықтар каталогымен сәйкестендірілген және қауіпті емес және қауіпті қалдықтардың тізімін қамтиды. Жаңа Экологиялық кодексте заңсыз қоқыс тастайтын жерлер туралы мәселені жүйелі түрде шешу үшін қоқыс шығаратын көліктерге GPS датчиктерін міндетті түрде орнату мәселесі қарастырылған [254, б. 45-57].

«Цифрлық экология» экология көптеген елдер үшін салыстырмалы түрде жаңа құбылыс. Цифрлық экология экологиялық құқықтық қатынастарды дамыту тек шығарындыларды азайтуға, қоршаған ортаның денсаулыққа теріс әсерінен халық арасындағы шығындарды азайтуға, табиғи ресурстарды пайдалануды ұтымды етуге және экологиялық қылмыстардың алдын алу бойынша алдын алу шараларын күшейтуге ықпал етеді [255, б. 122-125].

Қазақстан Республикасында 2026 жылдың 9 қаңтарында алғаш рет Цифрлық кодекс қабылданды [256]. Бұл кодексте цифрлық реттеуге негізгі тәсіл белгіленген: адам құқықтары, бостандықтары және сандық ортадағы заңды мүдделер ең жоғары құндылық ретінде танылады.

Оларды сақтау қағидаты цифрлық заңнаманың негізгі қағидаттарының қатарында айқын көрсетілген және мұндай құқықтарды кез келген шектеуге тек заңмен және тек конституциялық құрылымды, қоғамдық тәртіпті, басқалардың құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен адамгершілігін қорғау үшін қажетті дәрежеде ғана рұқсат етіледі.

Жалпы, цифрлық кодекс Қазақстандағы цифрлық конституционализмнің негізін құрайды - технологиялық даму адам құқықтарының басымдығына бағынатын, ал цифрлық трансформация заңды жауапкершілік пен есеп берумен қатар жүретін модель.

Цифрлық экожүйе - компанияның өзіндік және серіктес қызметтері ұсынылатын үздіксіз сандық орта. Цифрлық экожүйе жалпы алғанда бір-бірімен өзара әрекеттесетін және біртұтас желіні құрайтын ақпараттық жүйелердің, технологиялардың, ІТ өнімдерінің және қызметтердің кешені ретінде түсініледі. Бұл тұжырымдама дәстүрлі ІТ және бизнес инфрақұрылымынан тыс кеңейеді және соңғы клиенттерден, бұлттық есептеулерден, серверлерден және деректерді талдаудан бастап, жасанды интеллектпен жұмыс істейтін қосымшалар мен IoT сенсорларына дейінгі кең ауқымды элементтерді қамтиды [257, б. 123-129].

Тұрақты ауыл шаруашылығы өндірісіне арналған цифрлық экожүйелер - дәстүрлі ауыл шаруашылығы мүмкін емес немесе тиімсіз жерлерде жиі қолданылатын ауыл шаруашылығының инновациялық және танымал саласы. Цифрлық экожүйелер кешенді автоматтандыру шешімдерін алуға мүмкіндік береді [258, б. 38-48].

Енді құқықтық тұрғыдан зерттеген ғалымдардың көзқарастарын қарастырсақ, отандық зерттеуші Ережепқызы Роза «Правовое регулирование доступности общественной информации к экологической информации (сравнительный анализ национального и зарубежного законодательства)» атты диссертациялық жұмысында экологиялық ақпарат - бұл қоршаған ортаның және оның компоненттерінің жай-күйі туралы, тұтастай алғанда қоршаған ортаның, оның жекелеген компоненттерінің немесе элементтерінің, адам денсаулығының жай-күйін көрсететін тұлғалар, фактілер, оқиғалар, құбылыстар мен процестер, сондай-ақ қоршаған ортаға зиянды әсер ететін немесе әсер етуге қабілетті қызмет және оны қорғауға бағытталған шаралар туралы жиналған және өңделген мәліметтер мен деректер.

Осылайша, экологиялық ақпараттың мазмұны оны негізгі белгілері бойынша ақпараттық құқық институтының объектісі ретінде бағалауға мүмкіндік береді, бірақ экологиялық, әкімшілік, қылмыстық құқық шеңберінде көптеген ерекшеліктерге ие. Экологиялық ақпаратқа қол жеткізуге қатысты құқықтық жағдай азаматтардың экологиялық ақпаратқа қол жеткізуіне арналған заңнамалық базаны жетілдіру қажеттілігін көрсетеді [14].

Г.Т. Айгаринова, Д. Нұрмуханқызы, А.Т. Өзенбаева экологиялық ақпаратты цифрландыруды құқықтық реттеуде қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпараттық тетікті әзірлеу мен енгізудің негізгі бағыттары ретінде біріншіден, қоршаған орта туралы ақпаратқа қоршаған орта туралы ешқандай ақпарат кірмеуі керек екенін ескере отырып, цифрлық қоршаған орта туралы ақпарат ұғымын анықтауды, екіншіден, цифрлық экологиялық ақпараттық қатынастар субъектілерінің шеңберін белгілеуді, үшіншіден, цифрлық қоршаған орта туралы ақпаратты жинау, жинақтау, талдау және ұсыну механизмін жасауды, төртіншіден, цифрлық қоршаған орта туралы ақпаратпен жұмыс істеуге кешенді тәсілді қамтамасыз етуді, бесіншіден, цифрлық қоршаған орта туралы ақпараттың сенімділігінің критерийлерін анықтауды, алтыншыдан, қоршаған орта туралы ақпараттың ашықтығы қағидатын бекітуді ұсынады. Мұндай тетіктегі цифрлық технологиялар қойылған мақсаттарға жетудің шарты болып табылады [259, б. 6-13].

Л.Қ. Еркінбаева, Б. Қалымбек еңбектерінде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде Қазақстан Республикасында экологиялық ақпаратты цифрландырудың құқықтық негіздерін зерттеген, шешілмеген мәселелерді анықтап және елдің қолданыстағы заңнамасын жетілдіру жолдары ұсынады [260, б. 34-38].

Ал, ресейлік ғалым А.А. Попов экологиялық ақпаратты цифрландыруды іс жүзінде ақпараттық ресурстармен құқықтық реттеуді ұсынады. Азаматтардың экологиялық ақпаратқа құқықтарына жеткілікті құқықтық кепілдіктер жасау және экологиялық ақпаратқа тиімді қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін ұлттық деңгейде орталықтандырылған, жалпыға қолжетімді ақпараттық ресурстарды құру ұсынылады. Бұл ресурстар қазіргі уақытта Германияда жұмыс істейтін Portal-U бірыңғай ақпараттық жүйесінің (бұрынғы GEIN - Германияның экологиялық ақпарат желісі) тәжірибесіне негізделуі керек. Бұл бірыңғай, жан-жақты және үнемі жаңартылып отыратын ақпараттық ресурс барлық экологиялық тақырыптарды қамтиды және барлық интернет пайдаланушылары үшін қолжетімді [261].

И.Ю. Павлов азаматтардың ресми ақпаратқа қол жеткізу құқықтарын шектеудегі негізгі мәселелердің бірі - мемлекеттік құпиялар мен шектеулі ресми ақпаратқа қатысты қолданыстағы құқықтық нормалардың сәйкессіздігі деп түсіндіреді. Ол өз еңбегінде «қызметтік құпия» ұғымын қайта қарау және оны мемлекеттік құпия ретінде жіктелмеген, мемлекеттік орган немесе жергілікті өзін-өзі басқару органы алған, басқа адамдардың мүддесі үшін федералдық заңға сәйкес қол жеткізу шектелген ақпарат ретінде анықтауды ұсынады [262].

Жаворонкова Н.Г. мен Шпаковский Ю.Г. «Цифровизация в сфере экологической безопасности: административно-правовые аспекты» жұмысында экологиялық қауіпсіздік саласына цифрлық экономика технологияларын енгізу - бұл қайтымсыз процесс. Болып жатқан өзгерістердің ауқымын авторлар бүгінгі таңда дизруптивті инновацияларды қабылдаудың өткірлігімен түсіндіреді [263].

Қазақстан Республикасының Конституциясының 31- бабында көзделгендей мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды [2]. Бұл норма ақпараттық ресурстар мен қоршаған ортаға қатысты адам құқықтары арасындағы байланыстың маңыздылығын айқын көрсетеді.

Үлкен деректер (Big Data) кешенді құбылыс болып табылады. Оларды ақылға қонымды уақытта қолмен өңдеуге мүмкіндік бермейтін көп мөлшердегі әртүрлі көздердегі құрылымдалған және құрылымданбаған ақпарат ретінде түсінуге болады [264, б. 249-253.].

Үлкен деректердің перспективалары кеңейтілген талдаудың көмегімен өзара байланысты емес деректердің бар және/немесе жаңа массивтерін барынша пайдалануда қосымша құндылық табуға болатындығында. Ауаның ластануы туралы деректер сенсорларды пайдалану арқылы жиналады. Бұл деректер талданады, ауа сапасының визуализациялары жасалады және қоршаған ортаны қорғау қызметінің перспективалы бағыттары анықталады.

Big Data технологиялары көші-қон жануарлары мен құстарын қорғау үшін де қолданылады. Көші-қон және ұшу деректері аң аулауға рұқсат беру немесе тыйым салу туралы шешімдерді оңтайландыру үшін қолданылады.

Көші-қонды болжау алгоритмдері бұл процеске көмектеседі, осылайша антропогендік қауіптердің алдын алады [265].

Қоршаған ортаны қорғаудың негізгі құрамдас бөлігі - табиғи ресурстарды тиімді пайдалану. Big Data және олардың аналитикасы энергия мен суды тұтынуды азайтуға қатысты тиімдірек шешім қабылдауға ықпал етеді. Компаниялар ресурстарды шамадан тыс пайдалану салаларын анық бағалай алады.

Big Data технологиясы жаңартылатын энергия көздерін дамытуға көмектеседі. Үлкен деректерге негізделген алгоритмдер ауа райы жағдайларын талдайды, желдің жылдамдығын болжайды, ағып кетулердің алдын алады және су электр станцияларындағы су ағындарын басқарады, күн батареялары үшін оңтайлы бұрышты анықтайды және жаңартылатын энергия көздерін өндіру құрылғыларын орнату үшін тамаша географиялық орынды анықтайды.

БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау Ассамблеясы тұрақты болашаққа көшудегі және қоршаған ортаны қорғаудағы үлкен деректердің рөлін де атап өтті. Үлкен деректер нақты уақыт режимінде қоршаған ортаны бақылауды оңтайландыратыны айтылды. БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау Ассамблеясына қатысушылар қоршаған ортаны қорғау үшін үлкен деректерді енгізудің келесі бағыттарын анықтады:

- 1) қоршаған орта және климаттық деректерді жинау және жариялау;
- 2) қоршаған ортаға қауіптерді бағалау;
- 3) құзыретті органдардың нақты уақыт режимінде қоршаған ортаға қауіптерді бақылауы;
- 4) экономикалық мінез-құлық үлгілерін өзгерту үшін қоршаған ортаға әсер ететін деректерді цифрлық экономикаға біріктіру [266].

Қоршаған ортаны қорғау саласында Big Data-ны белсенді түрде енгізу нәтижесінде мемлекет қоршаған ортаны қорғау ережелерін жаңарта алады, осындай ережелердің сақталуын бақылай алады және қоршаған ортаның тұрақтылығын қамтамасыз ету жолдарын әзірлей алады.

Еуропа елдерінде тіпті қоршаған ортаны қорғау үшін жинақталған үлкен деректерге қатысты «жасыл деректер» термині пайда болды. Мұндай деректерді жасаудың бір моделі - Коперник жүйесі, ол ауа сапасын, климаттың өзгеруін (ғаламдық жылыну) есептеу және табиғи ресурстарды басқарудың тиімділігін арттыру, ауыл шаруашылығы және т.б. үшін Жерді спутниктік бақылауды пайдаланады. Коперниктен басқа, климаттың өзгеруінің алдын алуға арналған үлкен деректерге негізделген «Акведук», «Қауіп картасы», «Әлемдік орман өзгерісі» және басқа да халықаралық жобалар Еуропада кеңінен танымал [267].

Экология саласындағы құқыққа қарсы әрекеттерді және оған кінәлілерді анықтау арқылы қоршаған ортаны қорғау үшін Big Data көмегімен ормандардың кесілуін, қоршаған ортада көміртегінің төмендеуін болдырмау, жануарлар мен өсімдіктердің жойылып бара жатқан түрлерін

анықтау, браконьерліктің алдын алу үшін де үлкен деректер пайдаланылуы мүмкін

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, қоршаған ортаны қорғау үшін Big Data технологиясын белсенді пайдаланудың үлкен әлеуеті бар. Дегенмен, кез-келген ақпараттық технологияның қоршаған ортаға теріс әсерін ескеру қажет. Big Data қоршаған ортаға да теріс әсер етуі мүмкін. Мысалы, деректер орталықтары жоғары энергия тұтынуымен сипатталады және серверлерді, деректерді сақтауға, өңдеуге арналған жабдықтарды, бұлтты есептеулерді және кең инфрақұрылымды қамтиды. Мұндай инфрақұрылымда дизель генераторларын пайдалану парниктік газдар шығарындыларына әкеледі, бұл климатқа кері әсер етеді [268].

Қоршаған ортаны қорғау құқығына қатысты заңгер ғалымдар 2010 жылдан бастап Big Data технологиясының енгізілуімен қоршаған ортаны қорғау құқығының жаңа дәуірі басталғанын жарыса жазуда. Кез келген факторды нақты уақыт режимінде бақылау, кез келген деңгейдегі (халықаралықтан ұлттық деңгейге дейін) тәуекелдерді басқару және әсерлерді бақылау мүмкіндігінің арқасында қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заң шығарушылар барлық тәуекелдерді және бейімделген азайту стратегияларын анықтай алады [269].

Big Data дәуіріне дейін мұндай мүмкіндіктер заң шығарушылар үшін қолжетімсіз болды. Бұл әлеуетті жалпы тәуекелдер қоршаған ортаны қорғау құқығын әзірлеуде тікелей ескерілетін жеке тәуекелдерге жол беретіндігін көрсетеді. Мысалы, қоршаған ортаның теңгерімсіздігі мен аутизм, қант диабеті, зейін тапшылығының гиперактивтілігінің бұзылуы, қатерлі ісіктің кейбір түрлері және басқалары сияқты аурулар арасындағы айқын корреляцияларды анықтағаннан кейін, ғалымдар нақты халық топтары үшін тәуекелдерді ескере отырып, қоршаған ортаны қорғау заңнамасы үшін жекешелендірілген даму траекториясын жасауды ұсынады [270]. Үлкен деректер қоршаған ортаны қорғауды қоса алғанда, барлық салаларда, атап айтқанда, ауа сапасын жақсарту, жануарлар мен құстардың көші-қонын бақылау, ресурстарды пайдалануды азайту, энергияны үнемдеу

Цифрлық экономика бағдарламасын іске асыру шеңберінде экологиялық қауіпсіздік саласындағы басқару процестерінің сипаты мен құрылымы өзгереді, қандай да бір дағдылы рәсімдер кетіп, жасанды интеллектпен, роботтармен алмастырылады. Бұдан басқа, ақпараттың үлкен көлемін жинақтау киберқауіптердің көп болуына әкеледі. Және нормативтік құқықтық реттеу сияқты барлық туындайтын проблемалар тез арада шешуді талап етеді. Отандық ғалым А.Т. Өзенбаева цифрлық экономиканы дамыту шеңберінде экологиялық қауіпсіздік саласындағы құқықтық реттеуді жетілдіру бойынша басым шаралардың тұжырымдамасын әзірлеу және экологиялық қауіпсіздік саласындағы цифрландыруға кедергі келтіретін қолданыстағы негізгі заңнамалық шектеулердің тізбесін анықтап, оларды жою туралы ұсыныстарды негіздеу қажет деп санайды [271, б. 46-57].

Қазіргі кезеңде цифрландыру үдерісі экологиялық тұрақтылықпен тығыз байланысты. Осыған байланысты цифрлық кодекстің қоршаған ортаға ықпалын ғылыми тұрғыдан бағалау экологиялық саясаттың жаңа бағыты ретінде қарастырылады.

Жасанды интеллектке негізделген технологиялар қоршаған ортаны бақылау жүйелерін түбегейлі өзгертуде. Жасанды интеллекттің басты артықшылығы - деректердегі ауытқулар мен ұқсастықтар сияқты заңдылықтарды анықтау және бұл білімді болашақ нәтижелерді дәл болжау үшін пайдалану мүмкіндігі. Бұл жасанды интеллектті қоршаған ортаны бақылау және үкіметтерге, бизнеске және жеке тұлғаларға планета үшін пайдалы шешімдер қабылдауға көмектесу үшін алмастырылмайтын етуі мүмкін. Ол сондай-ақ тиімділікті арттыра алады. Мысалы, ЮНЕП мұнай-газ қондырғыларының климаттың өзгеруіне ықпал ететін парниктік газ - метан шығаратынын анықтау үшін жасанды интеллектті пайдаланады [272].

Климаттың өзгеруіне қарсы күрес адамзаттың басты міндеттерінің бірі болмаса да, оның өзектілігі күннен-күнге артуда. Климаттың өзгеруі салдары тек бір елмен шектелмей, бүкіл әлемді қамтып, ауа райының күрт өзгеруі, теңіз деңгейінің жоғарылауы және биоәртүрліліктің жойылуы сияқты табиғи факторлармен ұштасып жатыр. 2015 жылы Париж келісіміне қол қойылғаннан бері халықаралық қауымдастық парниктік газдар шығарындыларын азайту жолдарын белсенді- түрде іздестіріп келеді [273, 824].

Аталған жаһандық проблеманы шешу бағытында, климаттың өзгеруіне қарсы күресте жасанды интеллектті (ЖИ) пайдалану сияқты әртүрлі шаралар қолға алынуда. Жасанды интеллект бұл мәселедегі қазіргі ахуалды түбегейлі өзгертуге қабілетті.

Жасанды интеллект климаттың өзгеруін азайтудың өте тиімді құралы болу мүмкіндігіне ие. Мысалы, жасанды интеллектпен жабдықталған өздігінен жүретін көліктер 2050 жылға қарай шығарындыларды 50%-ға дейін азайтуы мүмкін, себебі олар ең тиімді бағыттарды анықтай алады. Бұл технология ауыл шаруашылығында да дақылдардың өнімділігін арттыру үшін қолданылады, мысалы, Үндістандағы жержаңғақ өсірушілер жасанды интеллектті пайдаланудың арқасында өнімділігін 30%-ға арттырған. Сондай-ақ, жасанды интеллект тропикалық ормандардағы табиғи апаттар мен ормандардың жойылуынан зардап шеккен аймақтарды анықтау үшін спутниктік дәлірек талдауға мүмкіндік береді. [274, 97].

Жасанды интеллект қоршаған ортаға әсерді бағалаудың тиімділігін арттырудағы, спутниктік суреттермен интеграциясы жерді пайдаланудағы, өсімдіктердегі, орман жамылғысындағы және табиғи апаттардың әсеріндегі өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді. Жасанды интеллектті деректердің үлкен көлемін талдау үшін пайдалану арқылы адамдар даму қызметінің қоршаған ортаға әсерін дәлірек болжайды және бағалай алады, сондай-ақ бұл әсерлерді азайту үшін тиісті азайту стратегияларын әзірлеу мүмкіндігі жоғары.

Флорида университетінің Левин атындағы заң колледжінің заң профессоры Э. Штайн ЖИ әдетте компьютерлердің сөйлеуді немесе бетті тану, табиғи тілді өңдеу сияқты нақты когнитивті тапсырмаларды орындаумен шектеледі. бірақ әлемді жан-жақты түсіну, қарапайым логика, шектеулі деректерден үйрену мүмкіндігі жетіспейді деп түсіндіреді [275, 180].

Е. Оңдашұлы өз зерттеуінде құқықтық жүйені цифрландыру екі тәсілді қолдану арқылы қарастырылады: біріншіден, ақпараттық құқық сияқты құқықтық институттың пайда болуы, екіншіден, құқықтық жүйенің өзін цифрландыру процесі. «Цифрландыру» ең алдымен онлайн қызметтерді, электрондық құқықтық дерекқорларды және басқа да байланысты технологияларды дамытуды білдіреді деп қарастырады [276, б. 48-52].

Жасанды интеллекттің сан алуан формалары бар. Символдық жасанды интеллект адам интеллектін жоғары деңгейлі символдар мен логикалық ережелерді пайдалана отырып, алгоритмдік түрде модельдейді. Ал, субсимволдық жасанды интеллект нақты ми функциялары мен ерекшеліктерін имитациялайтын қарапайым құрылымдық компоненттерден индуктивті интеллектуалды мінез-құлықты дәйекті өзін-өзі ұйымдастырумен синтездейтін немесе статистикалық әдіснамаларды қолданатын қарапайым сандық модельдерді қолдана отырып, адам интеллектін қайталауға бағытталған [277, 190].

Жасанды интеллект парниктік газдар шығарындыларын азайтуға, климаттың өзгеруінің әсеріне бейімделуге, энергияны пайдаланудың тиімділігіне, электр желілерінің жұмысын оңтайландыруға, неғұрлым энергия тиімді ғимараттарды жобалау және көлік жүйелерін жаңғыртуға, ауыл шаруашылығында шығарындыларды басқаруға және тұрақты болашаққа қарай көшуге едәуір көмек көрсете алады.

Трибхуван университетінің Непал заң колледжінің доценті Н. Чаудхари жасанды интеллектті қолданудың келесі салаларын атап өтеді: қоршаған ортаны бақылауды күшейту, ресурстарды тиімді пайдалануды арттыру және климаттың өзгеруіне бейімделу және оны азайту стратегияларын қолдау [278, 914].

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жасанды интеллекттің тағы бір әлеуетті артықшылығы - ресурстарды тиімді пайдалануды жақсарту мүмкіндігі болып табылады. Технологиялар тұтыну үлгілерін талдау, тиімсіздіктерді анықтау және оңтайлы шешімдерді ұсыну арқылы энергияны, суды және материалдарды пайдалануды оңтайландыра алады. Мысалы, жасанды интеллектпен жұмыс істейтін энергияны басқару жүйелері ауа райы жағдайларына және басқа факторларға негізделген энергияға деген сұранысты болжай және реттей алады, бұл энергия қалдықтары мен шығындарын азайтады. Интеллектуалды қуатпен жабдықтау жүйесіне қатысты жасанды интеллект әдістерінің толық әлеуеті жүктемені болжау, жүйенің тұрақтылығын бағалау, ақауларды анықтау және желі қауіпсіздігі міндеттерінде жүзеге асырылады [277, 193]. Жасанды интеллект

алгоритмдері ауыл шаруашылығында су шығынын азайту және дақылдардың жоғалу қаупін азайту үшін суару кестелерін оңтайландыра алады.

Жасанды интеллект климаттың өзгеруіне бейімделу және оның зардаптарын жұмсарту стратегияларын қолдауға қабілетті, әр түрлі іс-шаралардың ықтимал зардаптары мен тиімділігі туралы деректерге негізделген ақпарат береді. Бұл саладағы әлеуетті қолданыстарға, мысалы, әртүрлі климаттық сценарийлерді модельдеу және экожүйелерге, инфрақұрылымға және халыққа әсерін болжау үшін жасанды интеллектпен жұмыс істейтін климаттық модельдерді пайдалану жатады. Бұл ақпаратты бөгеттер, жасыл инфрақұрылым және апаттарға дайындық жоспарлары сияқты бейімделу шараларын әзірлеу және бағалау үшін пайдалануға болады. Сол сияқты, жасанды интеллект энергия тұтыну, шығарындылар және қалдықтардың пайда болуы туралы деректерді талдау және ең тиімді шешімдерді ұсыну арқылы жаңартылатын энергия көздерін енгізу және қалдықтарды азайту сияқты азайту стратегияларын қолдай алады [279, 97].

Климатты қорғауды қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі бағыты болып табылады. Қазақстан айтарлықтай табиғи-ресурстық әлеуетке ие бола отырып, гидросфера мен атмосфералық ресурстардың ластануы мен сарқылуынан туындайтын қиындықтарға тап болады. Өнеркәсіптік дамудың жоғары деңгейі, халық санының өсуі және климаттың өзгеруі шұғыл және тиімді шешімдерді қажет ететін елеулі экологиялық мәселелерді тудырады. Осыған байланысты қоршаған ортаны қорғау нормалары мен стандарттарының, қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың денсаулығын сақтаудың сақталуын қамтамасыз ету үшін тиімді құқықтық тетіктері өте маңызды.

Жаңа заңдар мен ережелерді қабылдау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау стандарттарының сақталуын бақылау мен қадағалаудың қолданыстағы тетіктерін жетілдіру тұрақты дамуға қол жеткізу және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін маңызды міндетке айналуға [280]. Осы мәселелерге жүйелі және интеграцияланған тәсіл климатты қорғаудың неғұрлым орнықты моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде экологиялық стандарттардың сақталуын және халықтың денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді.

Ғ. Ахмет., Д.Н. Бекежанов, Г.К. Копбасарова климаттың өзгеруіне бейімделуін анықтайтын белгілері сандық технологияларды пайдалану арқылы жүзеге асырылу керек және Қазақстан Республикасының «Климат салаларын цифрландыру» тұжырымдамасын қабылдау қажет деп дұрыс ұстаным білдіреді. Аталған тұжырымдама мынандай бағыттарды қамтуы тиіс:

1. Климатты қорғау туралы ақпаратты цифрландыру алгоритмін енгізу.
2. Климаттың өзгерістері туралы деректер түрлерін кеңейту және деректерді басқару және тарату үшін ақпарат иелерінің инфрақұрылымын жақсарту және жаңа қосымшалар дайындау.

3. Климатты қорғау процестерді жетілдіру, цифрландыру жұмыстарын кешенді ұйымдастыру.

4. Климатты қорғау бойынша сандық сауаттылықты арттыру және пайдаланушылардың кері байланысын жақсарту.

5. Климатты қорғау табиғат қорғау функцияларын орындайтын және ұқсас қызметтер көрсететін мемлекеттік органдардың цифрлық трансформация процесін жүргізуін қамтамасыз ету.

6. Климатты қорғау мемлекеттік қызмет түрі ретінде енгізу.

7. Ақпараттық қамтамасыз ету және цифрлық экономиканың негізгі компоненттерін түрлендіру үшін климаттық жағдайын, климат туралы деректерді, аналитика мен нормаларды интеграциялауды жеделдету және қолдану.

8. Климатты қорғау саласын жаңа технологияларды енгізу.

9. Қоршаған ортаны экологиялық бақылаудың есептілігі автоматтандыру. Бұл аналитиканы цифрландыруға және деректердің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

10. Климатты қорғау саласын цифрландыруда бірыңғай үйлестіру орталығын құру және оның жұмыс істеуі үшін арнайы мамандардың болуы қажет.

11. Климатты қорғау қызметтерді цифрлық экожүйеге сапалы интеграциялау үшін қажетті бірыңғай технологиялық платформа әзірлеу [281, б. 115-122].

Қазақстан Республикасындағы климатты қорғау жүйесіндегі негізгі мәселелердің бірі - қолданыстағы заңнаманың бірізділігі мен кешенділігінің болмауы. Құқықтық реттеуді оңтайландыру үшін бірқатар нақты шаралар қажет.

Сондай-ақ атмосфераға ластаушы заттардың неғұрлым қатаң стандарттары мен миссияларын енгізу және сарқынды суларды ағызу мүмкіндіктерін қарау маңызды аспект болып табылады, бұл ластану деңгейін айтарлықтай төмендетуге және халықтың денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Тұрақты экологиялық стандарттарды белгілеу қоршаған ортаның сапасын жақсарту жолындағы маңызды қадам болып табылады, бұл серпінді дамып келе жатқан өнеркәсіп пен өндірістік қызмет көлемінің өсуі жағдайында әсіресе маңызды.

Қатаң стандарттарды енгізу атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының және сарқынды суларды ағызудың неғұрлым қатаң стандарттарын жүргізу ластану деңгейін төмендетуге және азаматтардың денсаулығын қорғауға көмектесіп қана қоймай, болашақ ұрпақ үшін таза және қауіпсіз болашақты қамтамасыз етуге негіз қалайды.

Табиғи ресурстарды сақтау мен ұтымды пайдалануды жеңілдетудің негізгі тетігі - оларды пайдалануды есепке алу және бақылаудың барлық процестерін автоматтандыру. Су ресурстарын есепке алуды цифрландыру, ғарыштық жер мониторингі технологияларын енгізу, ауа сапасын автоматтандырылған бақылау және кейіннен жасанды интеллект арқылы

жиналған деректерді талдау - мұның бәрі адами фактор мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған, бұл өз кезегінде қазіргі экологиялық жағдайды айтарлықтай жақсарты алады [282].

Климаттың өзгеруі, атмосфера мен гидросфераның ластануы және биоәртүрліліктің жоғалуы сияқты экологиялық қиындықтар ұлттық шекараларды құрметтемейді. Бұл мемлекеттердің халықаралық деңгейде қоршаған ортаның жағдайын жақсартуға бағытталған тиімді шешімдер мен стратегияларды әзірлеу бойынша үйлестірілген күш-жігерін талап етеді [283].

Қазақстан Республикасында климатты қорғауды, жалпы қоршаған ортаны қорғаудың әкімшілік және құқықтық тетіктерін жетілдіру елдің тұрақты даму стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады. Ұсынылған ұсыныстарды қабылдау азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартып, болашақ ұрпақ үшін табиғи ресурстарды сақтайды деп сенеміз. Қоршаған ортаны тиімді қорғау мемлекеттің, бизнестің және қоғамның бірлескен күш-жігерін қажет етеді және тек осындай серіктестік арқылы ғана тұрақты нәтижелерге қол жеткізуге болады [284, б. 91-93.].

Жоғарыда атап өткеніміздей, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы да парниктік газдардың шығарындыларын шектеу және саудалау, мониторинг, есеп беру және тексеру (MRV) процедураларымен қатар жүретін шектеу және сауда моделін қолданады және біртіндеп ETS қамтуын жаңа салаларға кеңейтуде.

Дегенмен, Қытайда орталықтандырылған басқару, дамыған цифрлық инфрақұрылым және берік нормативтік база бар әлемдегі ең ірі ETS жүйесі бар болса, ал Қазақстан жүйесі аймақтық ауқымға ие, аз стандартталған және автоматтандырылмаған.

Елімізде цифрлық инфрақұрылымды дамыту және автоматтандыру ерекше маңызды болып табылады. Климаттық қорғаудағы цифрлық трансформация және жасанды интеллект технологияларының рөлін зерттей келе, климаттың антропогендік өзгерістеріне себеп болатын субъектілерге қатысты құқықтық жауапкершілік шараларын күшейту мәселесі өзекті болып табылады.

Осы ретте, келесідей бірнеше ұсыныстар беріледі: біріншіден, климатты қорғаудың негізгі компоненттері саналатын су, орман, жер, атмосфералық ауаның ластануы, өнеркәсіптік шығарындылар, заңсыз ағаш кесу, адамдардың кез-келген жерге қоқыс тастауын яғни қоршаған ортаны бұзушылықтарды тіркеп, бақылау үшін «Clean Control KZ» мобильді қосымшасын орнату қажет.

«Clean Control KZ» қосымшасы - қоршаған ортаны бақылаудың жалпы тиімділігін арттыруға бағытталған заманауи ақпараттық технологияларды интеграциялауға негізделген платформа. Бұл платформа пайдаланушыларға ақпарат уақыт пен геолокацияны қоса алғанда, метадеректермен автоматты түрде ескертіледі, бұл сенімді дәлелдерді қамтамасыз етеді. Шағымдарды есепке алудың интеграцияланған жүйесі пайдаланушыларға қандай да бір

экологиялық құқық бұзушылықтар туралы тиісті мемлекеттік органдарға тікелей хабарлауға мүмкіндік береді және платформа аймақтар бойынша экологиялық құқық бұзушылықтар туралы статистикаға ашық қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Екіншіден, ауа, су және топырақ сапасын мониторингілеу үшін «смарт» датчиктер желісін енгізу деректерді нақты уақыт режимінде жинауға мүмкіндік береді. Азаматтар қолданыстағы экологиялық нормалардан асып кеткен жағдайда хабарлама ала алады.

Табиғатқа зиян келтіру анықталған анықталған жағдайда жүйе Экологиялық кодексте көзделген «ластаушы төлейді» қағидасына сәйкес құқық бұзушы компанияларға автоматты түрде айыппұл салады. Бұл айыппұл санкцияларының сақталуын қамтамасыз етеді. Автоматты айыппұлдар мен деректердің ашықтығы компаниялар мен мемлекеттік органдардың экологиялық стандарттарды сақтау жауапкершілігін арттырады. Жұртшылықтың экологиялық жағдай туралы деректерге қол жеткізуі азаматтардың «жасыл» санасын қалыптастыруға ықпал ететін болады. Инновациялық технологияларды енгізу экологиялық таза технологияларды дамытуға инвестициялар тартуға мүмкіндік береді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық зерттеуде Қазақстан Республикасында климатты қорғаудың теориялық құқықтық мәселелерін, мемлекеттік құқықтық тетіктері мен цифрлық трансформациясы жағдайында климатты қорғауды құқықтық реттеу, шет мемлекеттерінің заңнамасы мен тәжірибесіне салыстырмалы талдау жасалынып қорытынды тұжырымдармен ұсыныстар келтірілді. Сол себептен де осы зерттеуді климатты қорғауды құқықтық қамтамасыз ету бойынша ұлттық құқық жүйесінің дамуында өзіндік үлесі бар аяқталған жұмыс деп тануға болады.

Жүргізілген зерттеу барысында келесідей нәтижелерге қол жеткізілді :

- климаттың экологиялық құқықтық мәні мен мазмұнына зерттеу жүргізілді;
- Қазақстан Республикасында климатты қорғаудың құқықтық қағидаларының мәнін анықталды;
- Қазақстан Республикасы климатты қорғау заңнамасының қалыптасуы мен дамуын талданды;
- Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына халықаралық климаттық міндеттемелерді имплементациялаудың құқықтық тетіктері мен мәселелерін зерттелді;
- климатты қорғауды мемлекеттік реттеудің түсінігі мен бағытарын анықталды;
- Қазақстан Республикасы климатты қорғау саласындағы мемлекеттік органдардың жүйесі мен қызметін қарастырылды;
- климатты қорғаудың құқықтық модельдерінің мәселелеріне талдау жүргізілді;
- Қазақстан Республикасының климаттық міндеттемелерін орындауда көміртегі нарығын құқықтық реттеу мәселелерін зерделенді;
- климатты қорғау саласындағы шет мемлекеттердің заңнамалары мен тәжірибелеріне салыстырмалы талдау жүргізілді;
- климаттық қорғаудағы цифрлық трансформация және жасанды интеллект технологияларының рөлі мен тиімділігін анықталды.

Осы аталған нәтижелер келесі қорытындыларды жасауға негіз болады.

